

ISSN 2079-9330



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

№2 (34) 2016





АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ

Үш айда бір рет шығатын

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

2010 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

2 (34) 2016

(сәуір-маусым)

2

БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПІРӘЛИЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА академигі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары;

Сейсенбаева Ж.А. Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директорының орынбасары, ф.ғ.к., жауапты редактор;

Айдемір Окай - Ыстамбұл университетінің байланыс факультетінің деканы, профессор;

Әлмұхамбетов Б.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, «Өнер, мәдениет және спорт» институтының директоры, пед.ғ.д., профессор;

Байсабаев Б.А. - ф.ғ.к., Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің доценті

Бейсенова Ә.С. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» жетекшісі, геогр.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Бөлеев Қ - Тараз инновациялық – гуманитарлық университетінің «Бастауышта оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының профессоры, пед.ғ.д.

Ғаббасов С. - жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық Нострадамус атындағы академияның толық мүшесі - академик.

Есполов Т.И. – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Исамидинов И.Ч. – Жүсіп Баласағұн ат. Қырғыз ұлттық университетінің ректоры, пед.ғ.д., профессор;

Иманбаева С.Т. - Абай ат. ҚазҰПУ, «Мәңгілік ел және өзін – өзі тану» кафедрасының пед.ғ.д., профессоры;

Кирабаев С.С. - ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Мардахәев Л.В. - Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің «Әлеуметтік және отбасы педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Михайлова Н.Б. - пс.ғ.к., доцент, Халықаралық білім және ғылыми ақпараттандыру орталығының директоры (Германия);

Молдабеков Ж.Ж. - филос.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ «Дінтану және мәдениеттану» кафедрасының профессоры;

Мұтанов Ғ.М. - әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, тех.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нәрібаев К.Н. - ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нөкетаева Д.Ж. - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, пед.ғ.к.;

Сманов Б.Ө. - Абай ат. ҚазҰПУ–дің аппарат жетекшісі, пед.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Халықаралық педагогикалық білім беру (Ресей) және Халықаралық Айтматов (Қырғызстан) академияларының академигі;

Шаханова Р.Ә. - Абай ат. ҚазҰПУ, Филология институтының «Филология пәндерін оқыту әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

**Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
академик НАН РК**

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. - директор НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, Заслуженный работник высшей школы РК, профессор, первый заместитель главного редактора;

Сейсенбаева Ж.А. - зам. директора НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, к.ф.н., ответственный редактор;

Айдемир Окай - декан факультета связи университета Стамбул, профессор;

Альмухамбетов Б.А. - директор института Искусства, культуры и спорта КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Байсабаев Б.А. - к.ф.н., доцент Кыргызского Национального университета им. Ж.Баласагуна;

Бейсенова А.С. - руководитель научно-методического центра по географии и экологии КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, академик НАН РК;

Болеев К. - д.п.н., профессор кафедры «Начальное образование и изобразительное искусство» Таразского инновационного гуманитарного университета

Габбасов С. - писатель, Заслуженный работник здравоохранения КСРО, доктор медицинских и педагогических наук, профессор, Заслуженный деятель Республики Казахстан, действительный член Международной академии имени Нострадамуса, академик.

Есполов Т.И. - ректор Казахского национального аграрного университета, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Исамидинов И.Ч. - ректор Кыргызского национального университета имени Ж.Баласагуна, д.пед.н., профессор;

Иманбаева С.Т. - профессор кафедры «Мангилик ел и самопознания» КазНПУ им. Абая, д.пед.н.;

Кирабаев С.С. - д.ф.н., профессор, академик НАН РК;

Мардахаев Л.В. - заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики Российского государственного социального университета, д.пед.н., профессор;

Михайлова Н.Б. - директор центра международного образования и научной информатизации (Германия), к.пс.н., доцент;

Молдабеков Ж.Ж. - профессор кафедры религиоведения культурологии КазНУ им. Аль-Фараби, д.филос.н.;

Мутанов Г.М. - ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, д.тех.н., профессор, академик НАН РК;

Нарибаев К.Н. - зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Нукетаева Д.Ж. - ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, к.пед.н.;

Сманов Б.О. - руководитель аппарата Казахского национального педагогического университета имени Абая, д.пед.н., профессор, член-корреспондент НАН РК, академик Международной академии наук педагогического образования (Россия), Международной Айтматовской академии (Кыргызская Республика);

Шаханова Р.А. - д.п.н. профессор, зав кафедрой «Методика преподавание филологических дисциплин» института филологии КазНПУ им. Абая

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. - the director of scientific research institute of Intellectual Formation nation of KazNPU named after Abai, the deserved worker of the higher school of the RK, the professor, first deputy chief editor;

Seysenbaeva ZhA. - the deputy director of scientific research institute of Intellectual Formation Nation of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor;

Aydemir Okay - dean of the Faculty of Communications Istanbul University, the professor;

Almukhambetov B.A. - the director of Art, Culture and Sport Institute of the Abai KazNPU, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of the Altynsarin National Knowledge Academy;

Baisabaev BA. - the candidate of philological science, the docent Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn;

Beysenova A.S. - the chair of sud department «the scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK;

Boleev K. - doctor of pedagogical sciences, professor chair of Primary education and fine art Taraz innovation and – humanitarian university

Gabbasov C. - the writer, the deserved worker of public health services KSRO, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor, honored doer of the republic of Kazakhstyan, the member of the Nostradamus International Academy, academician.

Espolov T.I. - the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of the NAS RK;

Isamidinov I.Ch. - rektor of Kyrgyz National University named by Zh.Balasagyn, doctor of pedagogical sciences;

Imanbaeva S.T - Head of the Department of «Mangilik yel and self-cognition» of the Abay KazNPU, the doctor of pedagogical sciences, the professor;

Kirabaev S.S. - the doctor of philology, the academician of the NAS RK;

Mardahaev L.V. - Head of the Department of Social and Family Pedagogy of the Russian State Social University, doctor of pedagogical sciences, professor;

Mikhailova N.B. - Ph.D., Associate Professor, Director, Center for International Education and Information Science (Germany);

Moldabekov Zh.Zh. - the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair «Religious and Cultural Studies» of KazNU named after Al-Farabi;

Mutanov G.M. - the rector of the Kazakh National University named after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor, academician of the NAS RK;

Naribaev K.N. - vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor, academician of the NAS RK;

Nuketaeva D.Zh. - rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences;

Smanov B.U. - head of the office of the Kazakh national pedagogical university of a name of Abay, doctor of pedagogical sciences, professor, corresponding member of National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, academician of the International academy of Sciences of pedagogical education (Russia), International Aytmatovsky academy (Kyrgyz Republic);

Shahanova R.A. - doctor of philological sciences, professor. Chair of methods of teaching philological disciplines. Head of the clair of KazNPU named after Abay.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың 4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2016



«Мен ауызбіршіліктен айнымайтын ақжүрек жұртымның қуатты ұлтқа, шуақты ұлысқа айналарына кәміл сенемін. Бұл жолда біздің ең басты құндылығымыз - берекелі бірлігіміз»

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың
2012 жылғы Қазақстан халқына Жолдауынан**

ӘОЖ 3.37.37.01.

М.А.Нуриев

Абай атындағы ҚазҰПУ

*Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры
т.ғ.к., профессор, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер*

Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері

Ж.А. Сейсенбаева

Абай атындағы ҚазҰПУ

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директордың орынбасары

Филология ғылымдарының кандидаты

Ы.Алтынсарин атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері

А.Е. Садыкова

Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ-ның expertі, педагогика ғылымдарының магистрі, Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері

Д.М. Советканова

Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ-ның expertі, педагогика ғылымдарының магистрі

Ж.Б. Қдыралиева

Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ-ның expertі, гуманитарлық ғылымдар магистрі

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ – МӘҢГІЛІК ЕЛ ТҰҒЫРЫ!

Бұл ғылыми мақала «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының өзектілігі мен қажеттілігі жайлы жазылған. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтары жан-жақты ашылып, зерделенген.

Ол құндылықтар: ұлттық руханиятымыздың өзегі – *мемлекеттік тілмәртебесіне ие қазақ тілі*. Мемлекеттік тіл – азаматтық сәйкестіктің басты нышандарының бірі. Ана тілді көтерумен қоса өзекті болып отырған «*Үш тұғырлы тіл*» идеясын да қолдауымыз қажет. Елдің өзіндік ерекшеліктері мен тарихи тағдыры ескерілуі қажет. Қазақи рухы биік ұлттық идеяның қалыптасуында *тарих пен мәдениет, ұлттық діліне негізделген әлеуметтік тәжірибелердің маңызы зор*. Мәңгілік ел болуға жетелейтін бағыттардың бірі – *дін*. Ислам діні насихаттан тұратындығында еш талас жоқ. Ал бүгінгі күні жалпы жұртшылық дәстүрлі дінімізден сусындап, хабар алуы тиіс. Себебі, қазіргі күндегі әртүрлі діни ағымдардың жетегінде кетіп, ұлттық дәстүр мен салт-санасынан айырылып, мәңгіртеніп бара жатқан жастарымыздың қатарының өсуі елді алаңдатууда. Сол себепті, мұндай адасуға жол берілмеуі үшін, ең алдымен тұлғаның ой-санасы таза болу керек. Бұл тұрғыда адамгершілік, байсалдылық және шектеулік, ізгілік сияқты аса жоғары құндылықтарға негізделген ислам шариғатының атқаратын рөлі жоғары. Қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Бұл дегеніміз жаңа жаһандық демократиялық құндылықтардан бас тартпай, осы жаңашылдықты қалыптастыруда қазақтың дәстүрлі құндылықтарын жаңғырта отырып, ұлттық қорға, яғни, *ұлттық тәрбиемізге сүйену*. Қашан да мемлекет алдыменен адамның кісілік қасиеттеріне, тұлғалық құндылықтарға мұқтаж. Кісілік қасиеттері дегеніміз түсінік, адамгершілік, білімділік, табандылық, адалдық. Тұлғалық құндылықтар ол *мемлекеттің*

мұддесі, тілі мен діні, тарихы мен мәдениеті, даналығы мен өнері, ғылымы және білімі. Осы құндылық көздері адамның қасиетімен, адамгершілік рухымен келетін дүние. Елдің тәуелсіздігі, тәуелсіздіктің мәңгі әрі баянды болуы адамның ұлттық қасиеттеріне негізделген сол елдің әдебиеті мен білімдік әрі ғылыми құндылықтарда.

Түйін сөздер: *«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы, құндылықтар, мемлекеттік тіл мәртебесі, отан тарихы, мәдениет пен әдебиет, ұлттық діл, ұлттық тәрбие, ғылым, білім.*

Данная статья посвящена национальной идеи «Мәңгілік Ел». Рассмотрены все пути реализации данной программы, о значении в воспитании будущего поколения «Мәңгілік Ел». Воспитание казахстанского патриотизма является неотъемлемой частью сохранения духовности и культуры народа.

Язык - это ключевое явление культуры, вероятно, главный механизм национального единения, инструмент возникновения и воспроизводства нации как социальной структуры. В конечном счете, язык - это стержень национального государства. И поэтому вопрос о языке оказывается не только культурным, но и политическим.

Говоря о развитии трехязычия в Казахстане следует отметить, что поставленная цель, имеет не только культурный и образовательный характер, но и политический. В Море, практически, не осталось тех стран, где проживают представители только одного этноса. Усиление глобализации и возможность свободного и относительно беспрепятственного передвижения стимулирует рост миграции населения из одной страны в другую.

Для казахстанцев идея триединства языков особенно важна, поскольку сформулирована была Главой государства как ответ на вызов времени, как решение насущной жизненной потребности общества, активно интегрирующегося в глобальный мир. Интеграция Казахстана в мировое сообщество зависит сегодня от осознания и реализации простой истины: мир открыт тому, кто сможет овладеть новыми знаниями через овладение доминирующими языками. Благодаря инициативе Президента наше государство приступило к реализации концепции полиязычия в образовании, потому что именно полиязычие послужит укреплению конкурентоспособности Казахстана и усилению межэтнического согласия.

В данной статье рассматриваются проблемы патриотизма и религии, которые на сегодняшний день становятся все более актуальными. Патриотизм является нравственной основой жизнеспособности государства и выступает в качестве важного внутреннего мобилизующего ресурса развития общества, активной гражданской позиции, готовности служению Отечеству. Вместе с тем, рассматривается вопрос о межконфессиональном диалоге, толерантности как главных принципах патриотического воспитания молодежи.

Ключевые слова: Национальная идея «Мәңгілік Ел», ценности, история страны, наука, образование, культура, литература, менталитет, национальное воспитание.

This article is devoted national idea «Mangilik El». All ways of implementation of this program, about value in education of future generation «Mangilik El» are considered. Education of the Kazakhstan patriotism is an integral part of preservation of spirituality and culture of the people.

Language is a key phenomenon of culture probably the main mechanism of a national unification, the instrument of emergence and reproduction of the nation as social structure. Eventually, language is a core of the national state. And therefore the question of language is not only cultural, but also political.

Speaking about development a trekhjyazychiya in Kazakhstan it should be noted that the goal, has not only cultural and educational character, but also political. In the World there is, practically, no those country left where representatives only of one ethnos live. Strengthening of globalization and a possibility of free and rather free movement stimulates growth of population shift from one country in another.

The idea of trinity of languages is especially important for Kazakhstan citizens as it has been formulated by the Head of state as the answer to time call, as the solution of pressing vital need of the society which is actively integrated into the global world. Integration of Kazakhstan into the world community depends on understanding and realization of simple truth today: the world is opened for the one who will be able to seize new knowledge through acquisition of the dominating languages. Thanks to the President's initiative our state has started implementation of the concept of a multilingualism in education because the multilingualism will serve strengthening of competitiveness of Kazakhstan and strengthening of an interethnic consent.

In this article problems of patriotism and religion which become more and more actual today are considered. Patriotism is a moral basis of viability of the state and acts as the important internal mobilizing resource of development of society, an active civic stand, readiness to service to the Fatherland. At the same time, the question of interfaith dialogue, tolerance as the main principles of patriotic education of youth is considered.

Keywords: National idea «Mangiliik El», values, country history, science, education, culture, literature, mentality, national education.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты кезекті Жолдауында [1] болашағымызға бағдар етіп, ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін «Мәңгілік Ел» идеясын көтерді. Қазақ елінің барлық азаматтарына алты үлкен міндет артты. *Біріншіден*, артымыздан еріп келе жатқан ұрпақтың жат жұртта емес, өз еліңде өсіп, өмір сүруге құмартуын арттыру, соған жағдайлар жасау, туған жерінің иесі екендігін сіңдіру. *Екіншіден*, барлық этностар құқықтарының теңдігін сақтау. *Үшіншіден*, қазақ тілі мен үштұғырлы тіл саясаты. Елбасы қазақ тілі біздің рухани негізіміз екенін, еліміздің болашағы қазақ тілінде екенін, қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді «Қазақ мемлекеті» деп атай алатынымызды атап өтті. *Төртіншіден*, мәдениет, дәстүр және даралық. Елбасы қазақтың күрделі мәселелерін ашық айтып, ішкі тұтастықты бұзуға дәмеленген рушылдық, жершілдік секілді алып-қашпа әңгімеден бойды алыс ұстауға шақырды. Қарға тамырлы қазақтың түбі бір екенін әрқашан есте ұстау керек. *Бесіншіден*, ұлттық интеллигенцияның рөлі. *Алтыншыдан*, ХХІ ғасыр-

дағы Қазақстандағы дін туралы ойлану керек екендігін атап көрсетті. Аталмыш тәрбиелік білім барлық оқу орындарында қамтылуы қажет екендігін нақтылады.


«Мәңгілік Ел» – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. «Мәңгілік Ел» сөзінің терең тарихи тамыры және үлкен мағыналы мәні бар. Түрік шежіресінде «мәңгі» сөзі «Тәңір», «Құдай», «Алла» сөздерімен мағыналас қолданылды. Осыдан кейін, «Мәңгілік Ел» «Алла Тағаланың елі, халқы» дегенді білдіреді және мемлекет пен ұлттың уақытпен шектелмеген тұмары болады деуге толық негіз бар. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні – мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті. Бұл жердегі ұлттық идея – ұлтты тұтастыратын тетік қана болып қоймай, қазіргі таңдағы жаппай ғаламдастыру атты «аждаһаның» жұтқыншағынан басы бүтін жұтылып кетпеден сақтап қалатын күш те болуы тиіс. Мұндағы басты міндет – сырттан келетін рухани және материалдық құндылықтарды сараптап-саралап, елеп-екшей алумен бірге, өзіміздегі рухани және мате-

ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

риалдық құндылықтарды сыртқа шығаруда да өзіндік кескін-келбет, мазмұн-мән, сапалық-сандық қалыптарды арттыруымыз керек. Демек, ішкі-сыртқы саясатта да, эко-

номикалық-мәдениеттік, қоғамдық тыныс-тіршілікте де өздерімізді өзгелермен ашық бәсекелестікке түсе алатын мемлекет болып қалыптастыруымыз керек.

Осыған орай, біз «Мәңгілік ел» идеясы төмендегідей негізгі ұғымдардан тұру керек деп ойлаймыз (1-тірек-сызбаға қараңыз):



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ


Ал ұлттық идеяны берік орнықтыру үшін (2-тірек-сызбаны қараңыз):

- Біріншіден, дүниетаным, құндылық бағдарды, рухани дамуы мен адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыру;
- Екіншіден, мемлекет дамуының ішкі және сыртқы қатынастарының бағыт-бағдарын, саясатын орнықтыру;

- Үшіншіден, барлық этностар құқықтарын құрметтеу, яғни, барлық ұлтқа ортақ мүдде, ел бірлігі мен тыныштығын сақтау;

- Төртіншіден, білім мен тәрбие беру;

- Бесіншіден, еңбек машығын дағдыландыруымыз керек.



Сонда ғана барып:

экономикасы тұрақталған
этностық тұтастығы сақталған
саяси беріктікігі мығым
діни және рухани,
мәдени пәрменділік пен
үйлесімділік орнаған

ӨРКЕНИЕТТІ ҚОҒАМ құратын боламыз

Әр адамның және жалпы қоғамның алдында нақты айшықталған арман мен мұрат болуы керек, соған қарай қоғам біріге алға ұмтылады. Мұнда басты орынға экономикалық құндылықтар шығып кетпей, негізгі мақсат адамның *рухани құндылықтары* ретінде танылуы тиіс. Бүгінгі күні ол арман қазақ халқының мүддесі мен ұлттық ерекшеліктерін негізге алған, біртұтас Қазақстан халқы болып басы біріккен, қоғаммен өзара жауапкершілікте болатын кәсіби мемлекетте өмір сүретін жеке адамның өз мүмкіндігіне сай жетістікке қол жеткізе алуын қамтамасыз ете алатын өркениетті қоғам құру идеясы болуы тиіс. Мұндағы басты акцент даралыққа емес қоғамдық мүддеге сай өмір сүруге жасалынуы қажет.

Ол үшін, біріншіден – ел бірлігі; екіншіден – экономиканың бәсекеге қабілеттілігі; үшіншіден – интеллектуалдық жасампаз қоғам; төртіншіден – өркениетті мемлекет тұғырларына негізделуі тиіс.

Елбасымыз көтерген ұлт болашағына негізделген «Мәңгілік Ел» идеясы тарихтан алшақ кетпейді, бүгінгі уақыт талабына сай *тарихи танымдық, ұлттық деңгейдегі мәдени құндылықтарға ие, саяси бағыты терең ұғым. Олай болса, «Мәңгілік елдің» ұлттық құндылықтары төмендегідей болып келеді:*

- *Ұлттық руханиятымыздың өзегі – мемлекеттік тілмәртебесіне ие қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – азаматтық сәйкестіктің басты нышандарының бірі. Ана тілді көтерумен қоса өзекті болып отырған «Үш тұғырлы тіл» идеясын да қолдауымыз қажет.*

- *Елдің өзіндік ерекшеліктері мен тарихи тағдыры ескерілуі қажет. Қазақи рухы биік ұлттық идеяның қалыптасуында тарих пен мәдениет, ұлттық діліне негізделген әлеуметтік тәжірибелердің маңызы зор.*

- *Мәңгілік ел болуға жетелейтін бағыттардың бірі – дін. Ислам діні насихаттан тұратындығында еш талас жоқ. Ал бүгінгі күні жалпы жұртшылық дәстүрлі дінімізден сусындап, хабар алуы тиіс. Себебі, қазіргі күндегі әртүрлі діни ағымдардың*

жетегінде кетіп, ұлттық дәстүр мен салт-санасынан айырылып, мәңгүртеніп бара жатқан жастарымыздың қатарының өсуі елді алаңдатуда. Сол себепті, мұндай ада-суға жол берілмеуі үшін, ең алдымен тұлғаның ой-санасы таза болу керек. Бұл тұрғыда адамгершілік, байсалдылық және шектеулік, ізгілік сияқты аса жоғары құндылықтарға негізделген ислам шариғатының атқаратын рөлі жоғары.

- *Қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Бұл дегеніміз жаңа жаһандық демократиялық құндылықтардан бас тартпай, осы жаңашылдықты қалыптастыруда қазақтың дәстүрлі құндылықтарын жаңғырта отырып, ұлттық қорға, яғни, ұлттық тәрбиемізге сүйену.*

- *Қашан да мемлекет алдыменен адамның кісілік қасиеттеріне, тұлғалық құндылықтарға мұқтаж. Кісілік қасиеттері дегеніміз түсінік, адамгершілік, білімділік, табандылық, адалдық. Тұлғалық құндылықтар ол мемлекеттің мүддесі, тілі мен діні, тарихы мен мәдениеті, даналығы мен өнері, ғылымы және білімі. Осы құндылық көздері адамның қасиетімен, адамгершілік рухымен келетін дүние. Елдің тәуелсіздігі, тәуелсіздіктің мәңгі әрі баянды болуы адамның ұлттық қасиеттеріне негізделген сол елдің әдебиеті мен білімдік әрі ғылыми құндылықтарда.*

Мәңгілік ел мәйегі – мемлекеттік тіл

Мәңгілік ел болмақтың бастапқы қадамы мәңгілік ұлт болмақ. Тарихта мәңгілік ұлт болу әр ұлыстың арманы болған. Бүгінгі күнде сол әлі де жалғасын табуда. Ғаламда сіңісу һәм жұтылу процесі үздіксіз болған және де бола бермек. Ал, осы жұтылудан құрып, жоғалу келіп шығары хақ. Тарихқа үңілсек ізім-ғайым жоғалғандар, бедер-белгісі бар, бүгіні жоқ қаншама ұлыс, қаншама ұлт бар. Қазірде ертеңі елес болған қаншама халықты көріп отырмыз.

Иә, мәңгілік ел болмақтың өлшемі мәңгілік тұғыр болмақ дедік. Ол тұғыр – ұлт. Мәңгілік ұлт арманмен, мұратпен ғана мәң-

гілік. Ұлттық сипатпен мәңгілік. Мәңгілік сипат – ол тіл, сана һәм рух. Ұлт мәңгілік болу үшін мәңгілік санасының жемісін беретін, рухының үнін естіретін мәңгілік тілі болмақ керек. Әйтпесе, тілсіз ұлт болмақ емес. Егер ұлт мәңгілік болмаса мәңгілік ел дегенің құр бос сөз болып қалмақ.

Сондықтан да, Мемлекеттік тіл саясаты – қай уақытта болсын мемлекет тарапынан баса назар аударар басым бағыттардың бірі болып келеді. Біз тұтас қоғам болып, ұлтымызға қарамай, мемлекеттік тілді толық меңгермейінше, мықты мемлекет құра алмайтынымызды, мемлекеттік тіл – халықты біріктіруші басты фактор екенін Елбасы әр жылғы Жолдауларында ұдайы тілге тиек етіп келеді. «Қазақстандық жол – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында да Н.Назарбаев қазақ тілі туралы өзінің өте кең көлемдегі ойын жеріне жеткізіп айтты.

Президент Жолдауының парқына барған адам, қазақ тілі Мәңгілік Елдің Мәңгілік Тілі болып бекітілгенін ұқты. Демек, бүгінгі күннен тік тұрып, еліміздің әр азаматы мемлекеттік тілдің өзінің заңды орнында қызмет етуіне атсалысуы керек. Біле білгенге, бұл елдік шараны қысқа мерзімде жүзеге асырып, Мәңгілік Ел мұратына айналған мемлекеттік тілді өз деңгейінде заңды қолдану – бәріміздің басты міндетіміз.

Ол үшін, «Мәңгілік ел» идеясының ең басты негізі – мемлекеттік тілдің мәртебесін тұрақтандыру және жас ұрпақ бойына тілге деген құрметті сіңіру мақсатында, осы уақытқа дейінгі қол жеткізген нәтижелермен тоқтап қалмай, жыл сайын тұрақты дамып отыру қажет. Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілін сақтай отырып, мемлекеттік тілді балабақша, мектеп, жоғары оқу орындары, мемлекеттік қызмет және қоғамдық-саяси, әлеуметтік кәсіпкерлік саласының барлығында батыл қолданысқа енгізіп, әр Қазақстан азаматының өмірлік қажетіне айналдыруды көздеу тиіспіз. Ол үшін бізге жүйеленген белгілі бір жүйе керек.

Соған орай, қазіргі кезде біздің Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып,

әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Демек, білім берудің ұлттық жүйесі болу үшін онда сол халықтың қаны мен жаны, рухы болуы тиіс. Себебі, өз ұлтының тарихын, төл мәдениетін, туған тілі мен әдебиетін, ұлттық ділі мен дінінен хабары жоқ ұрпақ ұлтжанды болып, елі мен жеріне қызмет етпейді. Сондықтан да, берілетін білімде халықтың ұлттық рухы болуы тиіс. Ал ұлттық рух, біріншіден, сол ұлттың ана тілі мен әдебиетінен көрініс табады. Содан кейін барып, отандық тарихы мен мәдениеті, салт-дәстүрі мен таным-түсінігінен орын алады. Сондықтан да, бүгінгі күнде Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілінің дәрежесін көтеру мақсатында және мәртебесін еліміздегі барлық ұлт өкілдеріне мойындату үшін қазақ тілінің ұлттық корпусын кеңейтіп, жетілдіруіміз қажет. Ол үшін төмендегідей бірнеше нақты жолдарды ұсынамыз.

1. «Елдің мәдениетін, тілін, мінезін білмеген адам көшбасшы бола алмайды» деген Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың XX ғасырдың басында айтқан сөзі бүгінгі таңда әлі де болса маңызын жоғалтқан жоқ. Сондықтан да, тілді дамыту саясатының ең басым бағытының бірі – мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілде жұмыс істеуіне мүмкіндік жасап, қолдау көрсету. Бүгінде елімізде мемлекеттік бағдарламаға сәйкес «ҚАЗТЕСТ» жүйесін қолданысқа енгізу жұмыстары жүргізілуде. Бұл жүйе тек қана мемлекеттік ұйымдарға жұмысқа қабылданғанда ғана емес, барлық ұйымдарда жұмысқа қабылдар кезде ҚАЗТЕСТ жүйесінде тест тапсырып орналасуы бір ретке келуі керек.

2. Біздің тағы да бір басты мақсатымыз – бабалар мұрасына байыппен қарай білу. Осы мақсатта

2.1 Тілді насихаттату, тіл саясатын жүзеге асыру бағытындағы жұмыстар қатарын толықтырып, басымдылық танытуымыз керек. Мәселен, Республикадағы барлық оқу орындарындағы демалыс аландарында белгілі қазақ тұлғалардың қана-

тты, афоризм сөздері таспаланған, әр түрлі формамен безендірілген скамейкалар орнатылуы тиіс. Бұл – кез келген білім алушылардың қызығушылығын оятып, ары қарай ізденуіне түрткі болып, өзіндік көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді.

3. Жасыратыны жоқ, еліміздегі көрнекі ақпараттар мен жарнамаларда мемлекеттік тілді қолдану барысында заңбұзушылықтар мен қателіктер көрсеткіші өте жоғары. Сондықтан да, мемлекет тарапынан немесе басқарма тарапынан ҚР «Тіл туралы» [2] және «Жарнама туралы» Заңдарының [3] талаптарына қайшы және сауатсыз рәсімделген жарнамаларды ретке келтіруге арналған шаралардың жаппай жүрілуі қажет. Ол үшін мәселен, белгілі бір ұйымның, не кәсіпорын мен фирмалардың іс-қағаздарында, жарнамалық құжаттарында мемлекеттік тілдегі мәтінінде кеткен қателіктер үшін, сол ұйымдардың басшыларына айыппұл салынуы керек. Және ол басшының тікелей өз қалтасынан төленуін қадағалануы тиіс. Сонда ғана, өз есебінен айыппұл төлеуге мәжбүр болған басшы өзі басқарып отырған ұйымның мұндай қателіктерге бұдан былай жолбермеуін қатаң түрде қадағалайтын болады.

4. Жастардың қазақ әдебиеті классиктерінің туындыларын іздеп жүріп, тауып оқуға деген қажеттілікті қалыптастыруымыз қажет. Сөйтіп, осындай қажеттіліктерден қызығушылық пайда болады. Ал қызығушылықтан баланың ойлау көкжиегі кеңейеді. Жастардың көркем шығармаға, қазақ прозасы мен поэзиясына деген махаббатын қалыптастырып, дамытуымыз қажет. Себебі, көркем шығарма – адам тәрбиелейтін басты әрі қуатты құрал. Ол адамгершілік қасиеттерді қалыптастырып, адамның мінез-құлық нышандарын өзгертіп, тәлім береді. Адамның бойынан қуану, аяу, өкіну, жақсы көру сезімдерін оятып, әлемге басқа көзқараспен қарауына септігін тигізеді. Бала бойында жұмсақтық пайда болып, айналасындағы жандарды жақсы көреді, қоршаған ортаға махаббаты артып, мейірімділік

пен патриоттық сезім оялатын болады. Көркем шығармалар арқылы танымдық көкжиегі артып, білмекке құштарлық қасиеттер дариды.

Ол үшін, *біріншіден*, қазақ классик жазушылар шығармаларының сатылым жағын дұрыс жолға қою керек. Бүгінде батыста «Best seller» деген ұғым жиі кездеседі. «Best seller» дегеніміз «ең көп сатылған кітап» деген мағынаны білдіреді. Біздің елімізде де кітапханалар, баспа үйлері мен кітап дүкендерінде немесе кез келген авторлар өзінің оқырмандарының аудиториясын кеңейту үшін белгілі бір дәрежеде батыстық жүйеге жүгінугі керек те сияқты. Әсіресе, маркетингтік, жарнамалық жақтарына сүйенуі қажет. Мысалы, Ресейдің «Эксмо» атты баспасы жастардың көңілін кітапқа баулу мақсатында «Читай книги — будь Личностью!» атты әлеуметтік-ақпараттық жоба әзірлеген. Оның негізінде қоғам, мәдениет қайраткерлері өздерінің сүйікті көркем шығармаларымен жарнамалық банерлерге түсіп бір-біріне сыйға тарқан болатын.

Екіншіден, кітаптың сырт мұқабасының әдемі безендірілуіне аса көңіл бөлі қажет. Себебі, бүгінде кітаптың мазмұнына емес, сыртқы безендірілуіне мән беретіні рас. Неге десеңіз, жоғарыда айтып кеткендей ақпарат көзінің түр-сипаттары көбейген. Олардың арасынан таңдап алу үшін, өз кітабыңызды оқыту үшін сіз өз өніміңізді сапалы немесе жақсы безендірілген түрде ұсынуыңыз керек. Сонда ғана өз оқырманыңыз бен тұтынушыңызды қалыптастыра аласыз. Кітаптың сыртқы келбетіне, мазмұнына қарап оқырманда автор туралы көзқарас қалыптасады. Бірақ сырты көркем безендірілген, іші көңілге қонымды болмаса, ол да белгілі бір дәрежеде сол сәтте оқып, көңілге түйер дүниесі болмайды. Талғамға талас жоқ, алайда, кітаптың жақсы безендірілгені дұрыс.

Үшіншіден, жаңа кітап жазғанда бүгінгі жастардың талғамымен санасып отырылуы қажет. Бүгінде қандай тақырып өзекті, жастар не ойлайды, қандай болғылары келеді,

кімді пір тұтады, былайша айтқанда қандай образ оларға жақын, бүгінгі қоғамда, өмірде не қажет деген сұрақ әрбір жазушының көкейінде тұруы тиіс.

Төртіншіден, кітаптың электронды нұсқаларын көптеп шығару және ұсыну керектігі. Дәл қазіргі уақытта электронды оқулықтардың жетіспеушілігі байқалады. Көптеген классиктердің кітаптары электронды жүйеде бірен-саран болғанымен, әлі де болса аз. Қазақтың біртуар ақын-жазушыларының шығармаларын электронды нұсқада интернетке шығарып отырса, оны оқитын адам табылады. Неге бүкіл әлем электронды оқулықтар жүйесіне көшкенде, біз үшін ол қиындық тудырады?

Сонда ғана жастардың ойын ұлттық құндылықтар негізінде байытып, сауатын жоғарылатып, білім нәрімен сусындатамыз. Кітапсыз тәлім-тәрбие мен ілім-білімнің орны бос қалатыны бесенеден белгілі.

4. Республикамыздағы жыл сайынғы ҰБТ-кеқосымшақазақтіліменәдебиетінен ауызша формада (мотивациялық әдіс арқылы. Ситуациялық сұрақтарға жауап) және жазбаша жұмыс (шағын көркем шығарма) түрінде алынуы керек. Бұл жөнінде көрші Ресей елінің тәжірибесіне сүйенсек болады.

5. Жоғары білімнен кейінгі Магистратура және PhD доктарантураға түсу емтихандарына мемлекеттік тілден тест тапсыруды енгізу керек. Қазіргі кезде мұндай тест Қазақстандық емес азаматтарға ғана міндеттелген. Осымен ғана шектеп қоймай, қай мамандық болмасын, қандай ұлт өкілі болмасын міндетті түрде мемлекеттік тілден тест тапсыруы тиіс. Ал егерде халықаралық тілдік білімді бағалаудың TOEFL, IELTS, DALF/DELF, DSH, CELI, TÖMER, ТРКИ және т.б. жүйелерінің қағидаттарына негізделген мемлекеттік тілді меңгеруін бағалаудың ҚАЗТЕСТ жүйесінің B2 (ортадан жоғары) немесе C1 (жоғары деңгей) деңгейін бағындырғанын растайтын сертификаты болған жағдайда, қазақ тілінен тестке кірмеуге құқық берілуі тиіс.

6. Қазақша телерадио мен газет-журнал тіліндегі тіліміздің әдеби нормасына сәйкестендіру. Небір «тың қолданыстарды» екі тілді бірдей меңгергендер немесе екеуінің біреуін орташа деңгейде білетіндер айтып-жазып жүр. Себебі, олар өзі білетін тілдің өзіне біртабан жақынында (көбінесе орысша) ойлап, сол ойын екінші тілге аударып, соны ауызша немесе жазбаша түрде жолма-жол жеткіземін деп қателесіп жатады. «Әйтеуір, ойын жеткізді ғой!» деген көзқарас дұрыс емес. Ол – тілдің табиғи қалпының біртіндеп бұзылуына апарады. Тілдегі өзгерістер мен жаңалықтар жайдан-жай пайда бола салмайды. Оны тілді тұтынушылардың түрлі қажеттілігі туғызады. Сондықтан бүгінде аударма жұмыстарға үштілді де жетік меңгерген мамандар жұмыстар атқаруы тиіс.

7. Бүгінде тіліміз ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналуы керек. Сонда ғана қазақ тілінің мәртебесін халықаралық деңгейге көтере алатын боламыз.

Ол үшін, *біріншіден*, ғылым мен техника саласында салмақты және күнделікті және әлемдік аренада сұранысқа ие тың жаңалықтар ашып, ғылыми жобалар аясында даяр бұйымдар жасап шығаруды қолға алып, жас ғалымдар мен талантты оқушылар мен студенттерге жағдай жасау керек.

Екіншіден, Республикадағы педагогикалық ЖОО-да жүріп жатқан ғылыми жұмыстарды коммерциаландыру мақсатында бюджеттен (мемлекеттік және жергілікті) қаржы қарастырылуы қажет.

Үшіншіден, интернет тіліне айналуы үшін, латын әліпбиіне көшуді жеделдету керек.

Төртіншіден, қазақ тіліндегі материалдардың басқа елдерге немесе өзге тілді қолданыс аясында қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытында Интернеттің алып іздеу жүйелерінде қазақ тілінен шет тілдеріне сапалы аударма алатын аударма бағдарламасын жасап шығару керек.

8. Үштұғырлы тіл саясаты. Елбасы өзінің жылдағы жолдауында білімге қалай ән беріп келсе, мемлекеттік тіл мен үштұғырлы

тіл саясатына да үлкен мән беріп келеді. Мәселен, 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауында [4]: «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуы тиіс. Бұлар, қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі», - деп көтерген мәселесі соңғы жолдауында оның жүзеге асу жолдары қарастырылған.

9.1 «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, ғылымын, оқуын білмек керек... Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әр біреудің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды. Орыстың өнері, ғылымы – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі» [5], - деп кезінде орыс тілін өз тіліндей жетік игерген ұлы Абай Құнанбаев айтқандай, қостілділіктің пайдасыбір жағынан алпауыт орыс халқының мәдениетін, әдебиетін еркін біліп танысу болса, екінші жағынан өз әдебиетіміз бен мәдениетімізді әлемге танытуда болмақ.

9.2 Ал қазіргі жаһандану заманында, орыс тілін ғана емес, халықаралық үстемдікке ие болып отырған ағылшын тілін игеру де аса маңызды. Өсер ұрпақтың болашағын ойласақ, олардың қостілді ғана болып қалмай, қайта көп тілді меңгеруіне барынша назар аудару керек. Себебі, үдемелі жаңғыртудың ауқымы мен күрделілігі мемлекеттік басқару тиімділігінің жоғары дәрежелі болуын талап етеді. Мемлекеттің қоғам өмірінің барлық салаларындағы жаңғырту процесін басқаруды өз қолына алып, оған қажетті жағдайлар жасауға тура келеді. Отандық бизнестің өсуін ынталандыру, экономикалық және саяси институттарды қалыптастыру, құқықтық нормаларды жетілдіру, білім беру мен денсаулық сақтау жүйелерін дамыту, қауіпсіздік пен жалпыұлттық бірлікті нығайту үшін, бұл айтылған мақсаттарға жету үшін, дамыған дәуірге ой-

дағыдай сәйкестеніп, өзге жұртпен теңелу үшін үштілді үйрену міндеті қойылып отыр.

Демек, Елбасының «Қазақстан-2050» Қазақстан халқына арналған жолдауындағы «Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да жігерлі, білім өрісі биік, денсаулықтары мықты өкілдері болады. Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр. Олар қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгереді, олар бейбіт, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болады», - деп көрсетілгендей-ақ, **Ана тілді көтерумен қоса өзекті болып отырған «Үш тұғырлы тіл» идеясын қолдауымыз қажет.** Өйткені, ағылшын тілі өркениет сұраныстарына жауап беретін жаңа ақпарат таратушы инженерлік-компьютерлік технологиялар тілі, бизнес пен экономика тілі, халықаралық қатынастар мен іскерлік тілі, белгілі бір әлеуметтік топтар үшін жоғары еңбекақы мен тұрақты жұмыс орнын сақтап тұруға мүмкіндігі бар тіл болып тұр. Соған байланысты, үштілді оқыту жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Әр адамның рухани-адамгершілігін арттыру үшін, бүгінгі тез өзгеріп жатқан дүниеде өмір сүріп, еңбек ету үшін жан-жақты болу қажет. Осыған орай, бүгінгі таңда Қазақстанға ақпараттық-технологиялық, ғылыми, медициналық, оқу-әдістемелік т.б. салаларда жаңалықтарды, әлемдік іргелі тәжірибелерден хабары болып, бұл жаңалықтарды өзінің ана тілінде халқының игілігіне пайдалану үшін халықаралық байланыстарды нығайтып, әлем аренасына шығу үшін көп тіл білетін мамандар қажет.

Бірақ, келешекте ағылшын тілдік оқу жүйесіне көшу, қазақ тілінің даму жағдайына кері әсер тигізетін элемент болмау керек.

Ол үшін, *біріншіден*, ағылшын тілінде кейбір пәндерді ғана оқыту қажет. Мектеп бағдарламасында шетел тілі негізгі орта сыныпта қосылу қажет. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, кез келген дамыған мемлекет жалпы білім берудегі бастауыш сатысында тек ана тілі және барлық пәндер осы тілдің аясында оқытылады. Ал басқа шет тілі негізгі орта сыныптарда қосылады. Бізге де осындай жүйені есепке алған дұрыс. Тым болмағанда, көрші Қытай мемлекеті мен Оңтүстік Корея елдерінің білім беру тәжірибесі негізінде 3-ші сыныптан бастап оқытылу керек. Сонда ғана барып, баланың ойлау танымын қазақ тілінде қалыптастыра аламыз. Себебі, бізде тілдік қолданыс бар да, ойлау таным көкжиегі мүлде жоқ деуге болады. Оны қала мектептерінің оқушыларынан байқай аламыз. Сабақ үстінде қазақ тілінде сөйлейтін қазақ балалары (басқа ұлт өкілдерінің балаларын айтпағанда!) үзіліс кезінде немесе сабақтан тыс уақытта орыс тілінде тілдік қарым-қатынасқа түсуге көшеді. Бұл – балалардың ойлау танымының орыстанып кеткенін көрсетеді. Мұның алдын алудың бірден бір жолы - бастауыш сыныпта оқытылатын ана тілінің ұлттық құндылықтарға негізделіп оқытылуы. Ауыз әдебиеті, фольклор, қазақтың аңыз дастандары мен шешендік өнер, айтыс өнерін, лиро-эпостық жырларын барынша қызықты етіп өткізу. Мұның бәрін бір пәннің желісіне енгізіп өткізуге болады.

Демек, толық ағылшын тілінде білім беретін болсақ, қазақ тілі тоқырауға ұшырап, қолданыстан шығып қалуы ғажап емес. Ұлттық руханиятымыздың өзегі – мемлекеттік тіл мәртебесіне ие қазақ тілі екендігін ұмытпауымыз тиіс. Және мемлекеттік тіл – азаматтық сәйкестіктің басты нышандарының бірі.

Екіншіден, үштілділік оқу жүйесіне көшпес бұрын, мұғалімдерді даярлап алуымыз керек. Себебі, болашақ мамандарды даярлайтын қазіргі педагог-мұғалімдер. Егер де, педагог-мұғалімдер қажетінше даяр болмаса, берілген білімнен еш пайда келмейді. Ағыл-

шын тілінде сөйлеу бар да, белгілі бір ғылым пәнін ағылшынның ғылыми тілінде жеткізе алу бар. Ал қазіргі мұғалімдер осыған даяр ма? Әрине, даяр емес. Сондықтан да, ең бірінші педагог-мұғалімдерді кәсіби, біліктілік тұрғысынан даярлау маңызды. Ал бұл міндетті Республикамыздағы педагогтар даярлайтын жетекші жоғары оқу орны – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанынан «Үштұғырлы тіл саясаты» негізінде, «Көпмәдениетті тұлға қалыптастырудағы үштілді педагогикалық мамандарды» даярлайтын арнайы курс ашу арқылы шешуге болады.

Үшіншіден, келешек ұрпағымызды қоғамдық өмірдің алдыңғы легінен, бәсеке майданында биік белестерден көру үшін, оларды өз ана тілі мен салт-дәстүріне қанық болуы негізінде үштілділікке үйретсек, олар келешекте ұлтымызды ұлағаттылыққа шынайы бастай алатын болады. Ұлттың тағдырын, елдің ертеңін ойласақ, келешек ұрпақтың үштілді болуы аса қажет. Мынау өзгерісшең өмірге ойлы көзбен қарар болсаңыз, қазіргі әсері күшті, тартысы мен табысы мол бәсекелі өмір, қарыштап қарқынды даму азаматтарымызға үштілді болуды сәт сайын ескертуде. Бірақ, Елбасымыз айтқандай «үштұғырлы тілде қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Ұл тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы болады. Себебі, Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі».

Төртіншіден, қашан да мемлекеттік тілдің мәртебесі әрдайым биік болуы керек. Әсіресе, мамандар шет тілін оқытатын еліміздегі оқу орындарының білім беру жүйесінде қазақ тіліне ерекше басымдық беруін қадағалауы керек. Сонда ғана өсіп келе жатқан жас ұрпақ ұлттық құндылығымызбен терең сусындайды. Егер осы үштілділік тиімді жұмыс атқарсын, үштілділік біздің мемлекетіміздің болашағына жұмыс істесін десек, онда үштілділікте басымдылық мемлекеттік тілге берілуі керек. Қалған екі тіл сол мемлекеттік тілден аспай, керісінше, сол мемлекеттік тілдің әрі қарай дамуына қызмет етуде құрал ретінде пайдаланылу керек.

Бесіншіден, мемлекеттік стандарт терең ойластырылған, өміршең, сұранысты қанағаттандыратын сипат алып, оған сай оқу бағдарламасының мазмұны болашақ маманның кәсіби дайындық талабын нысана еткен бағдар болуы керек. Қазіргі кезде шетел тілін оқытудың жаңа үлгілері, жаңа технологиялары қажет екендігін тілдік жағдаят дәлелдеді. Соның нәтижесінде алдымыздағы оқу жылынан бастап, еліміздегі барлық мектепке қабыланатын 1-сынып оқушылары білім берудің жаңа мемлекеттік стандарты бойынша оқитын болады. Бұл жаңа стандарт бойынша үштілді білім беру, яғни, жаратылыстану пәндерінің ағылшын тілінде оқыту көзделіп отыр. Бірақ, ана тілін әлемдік тілдерге тән құндылықтар тұрғысынан үйретіп, меңгертетін болашақ мектеп мұғалімін даярлауда, елімізде үлгі тұтар өмір жолы бар тұлғалардың тәжірибесін, өнегесін, дәстүр жалғастығы тұрғысынан сабақтастырған абзал. Себебі, жалпы білім беретін орта мектеп, орта арнайы және жоғары білім беру жүйелеріне бағытталған қандай реформа болмасын ол мұғалім, оқытушы арқылы жүзеге асады. Бүгінде ұстаз қасиетті міндетін атқара отырып, білім беруді одан әрі ізгілендіру, жеке тұлғаны қалыптастыруда озық, жаңғыртылған әдістемелік жүйені меңгеру, әлемдік білім беру кеңістігіндегі ел дамуына оңтайлы ізгі қадамдарды игеру сияқты жаңа талаптарға сәйкес істерді жүзеге асыруға бет бұрды.

Алтыншыдан, білім беру кеңістігіндегі үштілділік, көптілділік жағдайында қазақ тілін ана тілі ретінде, кейіннен кәсіби мамандыққа баулитын бағдардың мейлінше маңыздылығын арттыруымыз керек. Шетел тілін ана тілі негізінде үйрету, үйренетін тілдің қарым-қатынасқа қажетті тілдік аспектілерімен қатар, сөйлеу рәсімі мен әдебін ұлттық мәдениет және мәдениетаралық байланыстарға негіздеу шетел тілін үйрету әдістемесінің жаңа сипаты болуы керек. Себебі, шетел тілін еркін меңгеру арқылы халқымызға жат түрлі субмәдениеттің таралуын мүддеге қойған және түрлі шетел

компанияларының мүдделерін жария және жасырын түрде тарататын жайттар да кездесіп жүр. Сол себепті, тіл үйренушінің коммуникациялық хабардарлығы қазақ елінің, халқының, тарихы мен мәдениетін, экономикасын салыстыра, салғастыра дамытуға қызмет етуі қажеттілік, тіпті, міндеттілік деген ойдамыз.

Жетіншіден, тіл саясатын жетілдіру келешектегі жаңа жоспарларда да басым бағыт болып қала беретініне сенімдіміз. Сондықтан, мемлекеттік тілдің іскери бағыттағы, халықаралық қатынастағы ақпараттық рөлін жоғарылату, кеңейту сияқты шаралардың күн тәртібінен орын алатындығы белгілі.

Енді жоғарыдағы ұсыныстарды қазақстандық білім беру жүйесінде қалай жүзеге асыру керек деген орынды сұрақ туады. Бізге белгілі тұсы, ол «Мәңгілік елдің мәңгілік тілі» саясаты үздіксіз түрде жүріп отыруы тиістігі. Ол үшін, білім берудің барлық сатыларында жүйелі жалғасып жатуы керектігі. Сонда ғана, «Мәңгілік ел» құндылықтары білім беру сатысына қарай кезең-кезеңмен қазақ халқының тарихы, мәдениеті мен әдебиеті, діні мен ділі осы мемлекеттің ұлттық тілі арқылы көрініс табатын болады.

Ұлт тілін сол елдің ұлттық құндылығы ретінде бағалау арқылы, оқырмандық талғамы терең, жан-жақты дамыған дара тұлға қалыптастырамыз. Оқудың барлық сатыларында көздейтін ең басты міндетіміз, ол – тілдің адамның рухани байлығы екенін түсіндіру, әрбір сөзді дұрыс пайдалану қажеттігін үйрету арқылы дұрыс сөйлеу мәдениетіне баулу. Осылай жастардың ой-өрісін дамытып, ізденушілік қабілетін қалыптастыратын боламыз.

Сонау отбасынан бастап, балабақша, мектеп қабырғасы, одан бері белгілі бір жоғары оқу орындарында берілетін білім мазмұнында:

- сәби жарық дүние есігін ашқан сәттен бастап анасы бөбегімен ана тілінде тілдесіп, әр кезде бесік жырын айтып ұйықтату керек. «Тәрбие тілден басталады» дейтін халқымыз ана омырауынан ажырамаған кезден-ақ бөбегің ана тілінің ақ уызымен ауыздандыра

бастау керектігін, ана тілі – адамның ғұмыр бойғы серігі, рухани қуаты, күрестегі құралы екендігін меңзеген.

- **Балабақша жасында** тіліміздің әлем тілдері ішінде сөздік қоры жағынан ең бай үш тілдің бірі екендігін, бүгінгі халық даналығы – халқымыздың бай тілдік мұрасы екендігін түсіндіріп, сол арқылы патриоттық сезім тудыру. Ол үшін, балабақшадағы тәрбиешісі, отбасындағы әжесі не ата-анасы балаға ұйықтар алдында ертегі айтып беру керек. Кішкентай балаға ертегі оқығанда көз алдына оқиға желісін елестете алатындай, өзі де сол ертегінің ішінде, кейіпкерлермен жүргендей әсер беретіндей немесе бейне бір мультфильм көріп отырғандай сезімге бөлей алатындай мәнерлі, әсерлі әуенмен ертегідегі кейіпкерлерді сомдап, дауыс ырғағын жалықтырып алмау үшін өзгертіп оқыған абзал. Сондай-ақ, телеарналардан отандық мультфильмдер жиі көрсетіліп отыру керек. Ол мультфильмдер, әрине отан тарихы желісіне негізделіп түсірілуі тиіс.

Осындай жағдайдаларды ескеретін болсақ, біз баланың бойында ана тілінің сөздік күдіретін түсіндіріп, тілге деген қызығушылықты арттыра түсер едік.

- **Бастауыш мектеп буынында** адамгершілік нормасы мен өнегелі мінез-құлық негіздерін меңгеріп шыға алатындай жағдай жасауымыз керек. Оқулықтардағы мәтіндерде қазақ классиктерінің шығармалары берілеуі керек. Және сабақ барысында берілетін тапсырмалар мәңгілік ел құндылықтарына негізделіп, отбасындағы тәрбие білім ордасындағы тәрбие негіздерімен ұштасып жатуы қажет. Тілдік мұралардағы адамгершілік, өнегелілік, көркем мінездік, тәрбиелілік мәселелері бала бойына білім берумен қатар бірге сіңдіру.

- **Негізгі мектепте** қазақ тілінің әлемдік өркениет жүйесіндегі орны мен құндылығын, жетістіктері мен ерекшеліктерін түсіндіру.

- **Жоғарғы сынып сатысында** риторика, қазақы классикалық көркемсөз негіздері жайындағы білімдерін кәсіби қызметінде, күнделікті тіршілік негізінде қолдануға қа-

білеттілігін дамыту. Ойын сауатты, еркін жеткізе білуге, шешен де ұтқыр сөйлей алуға баулу арқылы сөйлеу мәдениеті қалыптастырылады.

- **Кәсіптік білім беруде** білімдік ортада субъектілердің бірлескен қызметі мен тұлғааралық өзара сөйлесу әрекетін ұйымдастыру әдістері үйретіледі. Жас жеткіншектердің дамуы мәселелері бойынша қоғамдық ортада тиімді өзара әрекеттесе алуға үйрету көзделеді. Тілдік ғылым жүйесінің базистік негіздерін меңгеруі мен олардың бойына жеке бастың және этникалық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыру, тұлғаның өзін-өзі айқындауы мен кәсіби бағдарға бейімдеу болып табылады.

- **Жоғары мектепте сауаттылық** сөз мәдениетінен басталатындығы (ғаламтор тілінің тілдік мәдениетке әсері, БАҚ және сөз мәдениеті); іскерлік ортадағы мемлекеттік тіл (хаттасу түрлері; жұмыстық, іскерлік, қарым-қатынастық орталарда хат жазу үлгілері) негіз болады.

Сол арқылы, жеке тұлғаның өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, қоғам мен еңбек рыногы талабына қызмет ете алатындай жоғары білікті жұмысшы кадрлары мен мамандыққа деген қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталады.

«Тауларды аласартпай, даланы асқақтатайық» деген Олжас ақынның қанатты сөздерін көптілділік, жаһандану жағдайындағы қазақ тілінің рухы мен өміршеңдігін әлемге паш ететін киелі сөздер деп ұғынған абзал. Мемлекеттік тілдің ертеңі мен болашағына, қазақ тілінің құндылықтар төрінен сөзсіз орын алуына тиісті тетіктерді дамытуға бүкіл қауым, ата-ана, тәрбиеші, оқытушы, саясаткер, қызметкер, оқушы, студент, болып қорғап қалуға ат салысуымыз қажет.

Қазақстан көлемінде мемлекеттік тілге көрсетілетін құрмет пен ықылас жалпы-халықтық мүдде ретінде қабылданып, мәртебесі асқақтаса, халықаралық байланыста ана тілінде ойлап, еркін сөйлей алатын жастардың нәтижелі істерге қол жеткізетіні – уақытпен, ұрпақтар тарихымен дәлелденетін шындыққа айналар хақ.

Қорытындылай келе, алдыға қойған ұлы мақсаттары бар, ертеңіне сеніммен қарайтын, жастары алғыр, жаңалыққа жаны құштар, рухы биік ел ғана мәңгілік ел болып ғасырлар бойы жасайтындығын ұмытпай, әрдайым есте ұстар болсақ, Елбасы мен халқы мұрат еткен мәңгілік елге мәңгілік тіл арқылы жететін боламыз!

Әдеби білім – мәңгілік ел тетігі!

Мәңгілік ұғымы ұлттың тілі мен әдебиетінен бастау алатыны белгілі. Әдебиет халықтың айнасы, ұлттың бағыт-бағдарын бедерлеп, ертеңге үн қосып, халыққа тарихи кезеңнен хабардар етіп отыратын, тұлғаның рухани дамуына септігін тигізетін мәдениет құралы. Ұлт тәрбиесіне үн қосудың өзі тілдің маңызын терең ұғынып, әдебиеттік мәдениеттілік дамып, қастерлегенде ғана қалыптасады. Тілдің маңызы артып, қазақ халқы қоғамда өз тілінде сөйлегенде ғана мәңгілік ел халықтық идеясы жүзеге асады. Ол үшін әдеби ұғым өз деңгейінде дамығанда ғана жүзеге асып, мәңгілік ел болудың негізгі қағидасы қалыптасады.

Сондай-ақ, қазақты сақтап қалған қазақ тілі дейтін болсақ, ал қазақ тілін сақтап қалған қазақ әдебиеті екендігі айдан анық. Сол себепті, қазақ тілінің қалыптасу тарихын сөз еткенде, сонау қазақ әдебиетінің қалыптасу дәуірінен ой қозғайтынымыз дәлелді. Қазақ әдебиеті – қазақ халқының ғасырлар қойнауынан ұрпақтан ұрпаққа жеткен рухани, мәдени мұрасы, сөз өнерінің асыл қазынасы. Қазақтың сөз өнерінің тегі әріден, түркі тілдес тайпалардың өз алдына халық болып қалыптаспай тұрған кезінен басталады.

Қазақ әдебиетінің қайсы бір кезеңі болмасын бәрі де белгілі тарихи әлеуметтік жағдайларға байланысты дамиды. Қазақ әдебиеті тарихының ежелгі дәуірін танып-білуде тарихи тақырыпқа жазылған көркем шежірелер ерекше маңызды рөл атқарады.

Ғылым мен білімнің дамуына, қоғамдық, әлеуметтік жағдайларға және тағы да басқа өмірдің құбылыстарына байланысты әдебиет жаңарып, дамып, өзіндік бояу алып отырады. Қазақ әдебиеті өте бай, оның та-

мыры тереңде жатыр. Әдебиетті түсіну үшін алдымен халық ауыз әдебиетінен сусындау керек. Шешендік сөз өнерінің, эпостық және батырлар жырының, айтыс, мақал-мәтелдердің, толғау, дастандардың тәрбиелік мәні неге тұрарлық, әлемнің бар байлығына да айырбасталмайтын керемет қазынамыз. Халық педагогикасының көптеген ғасырлар бойы, тіпті жазу-сызу пайда болмаған дәуірінен, қалыптасып, дамып отырады. Оған оның тамаша идеялары мен дәстүрлерін сақтап ұрпақтан ұрпаққа жеткізуде халықтардың ауызекі шығармашылығы мен қолданбалы өнері айрықша рөл атқарды.

Ерте кезде жазу өнері болмағандықтан, батырлар жырын тыңдаушы көпшілікке арнаған. Жыр халықтың қалың жиналған жерінде айтылатын болған. Сондықтан да жыршы, ақындар өзінің тыңдаушыларының талап-тілегімен еріксіз санасуына тура келген. Егер тыңдаушы аудитория ақын, жыршылардың батырлардың барлық өмірін, ел қорғаудағы ерлік ісін молынан жырлауды сұраса, оны ақын, жыршы толық орындап беруге тырысқан. Ол ақын немесе жыршы әрбір әңгімені кеңінен алып баяндауды және бір айтқанын қайтадан қайталамауды қарастырған. Жырдың осы ретпен айтылуы кейде бір жұма бойына созылған. Мұндай жырларды, яғни батырлардың туған күнінен бастап, қартайғанға дейінгі өмірін, ел қорғаудағы көптеген ерлік істерін суреттейтін жырлары батырлар жырының халықтық түрі деп айтуға болады.

Тіл мен әдебиетімізді ұлттық тәрбиенің бір көзі ретінде қарастыра отырып, ұлттық сана-сезімді оятуға бағдарлау қажет. Бұл жағдайлар ұлттық тәрбие мәселесі сөз болғанда, фольклор мен көркем әдебиетті пайдаланудың аса қажеттігін, ондағы мол материалды жас ұрпақ санасына жеткізудің маңызын танытады. Жай айтқан сөзден гөрі әдеби образдар мен тапқыр, ойлы, шешен тілмен айтылған сөздер бойға тезірек даритынын ескеруіміз керек.

Ұлттық болмыс – ұлттық қадір-қасиет. Ол – сатылмайтын байлық.

Біз үшін сатылмайтын байлық – тіліміз, дініміз, ұлтымыз, Отанымыз. Бұл байлықтар біз үшін бәрінен де жоғары. Осы аталған нәрселер әр адамда бар, бірақ өкінішке орай, бәрі бағалай бермейтіні жүрегімізге батады. Ана тілінде сөйлейтіндерден гөрі, шүлдірлеп сөйлейтін қазақтар өте көп. Дінін сатып, басқа дінге көшкендер де жеткілікті.

Сол себепті, ұлттық болмысты қалыптастыру үшін не қажет? Осы сұрақ төңірегінде ойланғанда, Франциядағы бала тәрбиесі жайын-дағы айтылған мынадай ойлар есімізге түседі. Француздар 3-4 жастағы сәбилер үшін елінің тарихы мен атакты адамдары туралы түрлі-түсті, әдемі кітапшаларды көптеп шығарады екен. Сондай-ақ, Францияның төл тарихы туралы өз сәбиіне түсіндіріп айту ата-аналардың басты міндетіне кіреді екен. Біз де бұл ойға толығымен қосыламыз. Отбасынан бастап, балабақшада, мектепте жалғасын табардай ұлттық болмысты қалыптас-тыратын жүйелі тәрбие жемісін берері сөзсіз ғой. Біз жаңа дамып келе жатқан мемлекетпіз. Өткеніміз бен бүгінімізге, ертеңімізге сынмен қарап, сара жолды таңдай білуіміз – жарқын болашақ кепілі.

Ұлттық болмыстың бастау алар бір көзі – тіл болса, екіншісі – тарих. Өз елінің, ұлтының тарихынан қол үзген адам тамырсыз ағаш іспеттес, өсуін тоқтатады. Атам қазақ шыққан тегін білмеген адамды – «тексіз», тарихына тұшынып көрмеген адамды – «көргенсіз» деген. Тексіз болу – анаңнан, көргенсіз болу өзіңнен. Білуге ұмтылмасақ, көргенді түйе алмасақ, көптің мүддесіне үлес қоса алмасақ, адамдықтан не пайда? Міне, осы кезде біздің ойымызға Мұхтар Әуезовтың: «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген сөзі есімізге түседі.

XX ғасырдың қазақ ұлтына әкелген игіліктерімен қатар (жаппай сауаттылық, білім, ғылым, өнер, әдебиет, өндіріс, ауыл шаруашылығының дамуы, т.б.) әкелген қасіреті де аз болған жоқ. Әсіресе ұлттық ерекшелік-тің еленбеуі, өз рухани құндылықтарымыздан шеттеп қалуымыз, ұлттық болмысымызды өзгертті.

Тіл мен әдебиет ұлттық келбет қалыптастырудың негізгі тетігі ретінде дамыта білсек, ұлттық болмысымызды әдебиеттік білім беруді негіздеу қажет. Ұлттық тәрбиелік білім беру – болашағымыздың рухани дамуын қамтамасыз ететін ұлттың тілі мен әдебиетімен негізделеді (*Ұлттың тілі қадірленбеген жерде тәрбие туралы сөз қозғаудың өзі артықшылық!!!*) **Ұлттық тәрбие – тұлғаның тілін құрметтеуге, дінін қастерлеуге, ділін қалыптастыруға, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге бейімдеуге ұлттық құндылық қасиеттерін үйренуге, бүгінгі күн талабындағы жетістіктерді нақты жағдайда пайдалануға үйрететін ғылым.** Сонда ұлттық тәрбиеде білім алған жеке тұлғаның ана тілін, тарихын, төл мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлерін меңгеру арқылы ұлттық сана-сезімінің, намысының, мінез-құлқының, дүниетанымының дамып, қалыптасуын айтамыз. Тіл қазақ болуымыз үшін, дін адам болуымыз үшін, ал, салт-дәстүр ұлт болуымыз үшін, осылардың негізінде ұлттық діліміз қалыптасары хақ.

Қазақ тілінің ұлттық корпусын кеңейту, оны одан ары жетілдіру – ұлттық білім беру моделін соған орай оңтайластыру, ұлттық білім беру моделіндегі ұлт әдебиетінің ролін айқындап, әр білім үрдісіне сай, білім алушының қабылдау деңгейіне үйлестіріп, көркем шығарма оқуды білім бағдарламаларына сай ендіру жолдарын нақтылау қажет.

Бүгінгі білім бағдарламаларын қайта қарастырып, сағат саны мен оқу бағдарламаларын тілге деген қызығушылықты оятарлықтай дәрежеге сай етіп ұлттық білім моделін қайта жасау. Ол білім беру моделінің бағдарламасы бүгінде тәжірбиеде өтіп жатқан Назарбаев интеллектуалды мектеп бағдарламаларынан алып зерделеп, соған сай етіп жасауға да болады. Себебі, тек бұрынғы үрдіспен, ереже мен жаттанды мәтіндерге, өмірбаян мен оқығанды мазмұндаумен шектелетін білім бағдарына өзгеріс қажет. Логиканы дамытып, тілдің құнын арттыратын, әдебиетке қызығушылықты оятататын бағдарламалар-

ға сай етіп үйлестіріліген білім моделі бүгінгі білім алушының білімге деген қызығушылығын оятары анық.

Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру тетігі – ұлт тарихында!

Бүгінгі заманда тек экономика ғана емес, мәдениет пен тіл бәсекелестікке түсіп жатқан ғаламда ерлік, елдік, отансүйгіштік секілді рухани құндылықтар ұлт тағдырымен байланысты қарастырылуы шарт. Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру жолында **ұлт тарихы** мен дамуының негізгі тенденциялары қарастырылған еңбектердегі түйіндер мен тұжырымдарды пайдалана отырып, шетелдік зерттеушілердің де зерттемелерін назарға алып ғылыми қорытындылар жасау, ұлттық идея, тіл, дін, дәстүр, тарихи сана түсініктеріне талдау жасау, ерекшеліктерін зерделеу, құндылықтарын ашу қажеттілігі тарих пәнін мәңгілік ел құндылықтары негізінде оқытудың қажеттілігі болып отыр. Өйткені, қазіргі алға қойып отырған мәңгілік ел идеясын іске асыруда қазақ тарихының орнын, өткен жолдарын, ел болып қалыптасуы үлкен орын алады. Өткенді біліп, тарихи мәнін ұғынбай, бүгінгі күнге үн қосып, даму үдерісін ұғынбай, келешекке талпынуға болмайды. Бұл туралы Елбасы сөзін негізге алып, тарихты оқытудың мәнін терең ұғындыруға болады. «Қазақстан тарихын оқып үйрену, бұл – тәуелсіз Қазақстанның азаматы ғасырлар тоғысында өзінің арғы-бергі тарихи жолын ой елегінен өткізіп, «Кеше кім едік? Бүгін кіміз? Ертең кім боламыз?» деген төңіректе ойлансын» [6] - деген, президентіміз Н.Ә.Назарбаев сөзі тарихты оқытудың мәнін терең ұғындырғандай. Бұл – әрбір азамат туған елінің, туған халқының тарихы ешкімнен де олқы еместігін түсінсін деген сөз. Сонда ғана, өз ұлтын жақсы көріп, Отанының өткенін сыйлап, келешегіне үн қосатын білім алушыны қалыптастыра алатынымыз сөзсіз. «Қазіргі таңда бүкіл адамзатты өзінің шығу тегіне, өткеніне, мәдениетінің тарихына деген қызығушылық толғандырады. Бұл ізденістің ең маңызыдыларының бірі болып, мына

сұрақтардың жауабын алуға құлшыныс болып табылады: «біз кіміз?», «біз қайдан келдік?», «біз қандаймыз?»

Ұлттық сананың, ұлттық қайта өркендеудің жаңа деңгейге көтерілуі, ұлттық өзгешелікті іздеу – біздің заманымыздың сипаттамамық белгісі» - делінген «Мәңгілік ел» оқулығында. Ендеше, ұлтының кім болғандығын білу, тарих саханасында ұлт болып қалудағы ерлер еңбегі мен ұлттық саясатты біліп қана қоймай, болашағына үн қоса білуді білім алушылардың бойына қалыптастыруда тарихи білімнің маңызы зор. Бұл саясатымыздың мәңгілік ел идеясының даму бағдарындағы ролі де айқын.

Қазақстандық тарихты оқытуды қалыптастырудың негізі – отансүйгіштікке баулу, өз еліміздің тәуелсіздігін қадірлеу және қорғай білуге үйрету, патриотизмді қалыптастырудың негізгі бағыттарына талдау жасай отырып, қоғамда алатын орны туралы ғылыми болжамдар жасау.

Қазақстандық тарихи білімнің тұғыры – Отансүйгіштік, тіл, дін, ұлттық рух пен идея, мәдениетін, өткені мен бүгіні, келешегіне болжам (позитивтік мысалдар), өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын білім алушы пікірімен танысу және оларға талдау жасау. **Негізгі міндеті** - Қазақстандық тарихи білімнің негізін мәңгілік ел болып қалыптастырудың негізгі тенденцияларын анықтауға алғашқы қадамдар жасау.

Қазақстандық тарихи білімнің зерттелу деңгейін қазіргі кезде еліміздің егемендігі мен бейбітшілігін сақтауда тұлғаның отан тарихына деген қызығушылықтарымен байланыстыру, ұлттық құндылықтарын дамыту арқылы қазақстандық отансүйгіштік қалыптастыруға үлкен мән беріліп отырғандығы ҚР Президентінің Республика халқына жолдауларында, мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамаларында, «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында», «Қазақстан -2030», «Әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің санатына ену», «Зияткерлік

ұлт қалыптастыру» бағдарламалары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарында, ағымдағы басылым беттерінде айқын аңғарылады.

Әрине, орта мектеп тарихында іргелі пәндермен қатар, Отан тарихы оқылатыны белгілі және оның қажеттілігі түсінікті, себебі егеменді елдің жас ұрпақтары өз Отанының тарихын мақтан етуге міндетті. Сондықтан да, орта мектеп тарихының басты міндетті ісі ағартушылық және тәрбиелік мәселелерді іске асыру болып табылады. Бұл проблемалық мәселелерге бүгінгі білім беру саясатына енгізгелі отырған үштілділік саясаты қосылып отыр. Енді Қазақстан тарихы қазақ тілінде, ал, дүниежүзі тарихы орыс тілінде оқытылмақ. Бұл үрдіс бүгінде Назарбаев зияткерлік мектептерінде жүргізіліп жатқан саясат. Ендеше, үш тілде білім берер болсақ, **қазақ елінің тарихын оқытуда өте жіті қадағалауды қажет етер мәселелер алға қойылу қажет деп есептейміз. Тарихтың оқу бағдарламалары қайта қарастырылып, оқытылар әрбір тарихи оқиғалар тізбегі, білім алушының бойына өз Отанына, Отан үшін қызмет еткен қайраткерлер, батырлар, хандар мен ел үшін жанын қиған азаматтардың еңбегіне жан-жақты талдау жасалуға, отанымыздың тарихи өлкелері мен сол өлкелерде болған тарихи оқиғаларға ерекше көңіл бөлініп, білім алушының қабылдау деңгейі ескертіліп, интеграцияланып, логикалық ой-тұжырымдарға негізделіп, оқулықтарға ерекше стильде жазылуы дұрыс.**

Мәңгілік ел идеясын жүзеге асыруда тарихи білім негізгі үш бағытты негізге алуы қажет. Біріншіден, **Тәуелсіздік алғанға дейінгі қазақ жері (тарихи тұлғалардың елін, жерін қорғау үлгісі бағытында)** болуы. Қазақ елінің бақыты тәуелсіздік алғанға дейінгі ел тарихындағы тарихи оқиғалар тізбегі нақтыланып, білім алушының қабылдау деңгейіне үйлестірілген мәңгілік ел идеясының негізінің қамтылуы. Ұлы дала халқының ұлттың шынайы өткенін көрсететін ғылыми тарихи оқиғалар. Сондықтан, тек

XV ғасырдан бергі тарих емес, ата-тегінің шығуынан, сақ, үйсіндерден бастау алатын «Қазақ тарихы» деп аталуы тиіс.

Қазақ хандығының құрылуына дейінгі ұзақ тарихи кезеңде ұлан-байтақ Орталық Азия өңірін мекендеген түркі тілдес ру-тайпалардың ортақ аумақта өмір сүріп, бірте-бірте бірігуі мен дамуы арқылы өз алдына қазақ халқы болып қалыптасу процесінің алғышарттары қалыптасты. Ежелгі заманның тарихи деректері бүгінгі қазақ ұлтының арғы тегі сақ, үйсін, ғұн және қаңлы тайпалары екенін көрсетеді. Жүргізілген ғылыми зерттеулер Қазақстандағы номадизм тарихы біздің дәуірімізге дейінгі VIII ғасырдан бастау алатынын дәлелдейді, осы кезеңде алғашқы этномәдени қауымдастықтар қалыптасып, олардың күн көрісі шаруашылық жүргізудің жаңа тәсілі – көшпелі мал шаруашылығымен байланысты болды [7].

Екіншіден, **тәуелсіздік қарсанындағы қоғамдық-саяси жағдай бағытында** білім беру. Бұл бағыттың да мағынасы терең. Себебі, тәуелсіздік қарсаңындағы бұрынғы кеңес кезеңіндегі хал-ахуал, қоғамдық-саяси жағдайдың біздің елімізге тигізген пайдасы мен қиыншылығы, халықтың әл-ауқаты, желтоқсан оқиғасы, тарихи оқиғалар тізбегінен жан-жақты тізбеленген тарихи сәттердің ел тарихында алатын орны ерекше. Мәңгілік ел ұрпағы бұл жайттарды тарих сахнасының жай ғана жағдаяттары деп қарамай, ел болып қалыптасудың ерекше оқиғалары, тарихи-саяси ел ертеңіне жасалған оқиғалар деп қарағаны абзал. Сонда ғана ұлы дала ұрпағын қалыптасарымыз анық.

Үшіншіден, **ҚР дамуының басты бағыттары мен ұлттық болмыс** бағдарын білім алушының бойына ұғындыра білу қажеттігі. «Тәуелсіздік тағдырдың қазақтарға тартқан сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезеңді бастан кешу арқылы қол жеткен өз мемлекеттілігін құруға деген заңды құқығы, бұл даусыз және саяси фактіге ешкім күмән келтірмеуі тиіс» деген Елбасының пайымын баршамыз мән беріп, маңызын терең түсінуге тиіспіз. Жер

бетіндегі әрбір ұлт үшін тәуелсіз ел болу - ұлы арман. Дүние жүзінде 6 мыңға жуық ұлттар мен ұлыстар бар болса, солардың ішінде 200-дейі ғана тәуелсіз мемлекет болып табылады. Тәуелсіздігімізді алып, егемендігімізді бекіткеннен кейінгі еліміздің дамуы, оның әлем алдындағы беделінің өсуіндегі басым бағыттарының ұлтымыздың болмыс-бітімін қалыптастырудағы ролін айқындап алғанымыз орынды.

Қоғамдағы түбегейлі өзгерістер - **білім беру жүйесінде, соның ішінде мектепте Қазақстан тарихынан білім беруде, жастарды азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу, жаңа адамды қалыптастыру, дамыту және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу қажеттілігін жүзеге асыруды** талап етеді. Отан тарихын оқытуда оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, олардың біліктері мен шеберліктерін (іскерлігін) қалыптастыру, өздігінше білім алуға деген ынтасын арттыру, оны өз тәжірибесінде жаңа жағдайларға байланысты қолдана алу, ой-пікірінің дербестігі мен еркіндігін кеңейту - өте маңызды мәселелер болып табылады. Тарихты оқытуда оқушылардың белсенділігін, өздігінше атқаратын ой-еңбегін арттыруда оқушылардың өздік жұмысы ерекше орын алады. Өздік жұмыстары логикалық тапсырмаларға жұмылдырылуы тиіс. **Білім алушы тарих пен қатар өзіндік көзқарасын қалыптастыруға дағдылануы, тарихи оқиғаларға жан-жақты жауап беруге ұмтылуы тұлға қалыптастырудың бірден-бір жолы.**

Ұлттық діл -ұлттың рухани мінез-құлқының бейнесі

Менталитет немесе діл (лат. *menta* – жан құрылымы) – ойлаудың үлгісі, этностың, әлеуметтік топтың, индивидтің жалпы рухани мінез-құлқы. Сондай-ақ діл халықтың этникалық бірлігі мен оның басқа ұлттық құрылымдардан ерекшелігін тану болып табылады [8]. Діл мәдени бірегейленуімен және тұлғаның өзін-өзі белгілі бір мәдени

ортада сезіну деңгейімен байланысты. Адам баласы тумысынан құндылықтар жүйесін (отбасылық, топтық, этностық, өркениеттік, т.б.), көбінесе, баз қалпында, дайын күйінде қабылдайды. Өзгермелі ортада тұлғалық тұрақтылықты жүзеге асыратын мәдени архетип тылсымдық, бейсаналы сипат иеленеді, ал таңбалардың, рәміздердің, мағыналардың пайымдалған жүйесін құрайтын діл саналы талқыға түсіп отырады. Ұлттық мінез-құлық мәдени архетиптермен бірге адамдардың қайталанбалы, табиғи, этнопсихолдық ерекшеліктері арқылы көрініс табады. Осы біркелкілік адами қоғамдастықтардың ортақ табиғи-тарихи ортада қалыптасуымен де, мәдени сабақтастық нышандарымен де тікелей байланысты болады. Мысалы, еуразиялық Ұлы Даланы қоныстанған көшпелі халықтар ұрпақтарының ділінде көптеген ортақ белгілер бар. Діл – әлем картинасын жасайтын және мәдени дәстүр немесе қауымдастықтың бірлігін нығайтатын жалпы рухани көңіл-күй, наным иланым, рух дағдысы, ойдың біртұтас жиынтығы. Менталитет жеке және ұжымдық сананың өзіндік ерекшелігі бар деңгейлерін сипаттайды; бұл орайда менталитет – өзгеше ойлау типі [9]. Менталитет – табиғат және әлеуметтік жағдайлар салдарынан туындайтын және адамның өмір әлемі туралы ұғым-танымын ашатын жалпылық менталитет терминін жанның негізгі орталық метафизикалық мәнін құндылықтар мен ақиқаттың түпдерек ретінде қарастыра отырып, американ философы Р. Эмерсан (1856) енгізді. Менталитет қоғамның мәдениеті, рухани өмірі бейнеленгенде белгілі бір дәуірдің философиялық, діни, саяси, эстетикалық теорияларында көрінетін метаұғым болып табылады. Ал соның ішінде **Ұлттық діл**– этностың, ұлттың жалпы рухани мінез-құлқы. Сондай-ақ діл халықтың этникалық бірлігі мен оның басқа ұлттық құрылымдардан ерекшелігін тану болып табылады. Сол арқылы адамдардың жалпылама және нақты баға-беруі, әлеуметтік позициясы өзінің әлеуметтік бірлігіне және

басқа да қауымдастықтарға белсенді қарым-қатынасы пайда болады. Діл, менталитет - адамдардың белгілі бір қоғамдастығына тән, нақтылы тарихи-мәдени ортада қалыптасқан мінез-құлықтарының және іс-әрекеттерінің біркелкі сипатын білдіретін ұғым [10]. Діл мәдени бірегейленуімен және тұлғаның өзін-өзі белгілі бір мәдени ортада сезіну деңгейімен байланысты. Адам баласы тумысынан құндылықтар жүйесін (отбасылық, топтық, этностық, өркениеттік, тағы басқалар), көбінесе, бәз қалпында, дайын күйінде қабылдайды. Еркін тандау қабілеті негізінен, шығармашылық қарымы, жасампаздық дарыны мол тұлғаларға тән. Осыған орай, ең алдымен, этностық сананың тұрақтылығын, дүниетанымының әмбебапты болатындығын ескерген жөн. Діл «біз және біз емес» деген ажыратушы оппозицияға негізделеді. Ділді оған табиғаты ұқсастау мәдени архетип пен ұлттық мінез-құлықтан ажырата білген жөн. Өзгермелі ортада тұлғалық тұрақтылықты жүзеге асыратын мәдени архетип тылсымдық, бейсаналы сипат иеленеді, ал таңбалардың, рәміздердің, мағыналардың пайымдалған жүйесін құрайтын діл саналы талқыға түсіп отырады. Ұлттық мінез-құлық мәдени архетиптермен бірге адамдардың қайталанбалы, табиғи, этнопсихологиялық ерекшеліктері арқылы көрініс табады.

Ұлттық ділді қалыптастыратын негізгі құрамдас бөліктер: Ұлттық психология, Ұлттық мінез, Ұлттық мүдде, Ұлттық өзіндік сана. Ал Ұлттық мінез-құлық ең алдымен Ұлттық сезім арқылы қалыптасып төмендегі үш элементтен тұрады.

Біріншісі – *ұлттық намыс*. Бұл ұғым адамның өз ұлтын қадірлеу, сыйлау, өзгелердің алдында оның беделін түсірмеу, ұлт өкілі ретіндегі адамның өзінің үнемі қадірінің болуын ойлап әрекет етуі сияқты сезімдердің жетегінде жүруін көрсетеді. Бұл ұғымның сезімдік реңкі басым.

Ұлттық сезімнің екінші элементі – адамның белгілі бір ұлтқа *тәнділікті сезінуі* болып табылады. Ол әр адам мен азаматтың

өзінің белгілі бір ұлттың өкілі екендігін сезінуін көрсетеді. Ұлтқа тәнділікті сезіну белгілі деңгейде оның әрекетіне әсер етеді. Бұл – дүние жүзіндегі елеулі ұлт өкілдерінің бәріне тән қасиет. Ұлтқа тәнділікті сезіну Отанға деген сезіммен үндес болып келеді.

Ұлттың мақтаныш сезімі де әлеуметтік психологияда жиі ұшырасатын құбылыстардың бірі. Адам өзінің мемлекетінің жерімен, оның қазба байлықтарымен, бай мәдениетімен, қызықты тарихымен, ұлы адамдарымен мақтанады. Бұлар – шет жұрттықтармен кездесіп-танысқанда тілге тиек болатын нәрселер. Өзгелер сияқты қазақ халқының да ауыз толтырып, мақтанып айтатындары аз емес.

Ұлттық қадір, ұлттық мақтаныш, ұлтқа тәнділікті сезіну бәрі қосылып келіп, адамның өз ұлтына деген эмоциялық қатынасын білдіретін, оның ойы мен әрекетіне мұрындық болатын психологиялық күйдің жиынтығын құрайды. Бұл үшеуі ұлттық психологияның құрамына енетін ұлттық сезімдеп аталатын кешеннің құрамдас құрауышы есебінде қарастырылады.

Ұлттық ділді қалыптастыратын факторлар:

- халықтың басынан өткерген тарихы;
- ұзақ жылдар бойы айналысқан шаруашылық түрі;
- төлтума мәдениеті;
- ақпарат алмасу тілі;
- салттары мен дәстүрлері;
- тұрған жерінің табиғаты және климаттық жағдайлары;
- діні;
- әлеуметтік-демографиялық жағдайы.

Бұл аталғандардың соңғысынан басқалары ғасырлар бойы көп өзгеріске ұшырай бермейді, ұзақ уақыт сақталады. Соған сәйкес ұлттық ділді де халықтың санасына әбден орныққан құбылыс болып табылады, оны өзгерту өте қиын және ұзаққа созылады.

Мәңгілік Ел аясында ұлттық ділді қалыптастырудың жолдары ең алдымен жанұядан бастау алады.

Жанұяда балалардың тәрбие барысында табысты ықпал жасауда басқа да жағдайлар-

ды сипаттайтын белгілерді атауға болады. Оларға төмендегі мәселелер жатады:

1. Жанұяның этникалық құрамы және құрылымы: толық, толық емес жанұя, бір балалы, көп балалы, бір ұлттық, көп ұлттық жанұя.

2. Тіршілік әрекетінің және ортаның жағдайлары: жанұя мүшелерінің білім дәрежесі, еңбектану, кәсіпшілік құрамы, бюджеті, жалпы материалды әл-ауқаты, ауылдық және қалалық жанұя.

3. Жанұяның мәдени потенциалы: күнделікті тұрмыстың жалпы мәдениеті, күн режимі, демалыс және оның нысаналары, кітапхананы, теледидарды, музыка аспаптарын пайдалана білуі, спортпен айналысуы, жанұяның дәстүрлік мерекелері.

4. Жанұяның ішкі қатынастары: жанұя микроклиматының сипаттамасы, жанұядағы көзқарастың бірлігі және айырмашылығы, оның мүшелерінің өз міндеттеріне көзқарасы, жауапкершілігі.

5. Қоғамға көзқарасы: еңбек және қоғамдық міндеттерге, қоғамдық тәрбие институттарына қатысты.

6. Жанұяның тәрбиелік жағдайы: жанұя тәрбиесінде қолданылған әдістер ата-аналардың және басқа мүшелердің педагогикалық мәдени дәрежесі, т.с.с

Жанұяның жоғарыда көрсетіліп отырған белгілері тәрбиелік ықпалымен, ұлттық ділді қалыптастырудағы орны жоғары.

Қорыта айтқанда, Президент алға қойған зияткерлік реформасы – бола-шақтың біртұтас ұлты – Қазақстанды одан әрі дамытудың ұлы негізі, қоғамды Мәңгілік Ел ұлттық идеясы төңірегінде топтастыру әдісі. Елдің өркендеуі мен тәуелсіздігі, азаматтық теңдік, еңбексүйгіштік, қоғамдық келісім мен ұлттық бірлік, әділдік, заңның басымдығы, отбасы және дәстүрлер – бұл құндылықтардың бәрі мемлекетіміздің тұрақтылығы мен өсіп-өркендеуінің тұғырлы іргетасы екені сөзсіз.

Қазіргі Қазақстандағы конфессиялық жағдай. Діни экстремизмнің алдын алу жолдары

Қазіргі таңда дүние жүзінде үздіксіз жүріп жатқан халықаралық үрдістер кез келген елдің назары мен қатысуын талап етеді. Өйткені, әлемдегі әр ел осы өркениеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, қай ел болмасын, өзін жеке дара өркениет деп те атауға болады.

Өркениеттер қақтығысы тұсында әлемде діни өркениеттер қақтығысы да орын алуда. Дүниежүзінде діни негіздегі қақтығыстар жиі кездесіп отырады. Алайда, діннің басым жағдайда ұлттар мен халықтарды біріктіруші қызмет атқаратындығын да мойындамауға болмайды. Қай жақтан қарастырмасақта, діни жағдай мен діни мәселе өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Әлемдегі көптеген қақтығыстар осы дін мәселесіне байланысты шығып отырғанын көруге болады. Қазақстан өзінің геосаяси орналасуына, мәдени-өркениеттік байланыстарына, әлеуметтік-экономикалық дамуына байланысты әлемдік процесстерден тысқары қалуы мүмкін емес.

Қазақстан халықтарының индустриалық қоғам құрып, ортақ мемлекеттік мәдениетке бірігуі үшін ең алдымен бұған кедергі болатын діни фундаментализмнің табиғатын анықтап, еліміздегі исламның ерекшеліктерін байыптауымыз керек. Өйткені, халқының 70 пайызы мұсылман болып саналатын Отанымыздың ендігі тағдырын исламның әсері мол болатыны анық. Елімізде ислам дінін ұстанушылардың көбейе бастауы бұл діннің принциптеріне ерекше назар аударып, жан-жақты талқылау қажеттілігін арттыруда. Себебі, Ислам дінінде саяси-қоғамдық, рухани өмірдің барлық саласы қамтылған. Солардың бірі діни сенім және діни төзімділік мәселесі. Ислами идеяларды өркениеттік тұрғыда қабылдап, оларды еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму жолында қолдана білсек, біздің қоғамдағы біраз мәселелер шешімін табары сөзсіз.

Қазіргі Қазақстан қоғамы өзінің көп ұлтты және көп конфессиялы сипатқа ие бола тұрып, өзінің ынтымақтасқы пен татулық үлгісімен әлемге әйгілі болып отыр. Осы ішкі

тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан дін саласы мен ұлттық қауіпсіздік саласына қатысты мемлекеттік саясатты қолдануда [11].

Қазақстан Республикасы жүргізіп отырған конфессияаралық қатынастар саласындағы саясат Қазақстан мемлекеттілігінің дамуы қазіргі заманғы жаһандық процесстер контекстінде жүзеге асуы фактісін ескеру арқылы қалыптасуда. Егеменді жиырма бес жыл ішінде Қазақстанда қоғамдағы жасампаздық пен келісім жағдайын және тұрақтылықты қамтамасыз ететін этностар мен діндердің өзара әрекеттесуінің тұрақты моделі қалыптасты. Президент Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей, «біздің этносаралық және дінаралық келісімнің моделі – ол әр түрлі конфессиялардың өзара әрекеттесуінің бүкіл әлемдік процессіне Қазақстанның қосқан шынайы үлесі». Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері еліміздегі дінаралық қатынас саласында мемлекеттік сарабал саясат жүргізіліп келеді.

Қазіргі кездегі діннің маңыздылығы – рухани-адамгершілік құндылықтардың жаңартылған жүйесін құруға бағыттау, экстремизм, терроризм және діни радикализм идеологияларын қабылдамауға үйрету, сол зиян әсерлердің алдын алуда, дұрыс жолдан адаспауын, тұрақты ой қалыптастыруда дінтану ілімінің рөлі ерекше. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, кейбір мемлекеттерде діни білімсіздіктен халықтың басқа секталарға кіру орын алып, ақырында бір мемлекеттің бірлігі шайқалып, келеңсіз оқиғалармен аяқталып жатыр. Қазіргі кезде біздің елімізде де белгілі бір идеологиялық білім ретінде дінге деген қажеттілігі бар. Сол себептен, Қазақстан халқы түрлі ұлттан тұратындығын, конфессиялық сипатын ескере отырып, дінтану пәнін орта мектептерде оқытылу бұйрығы енгізілді. Осы тұрғыдан Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Біз бұқара санасындағы діншілдіктің артуына әзір болуымыз керек, онда тұрған қатерлі ештеңе жоқ. Жалпы дін өздігінен өнегелі ақиқаттан бөтен ештеңе үйретпейді. Жал-

ғыз-ақ, бізге қауіп төндіретіні: діни біліміміздің деңгейі онша жоғары болмай отырғаны» [12], - деген ескертпесі бүгінде айрықша теориялық-әдіснамалық мағынаға ие екендігін көрсетті. Соның нәтижесінде біздің елімізде де «Дінтану негіздері» атты пән мектептегі 9-сыныпқа және ЖОО-дағы оқу бағдарламасында қосымша пән ретінде енгізіліп, оқытылып жатыр.

Себебі, дін дегеніміз – өте нәзік те, өте қауіпті құрал. Қоғамда орын алып жатқан, жалпы қоғамдық індетке айналып отырған діни қақтығыстар діни сауатсыздық кесірен болып отыр. Сондықтан, мемлекеттің болашағына қауіп төндіретін келеңсіздіктердің алдын алу үшін, еліміздегі білім беру мазмұнындағы дінді оқытуда оны ұлттық дүниетаным мен салт-дәстүрімізге негіздеуіміз керек.

Қазіргі таңда қоғамымызда ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі қазақ мұсылмандығын исламға жат дүниетанымдағы жеке ағым ретінде көрсету белең алып барады. Қазақтың дәстүрлі діни түсінігін сынап, оның негізгі ұстанымдары мен идеяларын жоққа шығару әрекеті көзге түседі. Яғни, діни танымдағы әрбір ұғым, категория, символдар мен тұғырлардың Құранда орын алып алмағандығы негізгі өлшемге айналды. Тарихи құндылық көзіне айналған, дәстүрлі мұсылмандық түсінігіміздің айнасы болған Йассауи мұрасын аксиологиялық қабылдау аясынан шығаруға ұмтылатын күштер немесе топтардың белсенділігі көзге түседі. Бұқаралық ақпарат құралдарының дін мен саясат арақатынасына немқұрайлы қарауы және дінді саяси топтардың құралына айналдыруы да негізгі фактор. Әлемдік жаһандық құбылыспен бірге келе жатқан исламофобия, террорлық әрекеттің дінге, исламға негізделуіне көзжұмушылық, түсіне алмаушылық сияқты психологиялық кедергілердің барлығы жалпы алғанда діни танымға тіреліп отыр. Қоғамымызда сыртқы және ішкі топтардың әрекеті арқылы тарихи сабақтастыққа, санаға қарсы жұмыс жүргізіп, өткен тарихымыз бен діни тәжі-

рибеміз туралы теріс пиғыл тудырып жатыр. Сопылық түсінігі сынды, ата дәстүріміз бен салт-санамызға қарсы шығу деген бүкіл тарихымызға, мәдениетімізге, сайып келгенде, қазақ халқының тарихына қарсы шығу болып табылады.

Бүгін уаххабилік жолындағы миссионерлер қазақ мұсылмандық түсінігіне оның тарих бойы жинақталған, болмысқа айналған, түсінік танымын жоққа шығарып бағуда. Бұл дегеніңіз зардабы кешегі коммунистік идеология жүргізген ұлтсыздандыру саясатынан да асып түсетін қасірет. Бұлар қазақты бүгін ғана мұсылмандықты қабылдаған ел сияқты көрсетіп, өздерін таза ислам атынан, кей жерлерде Алланың атынан сөйлеп халықты қалыпты діни сенімі мен танымынан бездіруге жұмыс жүргізіп жатыр. Демек олар қазақтың сан ғасырлық тарихы мен діни тәжірибесін жоққа шығаруды мақсат еткен. Бұл нағыз революциялық тенденция. Ал исламның рухында революция емес, эволюция ғана бар екендігін неосалафилер сезінбейді де. Тек өздерінің танымын ғана тықпалай береді. Яғни, еркін сұхбатқа емес, психологиялық қысымға негізделген рухани экспанциясын жүргізіп отыр. Бұл зайырлылық ұстанымына қайшы әрекет [13].

Сондықтан, діннің адамзаттың рухани мәдениетінің маңызды бөлшегі екендігін естен шығармағанымыз абзал. Дін арқылы адамдар арасындағы рухани байланыстан, ұлтаралық келісім мен қоғамның беріктігі, адами құндылықты, салт-дәстүрді сақтаудың ең жақсы мүмкіндігін көре білуіміз қажет. Ал ұлттық мәселелердің дұрыс шешілуі Қазақстанның халықаралық қауымдастықта лайық орынға ие болуына, әлемдік өркениеттің горизонттарынан орын алуға мүмкіндік береді.

Сонымен соңғы кездері елімізде орын алып жатқан экстремизмге қарсы күрестің бірден-бір жолы – олар туралы өз уақытында шынайы мәлімет беру. Бұл жерде әрине күнделікті ақпарат құралдарының рөлі өте жоғары. Әйтсе де, жас өспірім балалар үшін ақпарат құралдарының беретін мәліметі де

жеткілікті емес, Секталардың, экстремистік топтардың қаупі туралы жастарды көбірек хабардар етіп отыру қажет. Ол үшін барлық мектептерде «Дінтану» сабағымен қоса мамандар қауіпсіздік сабақтарын өткізіп, онда экстремистік топтарды, тоталитарлық секталарды қалай білуге болатынын түсіндіріп, олардан қалай сақтану жолын көрсетіп отырулары керек.

Діни экстремизмге жол бермеу, оның алдын алу шаралары осыған байланысты азаматтардың құқықтарын түсіндіру, оны оқыту, сондай-ақ, құқықтық оқудың мақсаты мен тәсілдерін айқындау қажеттілігі туындайды. Себебі, діни экстремизмнің негізгі мақсаты қазіргі демократиялық зайырлы мемлекеттік құрылымдарды құлатуға және оның орнына діни мұсылмандық мемлекет халифат құруға бағытталған. Олар саяси мақсаттарға жету үшін исламдық діни сенімнің шынайы мағынасын бұрмалағысы келетіндер қатарынан.

Осы орайда, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы республикалық ислами діни бірлестік ретінде Қазақстандағы исламның жаңғыру үдерістерінің басы-қасында болуы тиіс. Қоғамдағы діни саладағы келеңсіз жайттарды тиімді шешу жолдарын іздестіру – ҚМДБ-ның басты міндеттерінің бірі [14].

Ол үшін:

1 Діни басқарманың қабылданған 2020 жылға дейінгі қызметін дамыту Тұжырымдамасына сәйкес мамандар дайындау, білім беру жүйесін жақсарту, кадрлық діни ахуалды тұрақтандыру және дәстүрлі дінімізді кеңінен насихаттау жұмыстары айқындалуы жеделдетіп жүргізілуі керек.

2 Ханафи мазһабы ұстанымын ел аумағында одан әрі қарай дамытып, оның әлеуетін радикалды ағымдардың идеологиясына тойтарыс беретіндей деңгейге көтеру қажет.

3 ҚМДБ имамдарының білімі мен біліктілігін көтеру, қазіргі заманға сай діни маман болумен қатар, зайырлы қоғамның талап-мүдделерін дұрыс түсіне білетін тұлғаларға айналдыру.

4 Діни басылымдарды шығару жұмыстарын бір ізге келтіру арқылы діни ахуалды реттеу. Себебі, көшеде, тіпті мешіттің жанында сатылып жатқан неше түрлі діни басылымдардың көптігінен бас айналады. Әрі олардың қайсысы дұрыс бағытта екендігіне ешкімнің көзі жетіп жатқан жоқ. Осыдан келіп онсызда діни сауаты аз жастарымыздың одан әрі шатасуы көптеп бой көрсетуде. Сондықтан, дәстүрлі Имам Ағзам Әбу Ханифа және Матуриди сенімдерін насихаттайтын ҚМДБ-ның діни сараптамасынан өткізілген кітаптар орналастырылған арнайы кітапхана ашылуы керек. Бұл – жат ағымдарға тосқауыл қоюдың ең тиімді тетігі.

5 Діни шариғат және пәтуа, оқу-ағарту, қажылық, дін істері, мешіт істері, діни сараптама, уағыз-насихат, халықаралық байланыс жұмыстарын жетілдіріп, бір жөнге келтіру.

6 Еліміздің барлық өңірлерін білікті имамдармен қамтамасыз ету.

7 Діни басқарманың ресми сайттарын жөнге келтіру. Себебі, бүгінгі күні интернет жүйесі жастардың ең көп назарын аударатын тақырыпқа айналууда. Дінді оқығаны да, оқымағаны да интернеттен тауып алғанын, ең бірінші қайсысы көзіне ілінсе соны оқып алады да төңірегіне соны жеткізгісі келеді. Неше түрлі интернет көздерінен алған ақпарат жетегінде кететіндер көбеюде. Тіпті, лаңкестік пен экстремизмнің туу көзі мен таралуы да осы интернеттегі ақпараттар легі болып отыр. Сондықтан, осы мәселелердің оң шешімін табуына діни басқарманың арнайы ресми сайты үлкен көмек болады деп ойлаймыз.

8 Имамның дін жолындағы қызметін тыйын-тебенге алаңдамай атқаруына жағдай жасау. Өйткені, шындығында жыл сайын жиналатын пітір-садақаның қаржылай қоржыны қалай жұмсалып, қайда кетіп жатқаны беймәлім жағдай. Бұл халықтың мешітке деген, дін өкілдеріне деген сенімін әлсіретуіне әкеліп соғады. Сондықтан, ашық мемлекет сынды діни басқарманың ашықтығын да қарастырған жөн. Түсіп жатқан қаржылай қоржынның есебі ашық жасалуы

тиіс. Бұл дегеніміз, халықтың мешітке деген сенімін күшейтіп қана оймайды, қайырымдылық пен кеңпейілдік жасауға итермелеп, аса ыждаһаттықпен орындауларына дағдыландыратын болады.

9 Мешіттерде имамдар рухани тоқырауға ұшырап келген азаматтармен дұрыс кеңес беретіндей, адасып келген жандарға тура жол сілтейтіндей рухани әңгімелесуді кеңірек насихаттау керек. Сонда, рухани немесе материалдық жағынан қиындық көріп, арнайы мамандардан (психологтардан, т.б.) көмек алуға «өмірлік ұстанымы» бой бермей немесе қалтасы көтермей, тығырыққа тірелген адамдарға қарапайым әңгімелесу арқылы рухани тұрғыда жетілдіріп, сана-сезімінің ашылуына жағдай туғызады. Бұл түрлі жат ағымдарға амалының жоқтығынан барып, шығып кете алмай жүргендердің қатарын азайтуда тиімді әдісі болып табылады.

10 Білім мазмұнындағы «Дінтану» пәнін толықтыруда елімізде және дүниежүзінде дінге қатысты қазіргі болып жатқан оқиғалармен байланыстырып, түсіндіріп, жас-өспірімдердің өмірге деген дұрыс көзқарасын тұрақтандыру міндетін қою керек. Оқушылардың ой-өрісін кеңейту мақсатында, «Қазақстандағы дәстүрлі исламның ерекшеліктері мен мәселелері», «Қазіргі кезде елімізде орын алған діни сұрақтар», «Орта Азиядағы экстремизм және лаңкестік әрекеттердің жандану себептері мен ерекшеліктері», «Діни экстремизмнің алдын алу туралы ата-аналарға арналған ескертпелер» сынды тақырыптар төңірегінде доеументальды фильмдерді қосымша көрсетуге болады.

Сонымен бұлар – мемлекет пен ҚМДБ тарапынан ұйымдастырылатын шаралар қатары. Сондай-ақ, әр қазақстандық азаматтың да алдына қояр өз міндеттері мен түрлі дәстүрлі емес бағыттар мен ағымдардың ықпалында кетпеуі үшін жасар амал-қайлалары болуы хақ. Сондықтан да, қазіргі таңда мұндай теріс пиғылды ұйымдарға алданып қалмау үшін терроризм мен экстремизмнің жолын кесуде үгіт-насихат жұмыстары аса

кажет. Әсіресе, жастар арасында түсіндіру жұмыстарын жандандыру керек. Ол үшін:

1 Көшеде діни ұйымның жиналысына шақырған уағызшылармен әңгімелеспеуді жетер жеріне жеткізіп, санасына құйып отыру керек.

2 Кез келген діни бірлестіктің сеніміндегі адаммен және уағызшылармен өз діни көзқарасыңыз жайлы таласқа түспеуді әдетке айналдыру.

3. Егер де көшеде діни тақырыптағы паракша, кітапша немесе журнал ұсынса, рахмет айтып, сыпайы түрде бас тарту қажеттігі.

4 Белгісіз діни жиналыстарға бармай, бойларын аулақ ұстау. Себебі, мұндай діни ұйымдардың миссионер-уағызшыларының негізгі мақсаты – өз нанымына иландыру, сөйтіп, құрығына түсіру.

5 Жан саулығы мен тән саулығын сақтау үшін дәстүрлі емес діни бірлестіктердің қатарына қосылардан бұрын өз туысқандарыңыз бен жақындарыңызға зардап тигізетінін ойлану керек. Және кірген есіктің қайта ашыларына күмәнмен қарау қажет.

6 Кез келген діннің сол ұлттың салт-дәстүріне қайшы келетін тұстары жоқтығын түсіндіріп отыру керек. Қандай дін болмасын, ұлттық дүниетанымнан бастау алатынын көкейлерінде жатталып қалуы тиіс. Сонда ғана жастар ата-анасы мен бауырларына қарсы қоятын, халқының салт-дәстүріне күмәнмен қарап, ата дәстүрін белінен басатын жат пиғылды ағымдардың арбауына түспейтін болады.

7 Егер қиындықтар туындап, тоқырауға ұшырап жатса, өз бетімен шешім қабылдауға шамасы келмей жатқан жағдайда, арнайы орталықтарға немесе мешітке барып, имаммен тілдесуі тиіс.

Жоғарыда айтылған барлық ой-пікірлерімізді қорытындылай келе, Исламның – ізгілік, адамгершілік діні екендігіне тағы да көз жеткіземіз. Ұлы тәлімгер Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Шын мұсылман – тілі мен қолынан ешкімге зияны тимейтін адам» деген екен. Осыдан асып, анасына

«кәпірсің» деп тіл тигізіп, асын ішпей, келінге сәлем салдырмай, салт пен сүннетті «соғыстырып» жүрген кейбір жастардың іс-әрекетін олардың діни білімсіздігінен. Осы сынды көзқарастар мен шолақ балақ сым кигін, сақалын сапситқан жігіттерді, бет-аузын бүркемелеген қыздарды көріп, қазіргі күнде Исламға үрке қарау жаппай орын алуда. Тіпті, намаз оқыған жанды көрсек, қай сектада жүр екен деп, секеммен қарайтын заман туды. Ол – әрине, діннің кемшілігі емес. Дінді дұрыс түсіне білмеген, оны даналықпен өміріне ендіре алмаған адамның кінәсі деп білеміз. Дін мен дәстүрді хикметпен қабыстыра алмауында. Әйтпесе, кемелдік – Аллаға, кемшілік – адамға тән екені бесенеден белгілі жайт.

Мұны елімізде орын алып жатқан әртүрлі дінбұзушылық пен экстремистік құбылыстардың астарына үніліп, бәріне ортақ дүние – сүннетті – салтқа, дінді – дәстүрге қарсы қойып екендігі түсінігімізге бағыттауға болады. Ұлттың құндылығы – мәңгі өзімен бірге жасасып келе жатқан тілінде, салт-дәстүрінде, ұлттық өнерінде екендігін назардан еш шығармағанымыз дұрыс! Оларды бір-бірінен бөліп-жарып қарай алмаймыз. Себебі, олар бірін-бірі толықтыра отырып, тұтас бір ұлттың болмысын құрайды. Әрі олар Исламға дейінгі заманнан бастау алып, Ислам арқылы шариғат пен сүннетке негізделіп күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан біздің өмір сүру дағдымыз болып табылады.

Ұлттық мәдениеттің бүгіні мен ертеңі

Қоғам мәдениеті уақыт өткен сайын түбегейлі өзгерістерге ұшырап, өз құндылықтарын елегінен қайта өткізіп, рухани жаңғыруға даңғыл жол ашуда. Сындарлы кезеңдердің талқысынан өтіп қана қоймай, осы бір тарихи дәуірлердің рухын жинақтап, мейлінше бай тәжірибе-тағылымы өз бойына сіңіре білген, өзінің сан-салалық қасиеттерімен ерекшеленетін «мәдениет» атты ұлы күштің бағзы замандардан-ақ адамзат баласының зерттеу және оқып-білу объектісіне айналуы ақиқат. Мәдениет жас мамандарды біртұтас және жан-жақты тұлға

ретінде қалыптастырып қана қоймай, олардың бойындағы өзіндік қабілеттері мен табиғи қасиеттерін барынша дамытатын өркениеттілік құндылықтарға негізделген ілім жүйесін құрау қажет.

Мәдениет (латын. Cultura –өңдеу, егу деген сөзінен шыққан) – табиғат объектісіндегі адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер. Бұл сөзде адам еңбегінің ерекшелігі, оның адамның іс-әрекетімен байланыстылығы, адамның және оның қызметінің бірлігі негізделген. Кейіннен «мәдениет» деген сөз жалпылық маңыз алды, адам жасағанның бәрін де «мәдениет» деп атады. Осы ұғымда мәдениеттің мазмұнды белгілері, түсінігі көрсетілді. *Мәдениет* – адам жасаған «екінші табиғат». *Мәдениет* – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Адамдар өздерін қоршаған ортаға, оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етеді, өзгертеді. Болашақ қоғамға, ұрпаққа мұра етіп қалдырады, ал ол мұра белгілі жағдайда үнемі дамуда болады. Мәдениет әр түрлі әлеуметтік құрылымдардың, топтардың, таптардың, жіктердің, ұлттардың, жеке адамдардың өмір сүру жағдайына, талабына сәйкес пайда болып, қалыптасады [15].

«Мәдениет – ұлттық, ал өркениет – халықаралық категория. Мәдениет бір ғана ұлттың дін, мораль, құқық, ақыл-ой, эстетика, тіл, экономика және тұрмыс-тіршілігінің үйлесімді жиынтығы. Өркениет болса, дамудың ортақ деңгейінде тұрған көптеген ұлттардың қоғамдық өмірінің жиынтығы». Кез-келген ұлттың да дара көрсеткіші – мәдениеті.

Мәдениетке осы сияқты 2000-ға жуық анықтама берілгендігінен-ақ, аталған сөздің қаншалықты маңызды, терең, жан-жақты екенін бағамдауға болады.

Ұлттық мәдениет – бұл ұлттың материалдық және рухани құндылықтарының, сондай-ақ, осы этникалық қауымдастықтың іске асырып келе жатқан табиғатпен, әлеуметтік ортамен өзара ықпалдасуының негізгі тәсілдерінің жиынтығы [16].

Ұлттық мәдениет қоғам, мемлекет қызметінен, оның әлеуметтік институттарынан, сондай-ақ ұлттық дәстүрлерден, рухани құндылықтардан, ойлау стилі мен қағидаларынан, морльдық нормалардан, стереотиптері мен тұлғааралық және топаралық мінез-құлық таптаурын мен өзін-өзі көрсету үлгілерінен, тіл мен өмір сүру салтынан көрінеді. Мәдениетін ұлықтамаған ел тарихын да дұрыс пайымдай алмайды. Адам баласы тіршілік етіп жатқан қоғамда мәдениет жасалады, дамиды. Оны дамытатын – адамның әрекеті мен саналы қызметі, ақылы, қиялы, т.б. Олардың мазмұны мен түрі мәдениеттің даму сатысын көрсетеді. Сондықтан, мәдениеттегі қазіргі бардың, болашақтың сабақтастық байланысын тани білу қажет.

Мәдениеттің бойында тарихи үрдістер мен әр кезеңдердің көріністері және олардың даму ерекшеліктері жинақталады.

Ұлттық мәдениеттің ең негізгі ерекшелігі – бұл оның әртүрлілігі, өзіндік ерекшелігі және қайталанбастығы.

Ұлттық мәдениетті құрушылар міндетін тұтастай алғанда этностар, сондай-ақ қоғамның білімді бөлігі- ұлттық элита: өз мемлекетінің рухани және саяси дамуы үшін жауапкершілікті өз мойнына алатын жазушылар, ғалымдар, философтар, суретші-гуманитарийлер орындайды.

Мәдениеттің өзекті бөлігі – өнер. Таңбалы тастағы кескіндер мен тағы адамдардың ырым-билерінен бастап, халықтың шығармашылық рухынан туған талай сұлу дүниелерсіз, өнер әлемінсіз, қандай мәдениеттің болсын рухын сезіне алмаймыз. Шынында да, өнер мәдениеттің алтын қазынасы, адамның ұлылығын білдіретін ғажап көріністердің бірі – оның әсемдікке, сұлулыққа ұмтылуы. Осыған дейін қарастырылған анықтамалардан бір түйінді ой айтуға болады: мәдениет – адам әлемі.

Ұлттық мәдениет компоненттері. Ұлттық мәдениеттің негізгі компоненттері мыналар болып табылады: 1) тарихи өткені; 2) адамдардың өмірі мен қызметін ұйым-

дастыру түрлері мен формалары, олардың өзара қарым-қатынастары, сонымен қатар олар жасайтын материалдық және рухани құндылықтар арқылы берілген қоғамның белгілі бір даму деңгейі; 3) қызмет ету немесе өмір сүрудің өзіндік салалары (еңбек мәдениеті, саяси мәдениет, көркем мәдениет, музыкалық мәдениет және т.б.). 4) адам қызметінің заттық нәтижелері машиналар, ғимараттар, таным нәтижелері, өнер туындылары, мораль мен құқық нормалары және т.б.); 5) адамның қызмет етудегі күш жұмсауы мен қабілеттері білімі, іскерлігі, дағдысы, интеллект деңгейі, адами және эстетикалық дамуы, көзқарасы, адамдармен араласу тәсілдері мен түрлері); ұлттық тіл. Соңғысының құрамына мыналар кіреді: ұлт дамуы үрдісінде қалыптасқан ұлт тілі; тіл өмір сүруінің бірнеше түрлерінің жүйесі: әдеби тіл (ауызша және жазбаша түрлер), халықтың ауызекі тілінің түрлері мен диалект сөздер; 7) әлеуметтік нормалар, ойлау мен мінез-құлық ережелері (дәстүрлер, салттар, дін).

Мәдениеттің ең басты қызметі ұлттық болмысымызды таныту, ұлттық мәдени-рухани сабақтастықты нығайту. Осы тұрғыдан келгенде, ұлттық мәдениетіміздің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталайық.

Әрбір мәдениет өз дамуында әлемдік мәдениетке өзіндік әсерін тигізбей қалмайды. Қазақ өркениеті де өз дамуында ежелгі көшпелі өркениеттерден бастау алатын (сақ, үйсін, қаңлы, ғұн, ортағасырлық түркі империялары, Алтын Орда, Ақ Орда), кейін қазақ хандығы уақытысында қалыптасқан, түркісоғды, түркі-араб синтездері нәтижесінде исламдық суперөркениеттің құрамына енетін этномәдени бірлестік ретінде бесік, киіз үй, т.б. ешбір халыққа ұқсамайтын еңбек құралдары мен күнделікті тіршілікте қолданатын бұйымдар жасауда үлкен тәжірибесімен, әскери өнердегі өзіндік үлесімен ерекшеленіп, фольклор, музыка, сәулет, медицина секілді ғылымдардағы жетістіктерімен дараланды. Қалалар салып, оның экономикасын сауда мен қолөнер арқылы дамы-

тып, рухани дамуына да жағдай жасады. Әлемдік өркениеттегі үлесті бұлардан өзге Отырардан табылған бай кітапхана арқылы да бағамдауға болады. Қазақтың және оның ата-тектерінің әлемдік мәдениетке қосқан ерекшеліктерін белгілі мәдениеттанушы ғалым Т.Ғабитов былайша өрбітеді:

1. Еуразиялық көшпенділер кеңістікті игеруде адамзат тарихындағы бірінші жетістікке жетті. (К.Ясперс атап өткен жылқыны пайдалану);

2. Номадалар адамдандырылған қоршаған ортаны кеңейтті, шөл мен шөлейттерді үйлесімді игере алды;

3. Еуразиялық көшпелілер тарих катализаторлары (А.Вебер) қызметін атқарды, олардағы миграциялық үрдістер жана өркениеттердің қалыптасуының себебі болды (Үнді, Иран, Ғұн мемлекеті, Араб халифаты, т.б.)

4. Ұлы жібек жолы және басқа да мәдени коммуникациялық жүйелер арқылы ілкі түркілер мен түркілер Батыс пен Шығыстың арасында дәнекерлік қызмет атқарды, олардың сұхбатына себепкер болды.

5. Қазақтың арғы тектері әлемдік өркениеттіліктің шалбар, алдаспан, киіз үй, күйме, металл өңдеу, зергерлік, ұсталық сияқты артефактыларын алғашқылардың бірі болып енгізді.

6. Түркілердің әмбебапты дүниетанымдық жүйесі – тәңіршілдік адамдық ынтымақтастық пен келісімділіктің маңызды формасы болды.

7. «Адам бол» ұстанымы, әлемді Жарық дүние деп түсіну, адамның көңіл-күйіне мән беру, ғарыш және басқа адамдармен үйлесімділікте болу, жасы келгендер мен баланы қастерлеу сияқты қазақ дәстүрлі әдебінің құндылықтары қазіргі руханиятта ерекше орын алады.

Түркі өркениеті негізінде қалыптасқан қазақ мәдениетінің жетістіктері бұлармен шектелмейді. «Әрбір жұрттың өзіне тән өркениеті бар. Өркениет деген бар халықтың міндетті түрде жетіп жығылатын мәресі ғана емес, ол оның өз болмысының көрінісі. Өр-

кениеттілік мәні оның даралығында. Сондықтан мынау өркениетті қоғам екен деп оған бірден бас қою – қате», - деген академик Ғ.Есім қазақ өркениеті мен мәдениетіне анықтама ретінде бірге айтылатын тағылық, көшпенді түсініктерден арылу қажеттігін айтады. Қайсыбір қоғамды, ұлтты, адамды өркениеттілік пен мәдени жағынан салыстырғанда абай болған жөн. Рухани жағынан өркениеттілігі қандай деген мәселе алдымен тұруы тиіс. Бұл үшін ең алдымен, мәдени үрдістер мен жәдігерлеріміздің мазмұнын, өркениет дамуындағы маңызын саралап алған мақұл.

Бүгінгі таңда түркі мәдениеті мен өркениеті де дербес ұлттар бірлігінде дамудың жаңа биігіне көтерілуде.

«Мәңгілік ел» ұлттық идеясының негізгі құндылығы – Ұлттық тәрбиеде

Егеменді ел болып, әлем мойындаған өркениетті елге айналуымызға себеп, қазақстандық әр отбасының, әр бір тұлғаның беріктігі, тәрбиесі, ішкі иманымен, береке-бірлігі негізінде қол жеткізіп, мемлекетке қомақты үлес қосу нәтижесінде өркениетті, мәдениетті саналатын халыққа айналып, сапалық жағынан ілгерлеп, индустриялық-инновациялық мемлекет құруға көшіп отыр. Ендігі заңғар жол Мәңгілікке қол жеткізу. Яғни, «Мәңгілік ел» идеясын жан-жақты құрастырып тәуелсіз халық болу, мұның астарында мемлекеттік идеядан туындайтын ұлттық мүдде, ұлттық ұстын, қазақтың мәңгілік ғұмыры, ұрпақтың баянды болашағы жатыр. Бұл жөнінде, Елбасы өз жолдауында: «Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі, оны ұстап тұру әлдеқайда қиын. Бұл - әлем кеңістігіндегі ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – «Мәңгілік Ел» біздің өз қолымызда.

Ол үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек» [1] - деген сөздерімен әр бір қазақтастындықтың жүрегіннен орын алды. Мәңгілік елдің құндылығы тілі мен діні, ділі мен тәрбиесі, мәдениеті мен азаматтық борышында. Ал, осының барлығын ұстап, өрбітуші – ұлттық тәрбие болмақ. Ұлттық тәрбие ұғымын ғылымға алып келген ұлы ағартушы-педагог М.Жұмабаев болатын. Ол өз еңбегінде: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті». Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу. 1995 жылы Ж. Наурызбаевтың «Ұлттық мектептің ұлы мұраты» кітабында оқушыларға ұлттық тәрбие беру ұлттық мектепте жүзеге асырылатыны, ол үшін оқушыларға этномәдени білім беру, сонда ғана «Бізге қажетті – жаны да, қаны да қазақы, халықтың тілі мен дінін, тарихы мен салт-дәстүрін бойына ана сүтімен бірге сіңірген, туған жерін түлетуді, егеменді елінің еңсесін көтеруді азаматтық парызым деп ұғатын ұрпақ тәрбиелеу» деп, ұлттық тәрбиенің мақсатын нақты көрсетті [17] Ал міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі – ана тілі болып қалатынын негіздеу, қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеуде жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру, бүгінгі қазақ елінің индустриалдық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін парасатты, ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу, білім және мәдени-рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын

қамтамасыз ету, қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру. Тәрбиенің басты нысаны – елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болса керек. Ұлттық тәрбие қашанда ауада қажет, себебі ұлтжанды азамат тәрбиелеу және қазақ қоғамында орын алып отырған көптеген келеңсіз қасіреттер мен мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, дінін, ділін, ұлттық салт-дәстүрін, мәдениетін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, ішімдікке салынған, темекі шегетін, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да, ертеңгі ұрпақтың тәрбиесін бүгіннен бастап қолға алып, жастарымызды ұлтын сүйетін ұлтжанды, Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат етіп тәрбиелеу үшін оларға ұлттық тәрбие қажет екенін өмірдің өзі-ақ көрсетіп отыр.

Жоғарыда айтып өткен Мәңгілік ел аясында ұлттық тәрбиенің негізгі дінгегін құраушы бөлімдерге нақты тоқталып, бүгінде қоғам өзгерген, дамыған заманда жүзеге асыру жолдарына мән беріп өтер болсақ:

1. Ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрып. Қазіргі біздің алдымызда тұрған миссия қазақ халқының салт-дәстүрімен, әдет – ғұрыпын, қадір-қасиетін Қазақстанда тұратын бар халыққа дәріптеп, елімізде жастарды ізгілікке, тәрбиелікке баулу. Өз ұлтының тәрбиесін сүйіп өскен бала, өзге ұлттың тәрбиесіне жаман көзқараспен қарамасы анық. Өз елінің салты мен дәстүріне қанық болып, тәрбиесін алып өскен ұрпақ халқын сүйері анық. Қай заманда болмасын, қазақ халқының дәстүрі мен әдет – ғұып өнегесі бала тәрбиесіне тигізер әсері мол болып келді және де қала бермек.

2. Тәрбиенің екінші өзегі әдептен құралады. Жас буында әдептілікке баулуда имандылық әдебін, қайырымдылық әдебін, салауаттылық, жауапкершілік әдебінің мәнін жан-жақты түсіндіре отырып тәрбилеген дұрыс.

3. Ұлттық рух. Ұлттық намыс. Патриоттық тәрбие. Адам баласының бойына ұлттық рух, намыс, патриоттық, адамгершілік, ибалық, т.б. ұғымдар отбасы тәрбиесінен бастау алары анық. Бұл тәрбиенің түрі бөбек жасынан есейгенге дейін берілетін тәрбие болып табылады. Профессор М.Ғабдуллин өзінің «Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес» еңбегінде «Бүгінгі жастарды ұлтжандылық рухта тәрбиелеуде ақын- жыраулардың өнеге сөздерінің белгілі мөлшерде пайдасы бар екені нақ. Мұндағы тәрбиелік мәні бар әңгімелер жастарға жат емес. Халықты сүй, халық үшін ерлік еңбек ет, ел-жұртқа қорған бол деушілік қазіргі күнде ескірген сөздер емес, қайта мағыналы, мәнді сөздер. Сондықтан бұлардың ішінен жастарымызды тәрбиелеуде әсер ететіндерін тандап алып, орнымен пайдалана білсек, нұр үстіне нұр болар еді», - [18] дейді.

Осы тұрғыдан алғанда қазақтың ұлы ойшылдарының кеменгерлік ой-пікірлерін оқу-тәрбие ісінде орынды пайдалана отырып, оқушы-жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеу – әрбір тәрбиеші ұстаздық басты парызы болып табылады. Патриоттық, ұлттық рухты ояту, ұлттық намыс сияқты құнды, ұлттық құндылықтарды дәріптеуші тәрбие түрі ешқашан аздық етпейді.

4. Толеранттылық тәрбие негізінде ұлттардың тарихи-мәдени айырмашылықтарын құрметтеу. Қазақстан осында өмір сүріп жатқан әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың шынайы Отаны бола білді. Олардың жалпы тарихи тағдырлары ұқсас және біздің бәріміз үшін бейбітшілік пен достықты, ұлтаралық және конфессияаралық татулықты сақтау маңызды болып қала бермек. Тек өзінің ұлттық шығу тегін сыйлаған адам ғана басқалардың мәдениетін сыйлай алады. Басқа этностардың рухани дүниесін терең түсіне білгенде ғана сол түрлі ұлт адамдары-

ның басын біріктіре алады. Қазақ халқы тарихтың жазуыменен елімізге кіріккен көптеген ұлттарға бауырмалдық танытып қана қойған жоқ, оларға барынша демеу болып, қолдау көрсетті. Біздің байтақ даламызда өсіп, өркендеуіне жол ашты. Бүгінгі көп ұлтты Қазақстандағы татулық пен келісімнің болуы да, ең алдымен, қазақ халқының ұлылығын танытса керек. Қазақтың қонақжайлығы мен дарқан мінезіне өзге ұлттар үнемі өз алғыстарын айтып, өздерінің жоғары бағасын беріп келеді. «Қиындық атаулыны жеңетін бір-ақ күш бар, ол – бірлік». Осы бірлігімізді, татулығымызды жоғалтпай, одан әрі бекіте түсу үшін Елбасының бекіткен «Рахмет» мейрамын тойлауымызды да мысалға алуға болады. «Рахмет» мейрамы тек өзге ұлт өкілдеріне қатысты емес, жалпы Қазақстандық азаматтардың барлығын бір-бірін құрметтеуге, сыйлауға, рахмет айта жүруге үндейді.

5 *Еңбек тәрбиесі.* Жас ұрпақты халқымыз жалпы еңбек сүйгіштікке тәрбиелей отырып, «он саусағынан өнері тамған» нақты кәсіп иесі болуын көздеді.


Бүгінде қоғамның басты талаптарының бірі – әр азаматтың өмірде өз орнында толық күш-жігерін жұмсап, қоғамдағы байлықты еселей түсуге еңбек үлесін қосуы, еңбекке адал, саналы қатынасу болып табылады. Еңбек тәрбиесінің негізгі мақсаты – жас жеткіншектерге еңбек туралы тәрбие беру

және жеке адамды жан-жақты дамыту. Бастысы еңбекке даярлау ғана емес, сонымен қатар, жас жеткіншектерді біліммен, іскерлікпен және дағдымен мен қаруландыру қабілеттілігін дамыту, мамандық таңдауға көмек беру болып табылады.


Мәңгілік ел болудағы білім мен ғылым

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Қазақстан халқына арналған жолдауында «Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да жігерлі, білім өрісі биік, денсаулықтары мықты өкілдері болады. Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр. Олар қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгереді, олар бейбіт, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болады» [1] - деп көрсетілгендей, ертеңгі келер күннің бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш – ұлттық білім мен ғылымда екендігін көреміз. Ұлттық білім мен ғылым дамымай біз алысқа бара алмайтындығымыз, жаңа технологиялардың, инновациялық әдістерді меңгермейінше алға ілгерлемейтінімізді түсінуіміз керек. Сондықтанда бүгінгі білім беру парадигмасы төмендегідей кесте негізінде болмақ:

1- кесте



2-кесте. Ұлттық білім беру моделінің жобасы



Кестені ашып, көрсетер болсақ:

I. Тәрбие өзегі балабақшадан басталады демекші, жас буынды тәрбиелеу жұмысының негізі отбасында қаланып, жалғасын балабақшадан табуы тиіс. Тәрбиенің өзегі ұлттық педагогика, ұлттық құндылықтар, жалпы адамзаттық қасиеттерге бағыштайтын қасиеттермен қанығып өсуі бірінші кезекте қаралады. Балдырғандарға берілетін білім мен тәрбиенің оңтайлы болуы олардың болашағының іргетасының берік болуына тікелей байланысты. Ал, **бастауыш мектеп буынында** (патриоттық тәрбие негізі қаланады) ұлттық тәрбиемен таныс, рухани құндылығы даму үстінде жүрген балалар бастауыш сыныпқа қадам басқанда жеке тұлға ретінде адамгершілік қасиеттерді, қоршаған ортаға деген эмоционалды-құндылық қатынастарды, оқу процесіне оң мотивацияның қалыптасуын және таным әрекетіндегі жеке қабілеттері мен шеберліктерінің дамуын, сондай-ақ, патриот азамат ретінде қалыптасуға көшеді. Жеке тұлғаның бойына мұндай қасиеттерді қалыптастыруға ата-аналар мен мұғалімдердің еңбегі талап етіледі. Бұл жөнінде қазақ тілінде жүргізілетін мектептер үшін жазылған *«Ұлттық тәрбие» атты оқу бағдарламасында* бастауыш сынып балаларына білім мен тәрбие үдерісін жүйелі түрде ұйымдастырып, оларға туған жерінің, ата-тегінің, табиғат жайлы (аспан-жер, аң-құс, өзен-көл, тау-тас, өсімдіктер әлемі мен адамдардың оларға қарым-қатынасы) танымын арттырып, көркем және ғылыми шығармаларды оқыту арқылы қоршаған ортаға, табиғатқа, сүйіспеншілік сезімін оятып, экологиялық мәдениетін тәрбиелеу мен салауатты өмір салты арқылы адамзаттың рухани тағылымын әсемдік әлемімен ұштастыра оқыту керек екендігі дұрыс жазылған [19] Мұның негізінде, бастауыш кезеңнің портреті өз отанын қастерлейтін, жақсы көретін, отанымен мақтана алатын, ана тілін жетік меңгерген, қазақ жерінде тұратын өзге ұлт өкілдерін сыйлап, құрметтей білетін баланы көруіміз керек. **Негізгі мектепте** (басқа ұлттар мәдениетімен танысу, адамзат

дүниесіндегі озық тәрбие және діни сауаттылық, діни тәрбие негіздері) баланың балабақшадан, бастауыш мектеппен жалғасқан рухани құндылықтары, қоршаған әлем жайлы түсініктері, адамгершілік, сыпайлық, мейрімділік қасиеттері негізгі орта мектепке келгенде өзге ұлттар мәдениетімен танысу, көпұлтты жандарды құрметтеп, сыйлау керек екендігін ұғына бастайтын жасқа келеді. Негізгі орта мектеп балаларына тәлім-тәрбие мен білім беруде кең байтақ қазақ жерінің, Қазақстандағы ұлттар достастығы, толеранттылық ұымы, Тәуелсіз Қазақстан келешегі жастар екендігі, Отанға қызмет ету ұғымы, экологиялық тәрбие мен еңбек тәрбиесін, ең бастысы адами қарым – қатынасты үйренетін кезге келеді. Себебі, осы жастағы балалар оң солын тануға, ақ пен қараны ажырата алуға қабілетті кезеңге көшіп жатады.

Балалардың қабілетіне қарай, өзге ұлт өкілдерінің мәдениетін оқытып, үйретіп, өзгені сыйлау, өзінді сыйлаумен тең екендігін пән мұғалімдері өз сабақтарында дұрыс үйрете білулері қажет. **Жоғарғы сынып сатысында** (өз ана тілі негізінде әлемдік мәдениет құндылықтарын, шетелдер тілін меңгеру арқылы интеллектуалды жастар қалыптастырамыз) негізгі орта мектеппен салыстырғанда күрделі, кәсіби даярлық алды, маңызды баспалдақ. Жалпы адамзаттық, ұлттық құндылықтар негізінде, ғылым мен білімді ұштастыратын, кәсіби шыңдалуға негізделген буын өкілдері қалыптасатын мектептің түлектері. Бүгінде тауар өндіруші елдер қатарына қосылу, бәсекелестікке қабілетті елдер қатарында болу үшін білім мен ғылымның соңғы жетістіктермен қаруланған, ғылымның соңғы жетістіктерін өндіріске ендіруге бейім, жаңа бағытта дамып келе жатқан әдістер мен инновациялық жобалар, заманауи технологияларды меңгерген тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл міндетті орындаудағы мәселелердің бірі білімге енгізіліп жақтан өзгерістің бірі «Үш тілділікті» айтуға болады. Үш тілді білу заман талабынан туындап отырған мәселе. Бұл жөнінде

көптген теріс пікірлерде қалыптасып жатқандығы да бар. Бірақ бүгінгі өскелең ұрпақ үш тілдің тұғыры бірдей емес екендігін, Қазақстандағы бір ғана тұғырлы тілі мемлекеттік тіл –қазақ тілі, ұлтаралық қатынас тілі –орыс тілі, ал ағылшын тілі – қазақ жерінің жаңа әлемге ашар есігі, жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі болып саналатындығын түсіне білулері тиіс.

Жоғары мектепте (Елдің бәсекеге қабілетті және индустриялық-инновациялық дамуы жағдайындағы білім мен ғылым негіздері) Білім мен ғылыммен таныс, халықтық педагогикадан барынша дәріс алған, теориялық та, тәжірибелікте жетіліп келген бала жоғары мектепке келгенде, алдында үлкен мақсат, міндет тұрады, яғни бәсекеге қабілетті маман иесі болу. Жоғары мектептің орта мектептен айырмашылығы да, күрделігі де ғылымға барынша күш түсіріп, мамандыққа басым көңіл бөлуінде, жалпылықтан жалқылыққа көшеді. Заманның талабы білім кеңістігінен орын алып, дамыған елдер қатарынан бой көрсетіп, озық деп танылған модельдерді өз мүмкіндігімізге қарай үйлестіріп, заман талабына лайық отандық білім беру стратегиясын жаңалау болғандықтан, үздіксіз білім беруде аса маңызды буын жоғары оқу орындары болмақ. Жоғары білім дамудың негізгі қозғаушы күші, білімді де, білікті мамандар ертеңгі жарқын келешегімізді жасаушысы. Сол себепті де, осы кеңістіктен лайықты орынға ие болып, жаңа инновациялық технологиялардың негізінде ел экономикасына белсенді үлесін қосып, жақсартуға білікті мамандардың басым болғаны абзал. Білікті де, білімді мамандарды дайындап шығару жаңа технологиялар мен методтар және де білікті тәлімгерлер мен ұстаздарға байланысты. Сондай әдістің бірі жобалап оқыту технологиясын алуға болады. Яғни, жобалап оқыту технологиясының көмегімен болашақ мамандар теориялық білімін тәжірибеде шыңдап, біліммен ғылымды ұштастырып қандай да бір нәтижеге жетуге, жаңалық ашуға құштар, бейім болып қалыптасуына

септігін тигізеді. Бүгінгі ұрпақ білімді болса, ел ертеңі жарқын болмақ.

Қорытынды. Ғылым мен техниканың қарышты қадамы, жарқын болашаққа деген сенім өркениетті дамыған елдерде біртұтас жалпы адамзаттық мәдениеттің дамып, қалыптасуына әсерін тигізбей қойған жоқ. Планетамызда парасаттылық пен ізгіліктің кеңінен өріс алуы жалпы адамзаттық мәдениеттің дамуына және оның ұлттық түрлерінің нәрленуіне, олардың өзара қарым-қатынастарының жаңа арнаға түсуіне ерекше әсер етті.Осыдан келіп жаһандану процесі қазіргі қоғамда жедел қарқынымен орын алуда.

Ал халықтың ғасырлар бойғы әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, ұлттық құндылығын жетілдіре отырып, мемлекеттің дамуына ықпал ететін ұлттық идеология болмаса, онда сол халық қазіргі аузын арандай ашқан жаһанданудың аранына түсіп кетеді. Сондықтан, қандай мемлекет болмасын өз халқын ұлтсызданудан қорғау үшін ең алдымен ұлттық идеологиясын басты орынға қоюы тиіс.

Себебі, ұлттық идеология – мемлекеттің баянды болашағының кепілі.Осыған байланысты, бүгіндері көтеріліп отырған «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы – мемлекетіміздің ұлттық идеологияна айналып, толықтай орнығуы тиіс. Сол арқылы «Ұлттық идеология» мемлекеттегі әрбір жеке адамның өзін сол мемлекеттің ажырамас бөлшегі ретінде сезініп, өз өмірі мен болашағын сол мемлекетке бағыштауын қамтамасыз ете алатын айрықша күшке айналу қажет.

Енді бұл ұлттық идеология қандай болуы тиіс? Ұлттық идеологияның қоғамдық санаға орнығуының басты кепілі – мемлекеттегі биліктің кәсібилілігі мен құқыққа бағынушылығы, мемлекеттің өз қызметтерін жүзеге асыруының қоғам үшін жағымды сипаты, билік пен қоғамның тығыз байланыста, өзара жауапкершілікте болуы. Мақаламызда тоқталып өткеніміздей, ұлттық идеология тек бір ғана қатып қалған формуладан тұрмайды, ол ұлт болашағына қатысты көпте-

ген тұжырымдар мен идеялардың, көзқарастардың жиынтығы. Сондықтан, біз ұлттық идеология туралы сөз қозғағанда көптеген тұжырымдар мен көзқарастардың өзегіне айналатын негізгі идеяны айрықша бөліп қарастыруымыз қажет. Бұл тұрғыдан алғанда, негізгі идея әр адамның және жалпы қоғамның алдында нақты айшықталған арман мен мұратқа негізделіп, соған қарай қоғамның біріге алға ұмтылуы. Мұнда экономикалық құндылықтар басты орынды иеленбеуі қажет, негізгі мақсат адамның рухани құндылықтары ретінде танылуы тиіс.

Бүгінгі күні ол арман қазақ халқының ұлттық мүддесі мен ұлттық ерекшеліктерін (ұлттық болмысы мен ұлттық санасы) негізге алған, біртұтас қазақстан халқы болып басы біріккен, қоғаммен өзара жауапкершілікте болатын кәсіби мемлекетте өмір сүретін жеке адамның өз мүмкіндігіне сай жетістікке қол жеткізе алуын қамтамасыз ете алатын өркениетті қоғам құру идеясы болуы тиіс. Мұндағы басты акцент даралыққа емес қоғамдық мүддеге сай өмір сүруге жасалынуы қажет

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар.
- 2 Қазақстан Республикасындағы тіл туралы 1997 ж. 11 шілдедегі № 151-І Қазақстан Республикасының Заңы (2015.24.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
- 3 Жарнама туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы N 508 Заңы
4. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана қ., 2007 жылғы 28 ақпан. / «Егемен Қазақстан», 2007 жылғы 1 наурыз N 55.
- 5 Абай Құнанбайұлының қара сөздері. Жиырма бесінші сөз. /<http://www.abay.nabrk.kz>
- 6 Ана тілі. Ұлт газеті 2008 – 2015. Ақпараттық көзі: <http://anatili.kz/>
- 7 Маргулан А., Акишев К., Кадырбаев М., Оразбаев А. Древняя культура Центрального Казахстана. -Алма-Ата, 1966. -288 с.
- 8 Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.
- 9 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005.
- 10 Мәдениеттану: жоғарғы оқу орнындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық. Алматы: Раритет, 2005.- 416 б.
- 11 Чунгулова Гулдана Коптлеуовна. Қазіргі таңдағы Қазақстан жастарының діни идентификациясы. / Философия докторы (Ph.D.) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2014. – 125 б.
- 12 Назарбаев Н.Ә. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының II съезінде сөйлеген сөзі. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің «II съезі». – Алматы, 2006. - 147 б.
- 13 Кенжетай Досай Л.Н. Уахабилердің мақсаты экстремистік жік қалыптастыру – ол кеңестік ұлтсыздандырудан да қауіпті. / <http://e-islam.kz>. 10.12.2013.
- 14 Ержан қажы Малғажыұлы. Діни басқарманың 2020 жылға дейінгі даму Тұжырымдамасы қабылданды. / <http://old.muftyat.kz>. 13.11.2014.
- 15 Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества. – М., 1977.
- 16 Мәдениеттану негіздері: Оқулық. – Алматы: Дәнекер, 2000.

17 Ж.Наурызбаева Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – Алматы: Ана тілі, 1994.

18 «Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес». – Алматы, 1966.

19 «Интеллектуалды ұлт қалыптастыру» модульдік таңдамалы пәні оқу бағдарламасының жобасы. – Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУ, 2014. – 32 б.



«Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет».

Шоқан Уәлиханов.

ӘОЖ 3.37.37.01

Қ. Бөлеев

Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті
«Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы.

А.Шамшиев

Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті
«Педагогика және психология» мамандығының магистранты

ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫ-ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ ОҚУШЫЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ТУРАЛЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ

Мақалада қазақ ағартушы-педагогтарының шығармашылықтарындағы өскелең ұрпаққа берер мол ұлттық тәрбие құндылықтары жайында жазылған. Педагог шығармаларының негізгі мақсаты – оқушылардың сауатын ашу, ұлттық санасын ояту, ұлттық тәрбие нәрімен сусындату және де жалпы халықты сауаттандыру туралы ой пікірлері мазмұндалған.

Түйін сөздер: білім, ғылым, сана, ұлттық тәрбие, оқушы, ағартушы, ғалым

Истоки становления основ теории духовно-нравственного воспитания Казахстана берут свое начало с нравственных идеалов, ориентиров, позиций казахских просветителей-педагогов. Их главная цель – научить грамотности населения, раскрыть национальное самосознание.

Ключевые слова: образование, наука, сознание, национальное образование, студент, педагог, ученый

The origins of the formation of the foundations of spiritual and moral education of Kazakhstan theory originated with moral ideals, guidelines, position the Kazakh educators-teachers. Their main goal is to teach literate population reveal national identity.

Keywords: education, science, consciousness, national education, student, teacher, scholar

Қазақстанда ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың 30 жылдары өмір сүріп, қазақтың қоғамдық, әлеуметтік, мәдени, рухани, әдеби өміріне белсене араласқан, өздері мұғалімдік қызмет атқарған қазақ ағартушы-педагогтарының оқушыларға ұлттық тәрбие беру туралы ой-пікірлерін зерттеу осы кезде ерекше маңызды мәселе. Сондықтан қазақ ағартушы-педагогтарының оқушыларға ұлттық тәлім-тәрбие беру туралы ой-пікірлеріне жеке-жеке тоқталу қажет деп санаймыз.

1. Ахмет Байтұрсынов – қазақ тілі білімінің негізін қалаушы, ақын, әдебиет зерттеуші, ағартушы-ұстаз, қоғам қайраткері болған. А. Байтұрсыновтың бүкіл өмір жолындағы басты идеясы қазақ халқының ұлттық са-

насын ояту, тұрмыс-жағдайын жақсарту, ол үшін халықты жаппай сауаттандыру, оқыту керек екенін айтып, өзінің ұлттық идеясын насихаттайды. Ол «барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, мектеп, ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол ауыл мектебінде, семинарияда бала оқытты, оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру саласында көп ізденді», – дейді профессор С.Қалиев [1].

Ол өзінің ұлттық идея туралы ой пікірлерін «Қазақ» газетінде жариялаған мақалаларында, «Тіл туралы», «Әдебиет танытқыш», «Баяншы», «Тіл ашар», «Әліпби», «Сауат ашқыш», «Әліппе астар», «Оқу құрал» (хрестоматия), т. б. еңбектерінде жан-жақты айтып, өзі тікелей іске асырып отырды.

Ахмет Байтұрсынов осы еңбектері арқылы Қазақстанда ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалады. Ол жүйенің элементтері: Ұлттық жазу жүйесі бойынша білім беру; Ұлттық негіздегі бағдарламалар, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар; Мектепке керек заттар; Мектеп ісін жандандыратын мұғалімдер мен тәрбиешілер.

А. Байтұрсынов осы жүйенің барлық элементтерінде қазақтың тілін, ауыз әдебиетін, мәдениетін, тарихын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін бастауыш мектепте оқытып, оқушыларға ұлттық тәрбие беру мақсатында пайдалану жолдарын көрсетті.

Ахмет Байтұрсыновтың «Әліпби» қазақтың алғашқы ұлттық сипаттағы әліппесі. Ол араб графикасымен жазылған нағыз ұлттық «Оқу құрал». Бұл оқулықты жазудағы оның алғы қойған мақсаты – бастауыш сыныпта балалардың сауатын ашу. Кітапта автор әр әріпті жекелеп түсіндіріп, әр әріптің жазылу және айтылу кезіндегі ерекшеліктеріне тоқталады.

Оқу құралының ерекшелігі әріпті тегіс үйретіп біткеннен кейін оқулық соңында сауат ашар оқушы қауым үшін тәрбиелік маңызы ерекше, идеясы құнды өлеңдер, тақпақтар, айтыс, ұсақ әңгімелер берілген. Оларды берудегі мақсат – оқушы әріптерді толық меңгерді ме, жоқ па, екіншіден, жаттығу үшін берілген әдеби нұсқаулар оқушыларды адамгершілікке, адалдыққа, еңбекқорлыққа, мәдениеттілікке тәрбиелер деген ой. Сондықтан ол «Оқу құралының» бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие берудегі әсері мен ықпалы ерекше, оны қазіргі кезде әліппе жазуда басшылыққа алу қажет деп санаймыз.

А. Байтұрсынов өзінің «Бастауыш мектеп» деген мақаласында қазақ бастауыш мектептерінде қандай пәндер оқытылу қажет деген мәселеге арнайы тоқтап, ол пәндерді «оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, қолөнері, жағрафия, жаратылыстану болу керек» екендігін нақтылап көрсетеді. Сол мақаласында бастауыш мектепте оқыту тілі туралы: «...Қазақ балалар-

ын ана тілінде, төте жолмен, қолайлы құралдармен оқыту керек» деп кесіп айтты. Сол мақаласында ол туған халқының ғылым-білімге ұмтылуын, әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады. «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай керек», – деп жазды ол. Бірақ осындай білім беретін ауыл мектебінің сол кездегі хал-күйі жөнінде «Әуелі ауыл мектебінен басталық. Осы күнгі ауыл мектептерінде оқуға керекті құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз», – екеніне ерекше атап өтті [2].

А. Байтұрсынов өзінің ағартушылық қызметі мен педагогикалық көзқарастарында ұлттық идеяны кеңінен насихаттап, оны нақты іске асыру жолында бар өмірін арнаған ғұлама ұстаз, халық педагогы, «ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға» болған екен деп қорытындылауға толық болады.

2. Жүсіпбек Аймауытов – жазушы, ақын, әдебиеттанушы, психолог, қоғам қайраткері, ағартушы-педагог болған. Ол қазақ қоғамы дамуының ең бір күрделі кезеңдерінде, әлеуметтік төңкерістер дәуірінде өмір сүріп, сол дәуірдің қайшылықты сипаттарын көре білді. Сондықтан оның шығармаларындағы, көзқарастарындағы ұлттық идеясы айрықша басым болып, көрінеді.

Жүсіпбек Аймауытұлының сол идеясы оның әдебиет, психология, педагогика және методика салалары мұра етіп қалдырған ондаған әдеби шығармалары мен оқу құралдарында, жүздеген мақалаларында кеңінен баяндалған.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Тәрбиеге жетекші» атты оқу құралында оқу мен оқыту ұғымдарына қатысты ереже-шарттар, мектептегі шешуші тұлға-мұғалім орны мен беделі, әдіс-тәсілдері кең көлемде сөз болады. Әсіресе, әрбір мұғалім бойында өз ісіне, еңбегі мен мамандығына деген жоғары жауапкершілік пен терең сезім, өтілген және жаңа тақырып арасындағы байланыстың болуы, оқушы қабілеті мен зейінін жаңа сабаққа аударып, қызықты тәжірибе салыс-

тыруларға бару, көрнекілікке, соны дерекке назар аудару талап етіледі. Ең негізгісі, мұғалімге оқушылар сеніп тапсырылған соң одан адамдық қасиеттер, ізгілік иірімдері, маңыздысы – білім нәрінің сыр сипаттары талап етіледі [3].

Кітаптың қомақты, негізгі бөлімі – дидактикаға, оның мәні мен маңызына арналған, ғылыми-танымдық тәжірибеге, талдауларға орын беріледі. Бұл бөлімде, сондай-ақ дидактикаға ғылыми анықтама беріп, оның жалпы және жеке түрлері арнайы қарастырылады. Осындағы білім беру әдістері, сабақты өтудің ерекшеліктері, оқыту мазмұнына қатысты көзқарастардан – жас ұрпақ алдындағы қарыз бен парыз, оны оқыту мен тәрбиелеудегі ұстаз шеберлігі, психологиясы айрықша аталады. Ең бастысы, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие мен білім беру мәселелері әр қырынан сөз болады. Өркениетті елдер тәжірибесі, оқу жүйесіндегі озық үлгі, өнегелі істер өзара салыстыру, толықтыру ретінде баяндалады. Түпкі нәтижеде – ұлттық мүдде, ұрпақ қамы алдыңғы кезекте көрінеді. Сонымен қатар бұл еңбекте туған тіл – ана тілінің қыры мен сыры, маңызы ашылады. «Ана тілін жақсы меңгеріп алмай тұрып өзге пәндерге түсіну мүмкін емес. Ана тілі халық болып жасағаннан бергі жан дүниесінің айнасы болып, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі» деп бағаланады, әрі адамзат қоғамында қатынас құралы, ой мен сөз жүйесінің – кілті. Тіл – құрал – өмір өзегі, адам қатынасындағы – басты кілт, тіршілік арқауы деп табылады. Мұның ақиқатын бүгінгі күн шындыққа шығарып отыр. Біздің елімізде, Ата заңда көрсетілгендей, «мемлекеттік тіл – қазақ тілі». Демек, тіл – ұлттың ұлы байлығы.

Жүсіпбектің бастауыш мектептің екінші жылы үшін жұмыс кітабы «Жаңа ауыл» деп аталады [3]. Ол мектеп жасындағы оқушыларға арналған хрестоматиялық үлгіде жазылған еңбек. «Жаңа ауыл» атты кітап «Сөз бастар», «Шежіре», «Жаз», «Күз», «Қыс» және «Жазғытұры» секілді бөлімдерден тұрады. Оқу құралы адам әлемін, табиғат

құбылыстарын балалардың ұлттық психологиялық ерекшеліктерін ескеріп жазылған.

Сонымен, Ж. Аймауытұлының «Жаңа ауыл» оқулығына енген шығармалар көңілді асқақтатып, табиғат тамашаларын бейнелі де бедерлі суреттеп, өмір жырын, уақыт сырын шертеді. Бұдан сөз жоқ, жас буын ойтанымын байытып, ұлттық тәлім-тәрбие мен бағыт-бағдар алары сөзсіз.

Сонымен, Ж. Аймауытовтың ана-тілі – тәрбие құралы, ұлттың ұлы байлығы, тарих – халық шежіресі, ол ұлттық тәрбие құралы, тәрбиенің ұлттық сипатта болуы, оны ұлттық мектептерде жүзеге асыру туралы ой-пікірлері, оның ұлттық сипатта жазған оқу құралдары мен мақалаларының елімізде қазіргі кезде ұлттық мектеп жасауда және ұлттық тәрбиені жүзеге асыруда теңдесі жоқ мол мұралар деп бағалауға болады.

3. Міржақып Дулатов – жалынды публицист, жауынгер ақын, жазушы, тарихшы, саяси қайраткер, ағартушы-ұстаз болған. Оның ұлттық идея туралы ой-пікірлерін мынадай еңбектерінде баяндаған: «Есеп құралы», «Қирағат», «Оян, қазақ!», «Оқу құралы» және «Серке», «Қазақ», «Ақ жол», «Айқап», «Еңбекші қазақ» газет-журналдарындағы көптеген мақалалары [4].

Міржақып Дулатов 1914 жылы, кейін 1927 және 1928 жылдары ұлттық мазмұнды бастауыш мектеп оқушыларына арналған екі кітаптан тұратын тұңғыш «Есеп құралы» атты оқулық шығарған [4].

Бірінші кітап бастауыш кластың бірінші жылында, ал екінші кітап екінші жылында арифметиканы оқытуға арналған.

Бірінші кітап 4 бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде 10-ға дейінгі сандармен танысу, екінші бөлімде толық ондықтар, үшінші бөлімде 10-20 аралығындағы сандармен амалдар қолдану, төртінші бөлімде 100-ге дейінгі сандармен есептер.

Екінші кітап үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде 1000-ға дейінгі санау амалдар, үшінші бөлімде төрт амалды есептер шығару. «Есеп құралындағы» мазмұны таза ұлттық сипатта,

есептер қазақ халқының күнделікті өмірінен алынған. Тапсырмалардың шарттарында қазақ-оқушыларының жас ерекшеліктері мен ұлттық психологиясы ескерілген, ал мазмұндары бойынша олар оқушылардың өз бетінше дамуы мен белсенділігін арттыруға бағытталған, әсіресе оқушылардың ұлттық санасын қалыптастыруға ерекше ықпал етеді.

М. Дулатов өзінің «Қазақ тілінің мұңы», «Қазақ тілін жүргізетін комиссияның құлағына алтын сырға», «Эсперанто тілі», «Жазу тәртібі», «Тіл құралы» атты мақалаларында тіл және жазу мәселелеріне, ұлттық графиканы жасау және қолдануға ерекше мән берді. Оларда кез келген халықтың ана тілі ұлттық тәуелсіздіктің негізі, қазақ тілі халыққа ағарту ісінде, рухани және мәдени өмірінде белсенді қолданылуы қажеттігі, жаңа қазақ графикасын жүзеге асыру мәселелері кеңінен баяндалады. Оның пікірінше ана тілін, дінін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін берік сақтаған халық шын мәнінде білім мен мәдениетке қол жеткізбек. Тек туған ана тілі ғана адамды сол ұлттың өкілі етеді. Егер адам өзінің туған тілін толық игерсе, ол өзінің ұлттық рухы мен ұлттық өмірін сақтайды» [4].

Міржақып Дулатовтың сол мақалаларында мектепте оқу-тәрбие үрдісін ұлттық сипатта жүзеге асыру туралы ой-пікірлерінің ұлттық идея тұрғысынан алғанда маңызы мен мәні ерекше. Ол мектептің мақсаты: «Жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру»; міндеті: «... балқыған жас баланың бойына, ана тілін анық үйретіп шығару»; әдіс-құралдары: «оқу кітаптары ана тілімен, өз ұлтының тұрмысымен һәм табиғаттан жазылуы, бастауыш мектепте алған тәрбиенің әсерлі, күшті, сенімді болуы», нәтижесі: «... Мұндай балалар мектепті бітіргеннен кейін қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйгіне сіңген ұлт рухы жасымайды. ...қайда болса да тіршілігінде, қандай ауырлық өзгерістер көрсе де ұлт ұлы болып қалады» деп қоғамдық және ұлттық тәрбиенің әсерін тамаша көрсеткен [15].

Сонымен, М. Дулатов өзінің ұлттық идеясын кең насихаттап, оны мектептің оқу-тәрбие үрдісіне ендіру мақсатында ана тілін, оның тәрбиелік және білімділік мәнін, ашуды, оқыту мен тәрбиенің ұлттық сипатта болуын, ұлттық мазмұнды оқу құралдарын шығару туралы еңбектерінің жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуде алатын орны мен маңызы ерекше.

4. Мағжан Жұмабаев – публицист, ақын, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, ағарушы-педагог.

Мағжанның бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру туралы ой-пікірлері оның «Педагогика», «Бастауыш мектептегі ана тілі», «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні», «Сауатты бол» атты еңбектерінде баяндалған.

Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» атты еңбегі қазақ топырағында тұңғыш жарық көрген нағыз ұлттық педагогика оқулығы. Оқулықты ол «Алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын мұғалімдікі», – деп, соған арнаған. Ол өзінің осы педагогикасын 14 ірі бөлімнен құрып, оның өзін бірнеше шағын бөлімдерге бөле отырып, ұқыпты түрде талдау жасап, түсініктеме береді. Сөз басына М. Жұмабаев «Тәрбие деген не?», – дейді де, оған жауап бере келе, оны дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, құлық тәрбиесі деп төртке бөледі. «Егерде адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны», – дейді. «Балам адам болсын дейтін ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын», – деп жазады [5].

Мағжан дене тәрбиесін бірінші орынға қойған. Дене тәрбиесінің өзін 19 бөлімге бөліп, осы әр бөлімдерге жеке-жеке тоқтап, түсініктеме беріп педагог ретінде нақтылы дәлелдермен бекітеді.

Адамның дені сау, мықты болып өсуі үшін дене тәрбиесінің алатын орны шын мәнінде ерекше. «Бала аурулы болса, зағып болса, баладан емес, тәрбиешіден», – дейді педагог-ақын. Тіпті сол ауыр заман түгіл бүгінгі өмірдің өзінде қай ата-ана дене тәрбиесіне,

туралап айтсақ тәрбиенің барлық түріне көңіл бөле береді.

Екінші бөлімге Мағжан жалпы педагогика ғылымын қояды. Педагогиканың қандай пән екенін сипаттай келе, онымен етене таныс болу керектігін айтады. Мағжан педагогиканың өзін тәрбие пәні деп пайымдайды. Оған дәлел пәннің аты дейді.

Педагогика пәнін М. Жұмабаев беске бөледі: 1. Жалпы педагогика дейді де, бұған адамның дене, жан күштерін тәрбие қылу жолдарын көрсетеді; 2. Дидактика; 3. Методика; 4. Мектепті басқару; 5. Педагогика тарихы [5].

Мағжан кітабында әлемдік педагогиканы меңзей отырып, халықтық педагогиканы есінен бір сәт шығармайды. Оны жалпы педагогиканың ең негізі етіп қояды. Бала тәрбиесінде ұлттық педагогиканың тәрбиенің алатын орны ерекше екендігін мысалдар келтіре отырып дәлелдейді. Ұлттық тәрбиенің құнды жақтарын пайымдап ашып отырады. Осыған орай педагог М. Жұмабаев «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Ұлт тәрбиесінің жақсылық жағы көп», – деп жазады. Мағжан осыған орай ол педагогтер, тәрбиешілер халықтық педагогиканы қолдана отырып, түрлі заманда шыққан тәрбие ғалымдарының ойларымен жақсы таныс болу керек дейді.

Мағжан сонымен қатар үлкен әдіскер болған. Мысалы, «Ішкі сезімдердің біреуі – іш пысу, яки зерігу» деген бөлімде былай дейді: «Мұғалім бір сөзді ұзыннан ұзақ соза берсе, төпеп, түрлі білімді, түрлі сөзді айта берсе, бала мезі болып, іші пысады. Мұғалімнің шеберлігі өзі білген білімнің бәрін балаға тез білдіруге емес, еппен басқыштап білдіруде. Сабақ оқытуда мұғалім сөзі жинақы, жігерлі, қызықты болуға тиісті. Сонда ғана ол баланың назарын өзіне

қарата алады. Сабақ үстінде балалардың ойнауы, тыныш отырмауы, бір-бірімен сөйлесулері мұғалімнің жинақы, жігерлі бола білмегенінен», – деген пікірі оның үлкен әдіскерлігінің дәлелі болса керек. Дәл бізге, біздің «бала оқымайды», – деп кінәләуға дайын тұратын мұғалімдерімізге арналған.

Мағжан Жұмабаевтың «Педагогикасы» нағыз ұлттық идеяны насихаттауға бағытталған, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу мақсатында төрт және жеті жылдық мектеп мұғалімдері мен тыңдаушыларға арналып жазылған тұңғыш этнопедагогикалық еңбек деп толық айтуға болады. Өйткені Мағжан «Педагогикасының» басты ерекшелігі – оның қазақ топырағымен, ұлттық тәрбие және оның салт-дәстүрлері, мінез-құлқымен тығыз байланыстылығында, өзі айтқандай қабысып жатқанында. Оқулықтың басынан аяғына дейін ұлттық тәрбие басшылыққа алынып, оған сүйеніп, оны басқа озат педагогикалық тәжірибемен байытып отырады.

Сонымен, Мағжан Жұмабаевтың мұрасындағы ұлттық идеясы мынада: ол қазақ топырағында тұңғыш рет «Педагогика» атты ұлттық оқу құралын жазған; ол өз еңбектерінде ұлттық, эстетикалық адамгершілік, құлық тәрбиелерінің проблемаларын жасаған; педагогикалық жүйесінде тіл туралы, оның білімділік және тәрбиелік рөлдеріне ерекше назар аударған.

Жалпы қорытынды ретінде айтарымыз, қазақ ағартушы-педагогтары ана тілін, халық тарихын, туған өлке географиясы мен табиғатын, ауыз әдебиетін бастауыш мектепте оқытуға үлкен мән берді, олар халықтың салт-дәстүрлері – ұлттық тәрбие негізі екенін дәлелдеді. Олардың еңбектерінің ұлттық сана-сезімді, ұлттық намысты, тарихи сананы қалыптастыруда алатын орны мен маңызы ерекше. Сондықтан сол қазақ тәлімгерлердің ұлттық идея туралы ой-пікірлері егемен еліміздің бүкіл халқын, әсіресе жас ұрпағымызды қазақ халқының ұлттық рухында тәрбиелеу негізіне алынуы, ол үшін олардың ұлттық идеялары туралы көзқарастары жан-жақты зерттеліп, оқу-тәрбие жұмысында кең қолданыс табуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының тарихы. – Алматы: Білім, 1999. – 160 б.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
3. Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 410 б.
4. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 382 б.
5. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.



Адамды тәрбиелеу – демек оның ертеңгі қуанышқа ие болатын келешек жолын тәрбиелеу.

А. С. Макаренко

ӘОЖ 8.82.82-1/-9

Ж.А Сейсенбаева.

Абай атындағы ҚазҰПУ

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ФЗИ директордың орынбасары

Филология ғылымдарының кандидаты

Ы.Алтынсарин атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері

С. Бейсенбай

Абай атындағы ҚазҰПУ. Филология институтының «Қазақ тілі және әдебиеті»

мамандығының 2 – курс студенті

ЕЛБАСЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ ҮЛГІЛЕРІ

Бұл мақалада елбасы сөздеріндегі шешендік мәнді сөз айшықтарын саралап, талдау жасалған. Елбасының таңдамалы сөздер жинағы хақында мағлұматтар берілген. Нақыл сөздерінен нақты мысалдар келтіріліп, мағыналық айшықталған.

Түйін сөздер: би, шешендік өнер, бейбітшілік, бірлік, татулық, туған ел, саясат.

В данной статье написаны красноречивые слова Президента, сделан анализ. Представлены материалы из более ярких и назидательных слов. А также показаны изречения и афоризмы и их значения.

Ключевые слова: би, ораторское искусство, мир, единство, содружество, родина, политика.

The article gives a brief overview of a place in society and the activities of the biy court. And also discusses the linguistic features of the court system. The object of study is the level of rhetoric, which is used in court cases. Done some analysis of the shortcomings of linguistics trials.

Keywords: bi, oratory, peace, unity, peace, country of birth, politics.

Қазіргі таңда шешендік өнер пәнінің аясында зерттеле қоймаған тың тақырыптар санатында жүрген ел басындағы азаматтарымыздың халық алдында сөйлеу сөздеріндегі шешендіктеріне, ой ұшқырлықтары мен халыққа айтар насихат сөздеріне шолу жасау мәселесі жиі көтерілуде. Сол мақсатта еліміздің тұңғыш президенті, халық қалаулысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың халық алдында сөйлеу шешендігіне тоқталу, мысалдар келтіру мақсатында мақаланы алға тартып отырмыз. «Тәуелсіз елдің басты құндылығы - елдегі бейбітшілік пен бірлік, экономиканың тұрақтылығы, этносаралық татулық пен толеранттылық. Отбасындағы береке, адамдардың қауіпсіздігі, еңбекпен қамтамасыз етілуі, яғни бейбіт өмірдің іргетасының беріктігі сайып келгенде тыныштыққа тәуелді екенін ешқашан ұмытуға болмайды. Елбасы «Ұлы дала» атты атау берген Қазақстан бүгінде тыныштық

пен бірліктің құшағында дамып келе жатқан тәуелсіз ел. Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейін 15 одақтас мемлекеттің құрамынан бөлініп шығып, тәй-тәй басқан баланың кейпіне енген елдің аяғынан тік тұрып, бүгінде әлем таныған мемлекетке айналуы ең алдымен Елбасы Назарбаевтың ерен еңбегі мен даналылығының арқасы» [1].

Халық қалаулысы, Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1940 жылы 6 шілдеде Іле Алатауының баурайындағы Үшқоңыр жайлауында Әбіш пен Әлжан Назарбаевтардың шаңырағында дүниеге келді. Өзінің тынымсыз еңбегі мен ұстанған саясатының арқасында Елбасымыз туған елін аз жылдың аясында әлем танитын, мойындайтын, құрметтейтін, санасатын мемлекетке айналдыруы кемел ойшылдықтың келісті көрінісі. Ал сол ойшылдық ең алдымен Президенттің көп жылдар бойғы саяси қызметінің барысында жұрт-

шылық алдында сөйлеген сөздерінен танылады. Кең ауқымды ақылмандық пен суырылған шешендіктің тамаша үйлесімі болып табылатын ол сөздерден Назарбаевтың нақты тарихи оқиғаларға ғана емес, сонымен бірге, мемлекеттік құрылыстың, әлеуметтік-экономикалық жаңғырудың, ұлт қауіпсіздігінің, халықаралық қатынастардың, біздің мемлекетімізді дамыту жолдары мен болашағының проблемаларына көзқарасы, пайымдауы мен бағасы көрінеді. Сонымен қатар, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев көреген көшбасшы, қарымды қайраткер, сарабал саясаткер, жалпы тұғырлы тұлға болумен қатар оның өзге де ерекше қырлары біз үшін үлгі. Айталық, Президент өмірінде музыка маңызды орын алады екен. Дерек көздеріне сүйенер болсақ, Мемлекет басшысының ата-анасы әрдайым ән-күй тыңдауды ұнататын және өздері де ән сала білетін жандар болған. Анасы Әлжан әнді жақсы айтқан деседі. Сол қабілет-қарым жас Нұрсұлтанның бойына дарып, ол бала кезінен ескі, есті әндер мен әуендерді тыңдап, құлағына құйып өседі. Сол себептен де болар, ел ағасы елдік істерден бөлек, бос уақытында өзі де домбыра шертуді, ән салуды, ән жазуды әдетке айналдырғаны рас. Президентіміз бірнеше ән мәтіндерін шығарып, Қазақстан Республикасы Әнұранының мәтініне өзгерту енгізгені – оның өнерді ерекше бағалайтындығын білдіреді. Оның қайбір әнін алып қарамайық, туған жерге, туған елге, халқына деген үлкен сүйіспеншілігін байқайсыз. Мысалы, белгілі әнші-сазгер Алтынбек Қоразбаев әнін жазған «МузАРТ» тобының орындауындағы **«Үшқоңыр»** әнінің мына бір жолдарын оқып көрелікші:

Үшқоңыр Алатаудың қойнауында,
Әкемнің ізі қалған жайлауында.
Қасқасу гүр-гүр тасып, гүлі еркелеп,
Арқарың жайылатын аймағыңда.
Ай, Үшқоңырым, туған жерім,
Рахым нұры тұнған жерім.
Ай, Үшқоңырым, тал бесігім,
Жүрегімде мәңгі есімің .
Осы өлең жолдарында елбасының кіндік

қаны тамған туған жері, ауылына деген сағынышы айтпаса да мен мұңдалап айқын көрініп тұр. Оны біз мына бір жоладардан байқаймыз:

Үшқоңыр Алатаудың қойнауында

Әкемнің ізі қалған жайлауында. Бұл жолдарда тіпті Елбасымыздың асқар биік таудай әкесіне деген сағынышын да көруге болады. Өлең жолдарынан әкесінің басқан ізін осы туған ауылынан іздеп сағынышпен еске алады. Табиғаттың тылсым сырына қанық, оны көре білетін Елбасының «Қасқа су гүр-гүр тасып, гүлі еркелеп» жолдарынан ішкі жан дүниесінің нәзік те сезімтал екенін көруге болады. Туған жерге деген махаббат осындай-ақ болсын. Ал, Елбасы сөзіне жазылған Бекболат Тілеуханның патриоттық мазмұндағы:

Арайлап таңым, асқақтап тауым,
Ән ойнап көгім, күй тартып көлім.
Қол жетті, міне, аңсаған күнге,
Жасай бер, жаса, қазағым менің.
Қазақстаным – жасыл орманым,
Қуанышымды жасыра алмадым.
Аңсаған бабам, аңсаған елім,
Бостандық еді-ау – асыл арманың.
Елім менің аңсаған,
Тас бұғаудан босаған.
Құтты болсын отауың,

Берік болсын босаған, деп келетін **«Жерім менің»** атты ән мәтінінде қазақтың әйгілі жер-су атаулары мақтанышпен аталып, байтақ Отанымызға деген шынайы сүйіспеншілік сезімі айқын аңғарылады. Елбасының өзіне тән стилі десек те болар, өлең ұйқастарында табиғаттың тылсым сырларын әсерлі сөздермен өрнектей білуінде. Оған мысал «Ән ойнап көгім, күй тартып көлім» жолдарындағы сырлы табиғат құбылыстарын синкретті өнер етіп сипаттай алуында. Елінің егемендігі мен бабалар арман тілегінің бүгінде шындыққа ұласып орындалғанына іштей зор мақтаныш кернеп, шаттық көңілін мына жолдармен көркем жеткізе білген:

«Аңсаған бабам, аңсаған елім,
Бостандық еді-ау – асыл арманың

Елім менің аңсаған,
Тас бұғаудан босаған.
Құтты болсын отауың,
Берік болсын босаған».

Сондай –ақ «**Шұбарат**» әні де туған жердің тұғырын мейлінше айшықтай түседі.

Өнерді өгейсімей, ерекше бағалайтын
Елбасы өз еліне, халқына деген тілегін мына
бір өлеңмен жеткізіпті:

Тәуелсізбін! Бар ма мұң?
Тәләйлі болсын талғамым!
Өркені өссін қазақтың,
Осы - менің арманым!
Күн тұрғанда тұратын,
Жұрты сайран құратын.
Қала болсын Астана,
Осы – менің мұратым!
О, Ақорда, Ақ шатыр,
Ұлысыма бақ шатыр.
Баянды болсын Азаттық,
Осы – менің мақсатым!
Халқым – менің тірегім,
Құрбан жаным, жүрегім!
Атымыз озсын бәйгеде,
Осы – менің тілегім!

Елмен жерін мақтан тұтатын Елбасы күнмен бірге тұратын тәуелсіз елдің ұрпақтарына, халқына деген ниет, тілегін жарқын жүзбен, мерейлі көңілмен сергек айтады. Бұл жолдарды оқысаң ерекше сергектік сезімі дененді кернейтіндей әсерде қаласың.

«Халқым – менің тірегім,

Құрбан жаным, жүрегім!» Сол мақсатта Елбасымыз ерен еңбек атқарып жатқаны да белгілі. Сонымен қатар, тәуелсіз еліміздің Әнұранының да сөздеріне Н.Ә Назарбаев өзгертулер енгізгені елдің рухын көтерер мәнді де мағыналы сөздермен толықтыруы халық үшін жасалған. Әнұран ойнағанда оның сөзінің де әнінің де құдіреттілігі сондай кеуденді мақтаныш кернеп, жүрегің кеуденнен шығып кетердей сезімде болу әрбір қазақ бойында болары хақ.

Елбасымыздың жеті томға біріктірілген тоғыз кітаптық «Таңдамалы сөздері» дүниеге келеді. Өткен жылдардағы басты басылым болып табылатын бұл көптомдықтың жарық

көруі – еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі елеулі оқиға болды. Солардан мысал келтірсек:

«Сіздер оқу бітіріп, елге еңбек сіңіретін кездеріңізде мынағалам өзгеше болады. Білім мен ғылымның заманы болады». «Бүгінгідей жаһандану жағдайында мемлекетімен адам озық, бәсекеге сай болуы үшін, ең бірінші білім мен ғылым өркендеуі қажет». «Біздің жастарымыз ғылым мен білімге ұмтылып, елдің болашағын ойлайтын болса, келешегіміз кемел, тәуелсіздігіміз баянды болады» [2].

Елбасының 2016 ж нәзік жандыларды 8-наурыз мерекесімен құттықтау салтанатында айтқан сөздері. Осы сөздерді айтқан Елбасымыздың үнемі мақалдатып, мысалдатып сөйлеуі оның тарих тамырынан терең сусындап, білімін әркез жетілдіру үстінде болғанын бағамдаймыз. Сонымен қатар нәзік жандыларға деген ерекше құрмет, ықыласын жылы лебіздерін аталы сөзбен, терең оймен жеткізе білетіні ол кісінің нағыз қазақ азаматы екенінің дәлелі.

Көптомдықты оқи отырып біз мемлекетіміздің жүріп өткен жасампаз жолын барынша терең бағамдай түсеміз, Елбасы сөзі елдіктің көзі, ел шежіресінің өзі екенін ұғынамыз.

«Бүгінгі күні азаматты адамгершілік-рухани тәрбиелеу үрдісін қоғамның ілгері дамуы деп айтуға болады. Ұлтымыздың адамдық қасиеттерін, ұлттық құндылықтарын, кеңпейілділігін насихаттап, жастардың бойына ұғындырмай, заманның дамып жылжуы мүмкін емес. Елбасының «Кешегі бабамызбен ғана емес, бүгінгі бағамызбен, ертеңгі шамамызбен де мақтана алатын ұлт болуды ойлауымыз керек» деген ой-тұжырымы ұлтымыздың кешегісі мен бүгінгісі және ертеңін ойлар азамат болуды нақтылай түскендей. Өткенімізді еске алмай, бүгінгімізді сараламай ертеңді болжау мүмкін емес. Осы мақсатта университетімізде болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін жетілдіру ісінде ғана емес, олардың адамгершілік жауапкершілігін, отаншылдық рухын,

елдік қасиеті мен ұлттық ар-ожданын қатар тәрбиелеуге баса назар аударылуда. Себебі, бүгінгі таңдағы әлемде жаһандану жағдайына бейімделуіне байланысты ұлттық сипатымызды жоғалту қаупі төніп тұр. Өткен ғасырдың орта шенінен айтыла бастаған өркениет бәсекесі қазір, шын мәнінде, ақиқатқа айналада» [3].

Жоғарыда келтіріп отырған нақты мысалдар Елбасымыздың ғылым мен білімнің әрбір саласынан өте сауатты, көзі ашық көреген адам екенін тағы бір мәрте дәлел-

дейді. Жас ұрпақты ертеңгі күннің елге ұстар азаматтары деп үлкен үмітпен қарайтын елбасымыз оларға, яғни мына біздерге үлкен сенім артады. Сол мақсатта біздердің сапалы әрі нақты білім алуымыз үшін барлық мүмкіншілікті жасауда. Ал тал шыбық жас ұрпақтың мақсаты сусындап, мол мүмкіншіліктің ортасында еш кедергісіз білім алып, өсіп келуіне орай бұран, қисық кетпей бойын тіктеп, жоғары күнге ұмтылып өсіп, ертеңгі ел болашағына өз үлесін қосуды өздеріне мақсат ету ғана.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. С.Ж.Пралиев, М.А.Нуриев, Ж.А.Сейсенбаева «Нұрлы жол Елбасының қасиетті жолы» «Ұлттық тәрбие» журналы 2015ж №5 (31)
2. Қазақстан - 2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. - Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. -//Егемен Қазақстан, №828-831 (27902), 15 желтоқсан, сенбі 2012, 2 б.
3. Ж.А Сейсенбаева. «Елбасы және ұлттық тәрбие» «Ұлттық тәрбие» журналы № 2 (5) 2011ж



Адамның адамдық, ұлттың ұлттық ең жоғарғы қасиеті – тіл өткірлігі
мойымасын, тіл сұлулығы кемімесін!

Ғабиден Мұстафин

ӘОЖ . 00.009

Ж.Т. Сарыбекова

*Тараз инновациялық гуманитарлық университеті
«Педагогика және Психология» кафедрасының меңгерушісі
Педагогика ғылымының докторы, профессор*

М.А. Мырзагельдиева

*Тараз инновациялық гуманитарлық университеті
«Педагогика және Психология» кафедрасының 2 курс магистранты*

БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БОЛМЫСЫН ДАМУДА ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ РӨЛІ

Ғылыми мақалада болашақ мамандардың рухани-адамгершілік болмысын этнопедагогика құралдары арқылы дамытудың ғылыми негізі мен теориялық қыры қарастырылады. Жоғары оқу орнында білім алып жатқан болашақ маман ретіндегі студентті еңбек нарығының сұраныстарына сай қалыптастыруда ұлттық құндылықтардың ролі мен оқу үрдісін қазіргі білім беру талаптарына сәйкес жоспарлы және мақсатты ұйымдастырудың ғылыми мәні ашылады. Болашақ маманның рухани – адамгершілік болмысын дамытудағы этнопедагогика құралдарын пайдаланудың маңызы мен бүгінгі өмірдегі жаңашылдықты қабылдап, жақсыны үйренудің мәні анықталады.

Түйін сөздер: маман, рухани-адамгершілік, этнопедагогика, тәрбие, жоғары мектеп, оқу үрдісі, ұлттық білім, әдеп, жаңашылдық, әдіс, ұлттық рух, тұлға, салт-дәстүр, халық педагогикасы, озық тәсілдер, халық ауыз әдебиеті.

Этнопедагогика – это область современной педагогической науки, имеющая междисциплинарный характер. Значимость этнопедагогики в профессиональной подготовке будущего педагога сегодня чрезвычайно велика. Этнопедагогическая компетентность должна сегодня рассматриваться как один из центральных компонентов профессиональной культуры современного педагога, поскольку возрастает значимость для общества этнонациональной составляющей личности.

Ключевые слова: специалист, духовно-нравственное воспитание, этнопедагогика, воспитание, высшая школа, учебный процесс, национальное образование, новизна, метод, национальный дух, личность, традиции, обычай, национальная педагогика, инновационные технологии, устная народная педагогика.

The ethnopedagogics is the field of modern pedagogical science having interdisciplinary character. The importance of ethnopedagogics in vocational training of future teacher is extremely big today. Ethnopedagogical competence has to be considered today as one of the central components of professional culture of the modern teacher as the importance for society of the ethnonational making personality increases.

Keywords: expert, spiritual and moral education, ethnopedagogics, education, the higher school, educational process, national education, novelty, method, national spirit, personality, traditions, custom, national pedagogics, innovative technologies, oral national pedagogics.

Болашақ маманға рухани адамгершілік беретін білім ошақтары екені сөзсіз. Болашақ маман бүгінгі студент, ертең халыққа және этномәдени құндылықтар негізінен білім беретін тұлға, отбасылық өмірге даяр бірден бір рухани қолдаушысы жоғары білім жар болуға білім ошағынан дайындалып,

сол білім жүйелі түрде жолға қойылғаны ел ертеңіне нық сеніммен қадам басуына үлкен пайдасы тиері сөзсіз. Қазақ халқының өркениетті заманында, мәңгілік ел болып дамуының іргетасы рухани-адамгершілік тәрбенің дұрыс берілуінен басталады.

Демек, болашақ мамандардың болмысын этнопедагогика негіздері арқылы бүгінгі күн талабына сай, өркениет көшіне ілесе отырып, жаһандану үдерісінде этномәдени құндылықтарға құрметі жоғары болашақ ұлт ұрпағының бейнесін қалыптастыруға негізделуі тиіс.

Этнопедагогика ғылымының зерттеу объектісі – халықтың ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан мәдениеті мен мінездерінің нормалары, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың жиынтығы, ал, оны білім беру үрдісіне ендіріп, рухани адамгершілікке баулу білім бағдарламаларына қойылатын міндеттердің бірі. Этнопедагогикалық мәдениет, ұлттық дәстүрлер, әдет-ғұрып, мінездердің нормалары өмір тіршіліктің өзгеруіне сәйкес өзгерістерге ұшырап, үздіксіз даму үстінде болды, және сол өзгерістерді қоғам сұранысына сай дамыта отырып, болашақ маманның тұлғасын дамытуға пайдалана білу керек. Бұл, біріншіден, қоғам дамуының заңдарын білдірсе, екіншіден, белгілі бір кезеңдерде жаңаша сапаның пайда болып, әлеуметтік өмірдегі жағдайларды өзгертуге себепші бола отырып, білім алушының ұлттық құндылықтармен толықтырылған білім негізінің қалыптасуының бірден бір жолы.

Профессор С.Қалиев: «Этнопедагогика – фольклорлық шығармалар мен ұлттық салт-дәстүрлердің тәлім-тәрбиелік мән-мағынасы мен оны оқу-тәрбие жүйесінде қолданудың әдіс-тәсілдерін зерттейтін педагогика ғылымының бір саласы» [1], – деп анықтама берген болатын. Бүгінгі таңда білім беру үрдісіндегі этнопедагогика ғылымы мен халық педагогикасын оқыту бағыт-бағдары айқындалған. Аталмыш ғылымдар өз бағыт-бағдарымен білім саласына кіріктірілген.

Этнопедагогика ғылымы екі саладан тұрады: халықтың ауыз әдебиеті мен салт-

дәстүрлерінен құралған ауыз әдебиеті және ұлттық тәлім-тәрбиенің жазу мәдениетіндегі көрінісі. Халықтың игі әдеттері дағдылана келе әдет-ғұрыпқа, әсерлі әдет – ғұрыптар салт-дәстүрлерге айналып, халықтың өмірінде қалыптасқан салт-дәстүрлер салт-сана болып қалыптасқан. Халықтың салт-дәстүрлері рәсімдер мен жөн жоралғылар, рәміздер, ырымдар мен тыйымдар, түрлі сенімдер арқылы өмірде қолданыс тауып келеді. Оның бәрі толысып, дамып, жаңарып отырады [2].

«Ұлттық құндылық дегеніміздің өзі халықтың ұлттық ерекшелігі, ол алдымен мәдениет, мәдениет жалпыадамзаттық мүдде тұрғысынан дамиды. Ендеше, осы құндылықты ескермеу, мәдениеттің негізін бөлшектеу – жастардың арасындағы діннен безу, тілін қастерлемеу, ұлттық әдепті білмеу сынды жағымсыз жайттардың белең алуына алып келді. Отбасы өнегесі төмендеп, қазақ ұлтының жан-дүниесі өзгеріске ұшырады. Ұлт психологиясы сансырап тексіз, ұлтсыз, тілсіз ұрпақ тәрбиелеуге бет алған замана алысын өзгерту мақсатында адам бола білуге, тұлғалық сипат қалыптастыруға әрине, ұлттық тәрбиенің берер үлесі мол. Халық қамын ойлайтын болашақтың кемеңгер ойшылдары да ұлттық тәрбиеден дәріс алған болашақ мамандардың арасынан шығары анық» [3]. Кемелденген, қуатты мемлекет болсын десек, сол қоғамның діңгегі жастар тәрбиесі дұрыс жолға қойылғанын қамтамасыз етуіміз керек. Ал, жастар тәрбиесі білім алу ордасында ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан нақтылана көрініс табуы тиіс. Сондықтан да, қазіргі ғаламдану заманында еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму кезеңіндегі мәдени-тарихи, рухани құндылықтарымызды бойына сіңіре отырып, білім жетістіктерін өркениетті елдердің білім деңгейіне көтеру қажеттігі алға тартылды. Ұлттық құндылықтарға туған жер, отан, халық, туған ошақ, ұлттық мәдениет, ұлттық тіл, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар жатады. Сонымен қатар, оны тұлғааралық қатынастар, шаруашылық және қолөнер аясын-

дағы құндылықтармен (тамақ, ұлттық киім) толықтырамыз.

Дана халқымыз өзінің үлкен тарихында жас ұрпаққа тәрбие берудің бай тәжірибесін жинақтап, өзіндік **салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүр** рәсімдерін туғызды. Бұлар – халықтың іс-әрекеттерінің қоғамдық ортада қалыптасқан нормалары мен ұстанымдарының көрінісі деп түсінген дұрыс. Қазақ халқы өмір сүрген ортаның әлеуметтік-экономикалық жағдайына, мәдениеті мен тарихына сай жастарға тәлім мен тәрбие берудің басқа халықтарда қайталанбайтын талап-тілектерін дүниеге әкелген. Қазақ халқының ең құнды байлығы – салт-дәстүрі. Салт-дәстүрлердің пайда болуы мен қалыптасуының өзінің тарихы бар екені белгілі. Себебі, қазақ елі жеке ұлт ретінде құрылғанға дейін небір қиын-қыстау кезеңдерді бастан өткеріп, қазіргі таңда өзіндік сипатымен орныққан бүгінгі күнге жетіп отыр [4].

Бүгінгі таңда біздің еліміздің көркейіп, өркениетті елдердің қатарына қосылып, халықаралық деңгейге шығуымыз үшін ұлтжанды, отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеуіміз қажет. Басты міндетіміз – рухани және әлеуметтік, адамгершілік дүниесі бай, жаңашыл, шығармашылық ойлау қабілеті мен ұлттық дүниетанымдық мәдениеті жетілген зерделі тұлға қалыптастыру. Сондықтан да, Отанымыздың болашақ дамуына үлес қосатын ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Ұлтжандылық дегеніміз – адамның өзінің араласқан белгілі бір саяси, мәдени және әлеуметтік ортасына – Отанына деген аса терең сезімі. Ұлтжандылыққа тәрбиелей отырып, жастардың азаматтық санасын қалыптастыру, оқушылардың саяси білімдерін жетілдіруге, өз азаматтық құқықтары мен міндеттерін, туған жердің, өскен елдің табиғатын аялай білу сезімін қалыптастыра білуге тәрбиелейміз.

Отансүйгіштік – азаматтық санамен қалыптасатын қасиет. Жастардың азаматтық санасын біліммен қаруландыра отырып, аға ұрпақтың қалдырған мәдени-тәлім мұраларынан сусындаған, туған жері мен елінің

рухани-материалдық, мәдени құндылықтарын бойына сіңіре отырып, ақыл мен парасаттылығы жетілген, ұлтжанды, саналы азаматты тәрбиелеу жолға қойылады.

Демек, болашақ маманға моральдық-этикалық тәрбие беру бағдарында – рухани адамгершілікті мінез-құлық мәдениеті мен адамгершілікті қарым-қатынас мәдениетін үйлесімділікте қалыптастыруға негіз болатынын көз жеткіздік. Этнопедагогика құндылықтарында этикалық, моральдық тәрбие бере отырып, адамгершілік-рухани бағытта дамыта отырып, қоғам дамуына тұлға қалыптастыруға негіз саларымыз анық. Бұл бағытта педагогикалық мүмкіндіктерінде негізгі үрдіс деп қарағанымыз абзал.

Ақпарат ғасырының дамуына негіз болатын азаматтық қоғам құру барысында, дамыған батыстық мемлекеттердің ең біріншіден, ел ішіндегі саясатқа араласары сөзсіз. Даму бағытын жаңа айқындап, стратегиялық жоспарларын енді ғана іске асыра бастаған жас мемлекет – экономикасы қарқынды дамыған мемлекеттер үшін, өз саясатын жүргізуге қолайлы аймақ болып табылатыны тарихта жаңалық емес.

Олар – қызды ардан, ұлды намыстан айырып ұлтымызға жат, ұятты істерге итермелеп санасын уландыруда. Қазір демократия деп, теледидар, ақпарат құралдары арқылы ұлттық дәстүрімізді бұзатын қолайсыз хабарлар көп таралуда. Еліміздің табиғатында жоқ бұл ақпарат ағынын тезге салу - демократия талабына қайшы деп екпірін ұғым тарататындар бар. Демократия ойға келгенді істеу емес, ол егеменді елді дамытуға бағытталуы керек. Оның көмескі жағдайларына тосқауыл қойған дұрыс болар еді.

Сондықтан, болашақ мамандарымыздың алды-артын бажайлап, ақылмен ойлап, өзінің ұлттық негізгі салтына сәйкес салмақтап, дұрысын бойына дарытып, байсалды, байыпты болғаны жөн. Өйткені, көп ұлтты еліміздегі қазақтар үшін, демократияның маңызды өлшемі — этнопедагогикалық білім негізіндегі ұлттық құндылықтар екені сөзсіз.

Бүгінгі таңдағы әлемдік білім беру жүйесі өзінің жылдам өзгеруімен, жаңашылдығымен ерекшеленеді. Ал білім беру жүйесіндегі жаңалықтың негізі – әрбір білім алушыны жеке тұлға ретінде қабылдай отырып, оның тұлғалық ерекшеліктерін ескеріп, оларды болашақ өмірдегі бәсекеге қабілетті тұлға етіп тәрбиелеу.

Адам болашағын шешетін де тәрбие екендігі ежелден белгілі, көңілде жатталған ұлы түсінік болғанымен, оны педагогикалық-психологиялық тұрғыдан келгенде қалай жүргізу керек, қалай ұйымдастыру керек деген мәселе күн тәртібінен түспейтіні ақиқат. Адам өмірінде тәрбие мәңгілік категория болса, оны ұйымдастыру, жүзеге асыру еш уақытта ескірмейтін, қайта уақыт озған сайын жаңарып, әрбір кезеңнің өз талабына лайық жетіліп отыратын үзіліссіз құбылыс деп түсінеміз. Демек, осы үдерісте жеке тұлғаның физиологиялық және психологиялық даму ерекшелігіне жете көңіл бөлу қажет екенін ғалымдар дәлелдей отырып, ұлттық құндылықтар негізінде жастарға тәрбие беру мәселесі қазіргі таңда өзекті болып отырғанын қатаң ескертеді.

Этнопедагогикалық білім негізі жас ұрпақты әсемдікті игеруге, сұлулықты сезініп, қастерлей білуге, оны өз бойына дарыта білуге, яғни, эстетикалық тәрбие бере білу-

ге, ең бастысы рухани даму сипатына жетелейді. Этнопедагогикалық білім беру арқылы, жас өскелең ұрпақты халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпымен таныстырып, адамның ішкі сезімін, жан дүниесін түсіне білуге бағыттауға ұмтыламыз. Болашақ маманның айнала қоршаған ортадағы сұлулыққа ерекше әсерленуін, көз алдында болып жатқан түрлі құбылыстар мен табиғат сұлулығын сезінуін, түсінуін, оны бағалап, танымдық, қызығушылық көзқарастарын қалыптастыруға негіздейтін – осы этнопедагогикалық білім негізі. Жас ұрпақты елжандылыққа тәрбиелейтін тағылымды тәлім – ұлттық рухта тәрбиелеу мен оқыту. Ұлттық рухта білім алған болашақ маман ұлттық тұлға болып қалыптасып шығады. Ұлттық білім берудің өзі – ұлттық қауіпсіздік пен мәдениеттің құрамдас бөлігі. Ал, ұлттық білім берудің құндылығы толығымен саяси күрес, қалыптасқан дәстүрлермен, әлеуметтік дамумен, отандық және батыстық ғылымның бірігу дәрежесінен көрініп, анықталған. Халқымыздың сан ғасырлардан келе жатқан ұлттық мұрасын оқу-тәрбие ісімен сабақтастыра отырып тәрбиелеу, ұмыт қалған салт-дәстүр, ұлттық ерекшелігімізді насихаттап, олардың бойына ұлттық психологияны қалыптастыру – әрбір ұстаздың міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы (оқу құралы). - Алматы: Рауан, 1998. - 128 б.
2. Сарыбекова Ж.Т. Болашақ мұғалімдерді оқушы қыздарға қазақтың халық педагогикасы арқылы тәрбие беруге даярлау: пед.ғыл.канд.автореф.: 13.00.01. – Астана, 2004. - 26 б.
3. Піралиев С.Ж. Нуриев М.А. Сейсенбаева Ж.А. Оразымбетқызы Ә. Ұлттық тәрбие// салт дәстүр әдет-ғұрып негізінде Оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2011.- 164 б.
4. Сейсенбаева Ж. «Ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі» Оқу құралы Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2011ж- 158 б.

ӘОЖ 37.371

Ж.Н. Есиркегенова

*Абай атындағы ҚазҰПУ. Филология институтының,
«Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығының
2-курс студенті*

ҮШТІЛДІЛІККЕ КӨШУДЕ КЕЗДЕСЕТІН КЕДЕРГІЛЕР МЕН ОДАН ШЫҒУ ЖОЛДАРЫ

Бұл мақала қазіргі таңда алға қойылған «Үш тұғырлы тіл» жобасына байланысты жазылды. Елбасының аталмыш реформасы Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Яғни «мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз» дегенді көздейді. Кез-келген мәселеде кедергілер кездесуі мүмкін. Бірақ одан шығу жолдары да жоқ емес. Біз қолға алған істі сапалы орындау жолында кездескен қиындықтардың дұрыс шешімін тауып, бала психологиясына кері әсер етпейтіндей, ешкімге зиян келтірмей, оң нәтиже көрсетуге міндеттіміз. Өзге тілдерді пайдалана отырып өз тіліміздің мәртебесін асқақтатайық, өзімізді өзгелерге танытайық. Үш тұғырлы тіл – уақыт талабы, ұлт келешегі болғандықтан, берілген уақыт шеңберінде біраз тәжірибе жинақтап, әлемдік деңгейге көтерілуіміз керек.

Түйін сөздер: үштілділік, кедергі, бала психологиясы, ұмтылыс, жарқын болашақ.

Эта статья была написана в связи с нынешним проектом «Трехязычия». Сказанное Президентом реформа говорит о том, что все народы мира должны знать, что Казахстан высшеобразованное государство, которое говорит на трех языках. Они: казахский язык–государственный язык, русский язык-язык межнационального общения и английский язык–успешной интеграции в мировую экономику. То есть «развиваем государственный язык поддерживаем русский язык и учим английский язык». В любом вопросе могут возникнуть препятствия. Но есть способы выхода из него.Находить правильное решение трудностей, возникших в качестве случая,без ущерба для тех, которые предназначены для воздействия на психологию детей, показывать положительные результаты наши обязанности. Используя другие языки, поднимим статус нашего языка,показав другим себя на высшем уровне. «Трехязычие»–требование времени и будущего нации, и поэтому мы должны накопить опыт в отведенное время, и подняться на глобальный уровень.

Ключевые слова: трехязычие,препятствие, психология ребенка, стремление,светлое будущее

This article was written in connection with the current «trilingual» project. Reform said the President said that all the nations of the world should know that Kazakhstan vysheobrazovannoe State which speaks three languages. They are: Kazakh language, national language, Russian language-the language of interethnic communication, and English language- successful integration into the world economy. That is, «to develop the national language, support Russian language and learn English.» In any issue there may be obstacles. But there are ways out of nego.Nahodit right decision the difficulties encountered as a case, without prejudice to those intended to influence the psychology of children, to show the positive results of our responsibilities. Using other languages,

raising the status of our language, to show others themselves at the highest level. «Trilingual» a requirement of time and the future of the nation, and so we have to gain experience in the allotted time, and up to the global level.

Keywords: trilingual, prepyatsviya, child psychology, aspiration, bright future

«Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата - бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың жалғыз білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым - білім де осында, әулиелік те осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата – бабаларымыздың бәрі жақсы болып, әулие болып өтті».

Мағжан Жұмабайұлы

Ия, тіл – әрбір ұлттың баға жетпес байлығы. Ұлттың ұлт болып қалыптасуы мен өмір сүруінің де негізгі кепілі-оның тілі. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері ана тіліміздің мәртебесі биіктемесе, алі түскен жоқ. Осы күнге дейін ұлтаралық тілі болып келген орыс тілінің де, халықаралық деңгейге көтерілген ағылшын тілінің де мүмкіндігі жоғары. Елімізде 130-дан аса ұлт пен ұлыс өкілдері тату-тәтті өмір сүріп келеді. Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Халқы Ассамблеясын құрғандағы мақсаты да ел халқын тұтастандыру болатын. Ол, әрине, мемлекеттік тіл арқылы іске асады.

Елбасы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан Халқы Ассамблеясының XII құрылтайында «Үш тұғырлы тіл» туралы идеяны жария етті. Ал 2007 Жолдауында «Тілдердің үш тұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. Бұл идеяның негізі мынадай: Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Яғни «мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз». Сондықтан мемлекетіміз ана тілге қатысты жұмыстарын бұрынғыдан да қарқынды жүргізіп, өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тіл аясында топтасуына ұйытқы болсын деген мақсатта жаңа реформа қолға алынды. Ол –2015-2019 жылы толығымен жүзеге асыру көзделіп отырған «Үш тұғырлы

тіл» жобасы. Бұл жөнінде Елбасының: «Үш тұғырлы тіл дегеніміз - қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қатар қойып, жарыстыру емес. Керісінше, бұл әр тілді өзіне лайықты орнымен қажетіне қарай лайықты пайдалану деген сөз. Мұнда мемлекеттік тілдің орны тіпті бөлек. Оған ешкімнің таласы жоқ. Үш тұғырлы тілді желеу етіп, мемлекеттік тілді ығыстыру мүлде дұрыс емес. Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды, үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді»-деген сөзі бар. Алайда қазіргі таңда орыс тілі мен ағылшын тілінің тасы өрге домалауда. Қарапайым халықтың өзі балаларын орыс сыныптарына беріп, ағылшын тілдерін толық меңгеруіне барынша жағдай жасауда. Бұл – әрине, заман талабы деуден басқа шара жоқ.

“Үш тілдің бірлігі” жобасы – үш тілді, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін Қазақстан азаматтарының бірдей меңгеруін меңзегенімен, бұның түпкі негізі, көздеген мақсаты – мемлекеттік тіліміздің халықаралық қолданыстағы орыс, ағылшын тілдерімен терезесін теңестіріп, әлемдік деңгейге көтеріп, жаһан тілдерімен тең қолданылатын биікке жеткізу. Міне, осы бағытта еліміз, ең әуелі, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін арттыруға күш салып отыр. Бұл мәселе тек қана қазақ халқының ғана емес, елімізде тұратын өзге ұлт өкілдерінің де алдында тұрған міндет. Оны жүзеге асыру үшін әрбір маманға, қызметкерге өз қызметі шегінде, өзінің кәсіби біліктілігінің аясында мемлекеттік тілді меңгеру межесі нақты айқындалып, жаңа міндеттер жүктелуі тиіс.

Бірақ алға қойылған мақсатқа жетуде кездесер кедергілер мен туындайтын қиыншылықтарды да әсте естен шығармағанымыз абзал. Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен жүру – үлкен кателік, одан әрі қатер болуы мүмкін. Сол себепті қолға алған істі барынша байыппен, ойлана жүзеге асыру маңызды.

2005 жылы Қазақстанда үштілділікті ендіру туралы ұсыныс жасаған социопсихо-лингвист, тіл теориясының маманы, еліміздегі аймақтық-әлеуметтік лингвистиканың негізін салған, 40-тан астам үлкенді-кішілі монографиялардың авторы Бақытжан Хасанұлы «ЖЕБЕ» газетінде «үш тілділік» реформасына қатысты «Атам қазақ 13-те отау иесі дегенді бекер шегелемеген, Абайша айтқанда, тұлға болып қалыптасатын 13 жас-тан бастап ғана балаға ана тілден басқа тілді үйрету керек. Ал баланы зорлап оқыту оның, біріншіден, ой-жүйесінің дамуына кері әсерін берсе, екіншіден ұлт ретінде қалыптасуын тежеп тастайды. Өйткені қалған екі тіл де халықаралық қатынас тілдері ретінде қалыптасып, қанаттары қатайған, оның шырмауынан шығу оңай емес. Мектеп жасында оқытылған күннің өзінде өте жоспарлы түрде, қазақ мәдениеті, салты, ғұрпы, басқасы толық қамтыла, әрі тек қазақ тіліне сүйене отырып ғана оқытылуы тиіс. Орыс тілі мен ағылшын тілін оқытатындар міндетті түрде қазақ тілін жақсы білуі тиіс.» деп, өз ойын ортаға салған.

Мұнда Бақытжан ағайдың үштілділікке байланысты бір емес, бірнеше мәселені алға көтеріп отырғандығын байқаймыз. Алдымен, тілді меңгерудегі жас ерекшелігі мәселесі, нақты айтқанда, бірінші сыныпқа барған балаға ана тілімен қоса, орыс және ағылшын тілдерін үйрету мәселесі. Алты-жеті жаста бала бірінші сыныпқа балалық шағымен қоштасып, жаңадан оқу-жазу машығын үйрену үшін барады. Онда бала өз ана тілінің әліппесімен танысуды бастайды, әріптерді тани отырып, сөйлеуге дағыланады, өзгелермен тілдік қарым-қатынасқа түседі. Енді ойлап қараңызшы, бала өз тілін әлі жетік меңгере алмай тұрып, басқа тілге

икемі қалай келеді? Келген күннің өзінде тіл тазалығы сақтала ма? Осы жерде үш тілділік реформасының дамуына оң бағыт беру жолында еңбек етіп жүрген жазушы Дидахмет Әшімханұлының пікірін де айта кетейін: «Үш тұғырлы тіл реформасының қоғамымызға тигізер пайдасы бар шығар әрине, алайда оның кері әсері жоқ деп те айта алмаймын. Оны бірнеше себептермен түсіндірейін. Айталық, соңғы кездері балалардың тілдері кеш шығатын болды, неліктен? Себеп: әлі тілі шықпаған бала телеарналардан орыс тіліндегі әр түрлі мультфильмдерді көреді, кітаптарды қарайды, одан қалса ата-әжелері, әке-шешелері орыс тілінде сөйлеседі, міне-кей, нәтижесінде аралас тілден баланың тілі шатысып, былдыр, түсініксіз сөздерден ғана құралады. Немесе жай ғана мысал, балабақшалардағы қазақ балаларға қарағанда орыс балалардың ойлары жинақы, сөйлемдері түсінікті болып келеді. Бұл қалай дейсіз ғой? Мәселе, олардың тек ана тілдерінде сөйлеуінде, біздікілер сияқты шүлдірлеп жүрген жоқ. Баланың тілі бір тілде ғана шығуы керек».

Екіншіден, ой-жүйесінің дамуына кері әсерін тигізеді. Үш тілді бірдей алып келе жатқан бала қоғамда қай тілдің мүмкіндігі жоғары, қажеттілік қай тілге көбірек екендігін байқайды да, сол тілге басымдық береді. Мемлекеттік тілге қарағанда халықаралық тілдің қанаты кеңірек жайылатынын көріп те жүрген болармыз.

Тағы да бір мәселе деп- ұлт ретінде дамуын тежейтінін айтады. Әрбір халықтың, ұлттың өзіндік болмысы- оның әдебиеті мен мәдениетінде, тілі мен дінінде жатыр. «Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» демекші, ұлттың ұлт болып қалыптасуының негізі – міне, осылар.

Бұлардың бәрін психологиялық жақтан туындайтын кедергілер деп санауға болады. Шешімін таппайтын шиеленіс жоқ шығар. Қандай жағдайда болсын, өзге тілдерді тек ана тілінің ығында ғана үйрену керек. Басты рөл-қазақ тіліне берілуі тиіс.

Сонымен қоса, материалдық тұрғыдан да қомақты қолдау-қаржыны талап ететіні

сөзсіз. Қазіргі уақытта ағылшын тілін жетік меңгерген маман-мұғалімдер жеткіліксіз. Білген күннің өзінде ол тек өз кәсібіне байланысты, нақтырақ айтсақ, ағылшын тілі мұғалімі, аудармашы, елші, бірен-саран іс-қағаздар тілінде отырған хатшы, ақпараттық техника мамандары ғана білуі мүмкін. Ал баланы тәрбиелеп, өмірден өз орнын табуға жетелеп, болашаққа жол сілтейтін кез-келген пән мұғалімі тілді аса жоғары деңгейде біле бермейді. Мұғалімдерге сапалы білім мен тәжірибе беру үшін:

-шетелден арнайы жоғары білімі бар, тәжірибелі маман шақыртамыз (тұратын жері, тамағы, басқа да қажеттіліктері, әрине, мемлекет есебінен);

-Еліміздегі мамандарды шетелге үйренуге, тәжірибе алмасуға жібереміз;

-Арнайы оқулықтар алдыртамыз (әсіресе ағылшын тіліне байланысты).

- Егер қазақ тілі мен Қазақстан тарихы пәндерінен басқа пәндер ағылшын тілінде жүргізілетін болса, оған аударма жұмыстары да ауадай қажет.

Бұлар біршама қаржыны талап етеді. Десек те, шығын шықпай, кіріс кірмейтіні белгілі. Алға қойған мақсатымызға сай нәтижеге қол жеткіземіз деген сенімдемін.

Сонымен қатар арнайы жүйелі түрде жұмыстар атқарылуы шарт:

-Тілдерді оқыту сағаттарын көбейту (жиі жаттығу, көбірек дайындалу-мақсатқа жетуге бір қадам жақындата түседі);

-Пән мұғалімдерін қайта даярлау, арнайы курстан өткізу (мүмкіндік болса, болашақ мұғалім-студенттерді де естен шығармау);

-Аталған пәндер бойынша оқулықтар дайындау (әдістемелік тұрғыдан, аз уақытта тез әрі сапалы білім алатындай);

-мектептерді түгелдей ғаламтор жүйесімен қамтамасыз ету (Ол- керек кезде онлайн сабақтарын өткізуге, аудармамен айналысуға, т.б.септігін тигізеді).

Қорыта айтқанда, біз қолға алған істі сапалы орындау жолында кездескен қиындықтардың дұрыс шешімін тауып, оң нәтиже көрсетуге міндеттіміз. Өзге тілдерді пайдалана отырып өз тіліміздің мәртебесін асқақтатайық, өзімізді өзгелерге танытайық. Үш тұғырлы тіл – уақыт талабы, ұлт келешегі болғандықтан, берілген уақыт шеңберінде біраз тәжірибе жинақтап, әлемдік деңгейге көтерілуіміз керек. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін алда кездескен кедергілерден жұмыла күш біріктіріп шыға отырып, қиыншылықтарды жеңе отырып, бүгінгі ұрпаққа халқымыздың ежелден қалыптасып келе жатқан рухани қазынасын әлемдік озық ой-пікірлермен ұштастырып, саналы білім мен тәрбие берілуі қажет. Берілген мүмкіндікті пайдалана отырып, кез-келген салада керегесі кең, дамыған елдермен терезесі тең мемлекетке айналуымыз тиіспіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». Астана, 28 сәуір. — 2007
2. «Жебе» ақпараттық порталы. 16 шілде 2013
3. «Ана тілі» ұлт газеті «Үш тұғырлы тіл: уақыт талабы» мақаласы; № 19 (1319), 13 - 18 мамыр 2016
4. Тәңірбердіқызы Т. Ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес // Қазақ әдебиеті, №48. 2008

ӘОЖ: 37.371.371.3

М.Б. Жаркымбекова

*Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық университетінің
«Педагогика және психология» мамандығының 1 курс магистрі*

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Ғылыми мақалада бастауыш сынып мұғалімдерінің білім алушылардың рухани жан дүниесіне адамгершілік тәрбие берудегі ролі зерделенеді. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтар арқылы білім мен тәрбие берудегі ұлттық тәрбиенің маңызына ой қозғайды. Бастауыш мектеп оқушыларына мәңгілік ел құндылықтарын ұғындыруда бүгінгі білім сапасына қойлатын талаптар айтылады. Бастауыштан басталатын білім нәрінің дамуына игі әсер ететін негізгі факторлар сөз етіледі. Бүгінгі білім жүйесіндегі бастауыштық білімнің басты мақсаты – адам баласының барлық іс-әрекетіндегі сергек сезімталдықты, әдемілік пен әсемдікті тәрбиелеу екендігіне ғылыми сараптама жасалған.

Түйін сөздер: бастауыш мектеп, құндылық, мәңгілік ел, әсемдік, тәрбие, даму тарихы, білім сапасы, әдет-ғұрып, тұлғалық сапа.

В статье определяется и уточняется содержание понятия «гуманистические ценности», определены особенности их воспитания у учащихся начальных классов. Гуманная педагогика, воспитание личности ребенка – одна из важных задач современной школы. И это закономерно, потому что в жизни нашего общества все более возрастает роль гуманных начал, расширяется сфера морального фактора. Стержнем гуманной педагогики является формирование гуманистических отношений и взаимоотношений детей. Независимо от содержания, методов и форм воспитательной работы и соответствующих конкретных целей перед учителем всегда должна стоять задача организации гуманных отношений детей. Для гуманной педагогики важны самостоятельные действия ребенка.

Ключевые слова: начальная школа, ценности, Мангилик ел, эстетика, воспитание, история развития, качество образования, культура и традиции, личностные качества.

In article the content of the concept «humanistic values» is defined and specified, features of their education at pupils of initial classes are defined. Humane pedagogics, education of the identity of the child – one of important tasks of modern school. And it is natural because the role of the humane beginnings more and more increases in life of our society, the sphere of a moral factor extends. A core of humane pedagogics is formation of the humanistic relations and relationship of children. Irrespective of the maintenance, methods and forms of educational work and the corresponding specific goals the task of the organization of the humane relations of children always has to face the teacher. Independent actions of the child are important for humane pedagogics.

Keywords: elementary school, values, Mangilik ate, an esthetics, education, development history, quality of education, culture and traditions, personal qualities.

Бастауыш сынып мұғалімдері білім алушылардың рухани жан дүниесіне белсенді ықпал етіп, олардың эстетикалық талғамы мен адамгершілік, тұлғалық және сапалық қасиеттерінің қалыптасып дамуына тікелей

әсер етіп, дамуына тікелей әсер ететін тұлға болып есептеледі. Олар халықтың бай тарихын, мәдени құбылыстарының сан қилы ерекшеліктерін білмей, бүгінгі білім алушының тәрбие жүйесін қалыптастыра

алады дей алмаймыз. Сондықтан бастауыш пәні мұғалімдері оқу-тәрбие үрдісіне тарихи-педагогикалық және мәдени мұраларды пайдалана біліп, сол білім деңгейін кішкентай білім алушыларға білім мен тәрбие беру барысында барынша пайдалану білу қажет болып отыр. Себебі, ол бастауыштан басталатын білім нәрінің дамуына игі әсер етеді. Олай болса, бүгінгі білім жүйесіндегі бастауыштық білімнің басты мақсаты – адам баласының барлық іс-әрекетіндегі сергек сезімталдықты, әдемілік пен әсемдікті тәрбиелеу. Мұғалімдер қандай болса, қоғамы да сондай деген бұлжымас заңдылық ерте уақыттардың өзінде-ақ белгілі болды. Адамзат өркениетінің даму тарихында жақсы мектебімен мұғалімдері бар мемлекеттер ғана алға озып шыққан. Мұғалімнің рөлін төмендету қашанда болмасын мемлекетті аздырып, әдет-ғұрыптарды нашарлататын қынжыларлық жағдайлармен аяқталып отырған.

Бастауыш пәні мұғаліміне қойылатын талап – педагогикалық қабілеттіліктің болуы – оқушылармен жұмыс жүргізуге бейімділіктен; балаларға сүйіспеншіліктен; олармен қарым-қатынаста қанағаттанудан көрінетін тұлғалық сапа. Көбіне педагогикалық қабілеттер сөз сөйлеу мәдениетін, ән айту, балаларды ұйымдастыру және т. б. нақты әрекеттерді орындай білумен сипатталады.

Мұғалімдер арасында жүргізілетін сауалнамалар нәтижелері бойынша жетекші педагогикалық қабілеттерге педагогикалық қырағылықты (байқағыштық) жатқызуға болады, ал дидактикалық, ұйымдастырушылық, экспрессивтік, басқалары қосалқы, көмекші топқа санала алады. Адамгершілік – бұл мұғалім үшін міндетті сапа, яғни, өсіп жетіліп келе жатқан адамға жер бетіндегі жоғары құндылық ретінде қарым-қатынас жасау, бұл қарым-қатынасты ол нақты істер мен қылықтарында көрсетеді.

Өзінің кәсіби еңбегіне сүйіспеншілік – өз ісіне адалдық пен аямай берілгендік, тәрбие нәтижелеріне қол жеткізгенге қуану, өзіне, өзінің педагогикалық мамандығына ұдайы арттырып отыратын талап қоюшылық деп санаймыз.

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл Фараби: «Ұстаз тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, олардың ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны таза және әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» [1] – деген еді. Осы бір қасиетті мамандық иесінің ұрпақ тәрбиесіндегі алар орны ерекше. Демек, білім сапасын көтерудің негізгі тетігі – ұстаз, сондай-ақ оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің халыққа арналған жолдауларында білім беру саласында тәрбиелік мән енгізуді талап етуде. Тәрбиелік мәні жоғары білім ғана жемісін берері сөзсіз. Мәңгілік ел болып дамып жетілудің де негізі білімнің дұрыс бағытта берілуі екендігі, әрі оның тарихи қағидаларды дұрыс ұғынып, ұлттық құндылықтарды ұғындыра білгендігімен болып отырғаны белгілі. Мемлекет басшысы “Білім беру саласы адамдарға тек білім ғана емес, әлеуметтік бейімделу үрдісі кезінде оны тиімді қолдана білу дағдысын беруі тиіс. Үкіметке 5 жылға арналған мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын жоғарылату бойынша ұлттық жоспарды жасақтауға тапсырамын. Патриотизм, адамгершілік нормалары, өнегелік, ұлтаралық келісім, толеранттылық, дене және рухани саулық, заңға мойынсұнушылық - осы құндылықтарға барлық білім беру мекемелері баулуы тиіс”[2], – деген, Елбасы жолдауының негізі бүгінгі білім бағдарламалары мен білім сапасына ерекше ден қоюды талап етеді.

Бүгінгі таңда бастауыш сынып оқушыларға рухани-адамгершілік бағдарында тәрбиелеуде үлкен жетістіктерге жету үшін қазіргі ұрпақ тәрбиесінің негізгі мақсаты – оқушыларға оқыту үрдісі кезінде шығармашылық белсенділігін күшейтіп, өмірге деген құштарлығын арттыратын тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру арқылы тәрбие беру

болып табылатындығын көрсетеді. Психолог ғалым Ж.Аймауытов тәрбие жөніндегі халықтық мұраға, оның озық жағына сүйенеді. Қазақтың «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», «Сүтпен біткен мінез сүйекпен кетеді» деген мақалдарын еске ала отырып, бала өміріндегі ата-ана тәрбиесінің, өнегенің орнын зор бағалайды. Тәрбие берудегі оқу орындарының маңызын атап көрсетеді. Адам өміріндегі тәрбиешінің рөлін ол дәрігермен ғана салыстырады. Соның өзінде дәрігерден жоғары қояды. «Адамдық көзбен тереңнен тексерсе, дәрігерден де тәрбиешінің көп болғаны артық. Дәрігер адамның денесін сауықтыратын болса, тәрбиеші адамның ақылын, мінезін, жанын сауықтырады. Ақылды адам көбейсе, Отанның күзетшісі, қорғаны», - дейді. Бала бойындағы кемшілікті тәрбиенің дұрыс басшылықпен жүрмегендігі екендігін айтып өткен болатын[3].

Адамгершілік құндылық - әрбір адамға тән барлық игі қасиеттер және ол жеке тұлғаның ортамен қарым-қатынасқа түскен кезде шынайы көрініс беруімен айқындалатын үрдіс. Ендеше, халқымыз ғасырлар бойы қастер тұтып келген ар-намыс, ұждан, имандылық, инабаттылық, мейірімділік, кішіпейілділік, ата-мекеніне, еліне деген сүйіспеншілік сияқты асыл қасиеттерді тәрбиелеу - заман талабынан туындап отырған мәселе. Бұл міндеттің жүзеге асырылуында ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтардың мүмкіндіктері мол.

«Адамның бойындағы қандай да қасиеттер, мейлі ол жақсы, мейлі жаман болсын ол адамгершілік, білім-парасаты, инабаттылық, кісілік мінез, еңбек дағдысы бәрі-бәрі үлгі-өнегені үйрену арқылы жүкпак. Оның негізі ұлттық тәрбие беруде. Бұрынырақта баласын тәрбиелеу мақсатында адамның өмірі мағыналы болсын деп ұлы адамдардың қасына қосып қойып, солардың қасында жүру арқылы, аталы сөздерін тыңдап өсу арқылы тәлім-тәрбие үйренуге ықпал еткен. Сондай адамдардан тәрбие алған адамдардың біразы кейіннен халқымыздың біртуар азаматы бо-

лып ержетіп отырған. Кейін ел ісі де осындай жастардың қолына өтіп отырған» [4], - деп, бала тәрбиелеуде дана ойлардың бала санасына жеткізу жолындағы түсіндіру арқылы жеткізілетіндігін де ғалым Сейсенбаева Ж.А. өз еңбегінде нақтылаған. «Жеке тұлғаны өмірге бейімдеп, жан-жақты дамыта даярлау үшін бұл қасиетті әрекетке жеке адам, ұжым, топ, жалпы әлеумет жауапкершілікпен қатысады. Тәрбиеге халық тәжірибелері (халық педагогикасы), әдебиет, өнер, кино, радио, теледидар, табиғат мүмкіндіктері пайдаланылады. Тәрбие тәжірибелерінің негізгі тірегі – ұлттық тәрбие. Қазақ отбасында ұлттық тәрбие ана құрсағынан басталып, адамды өмір бойы және оны ол дүниеге шығарып салумен аяқталатын әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер негізінде жүргізіліп, іс-әрекеттер мен қарым-қатынастар арқылы жүзеге асады» [4], - деп, қазақ халқының бала тәрбиесіне жан-жақты қарастырып, ұлттық тәрбиенің роліне ерекше тоқталған болатын.

Бізде бүгінгі қоғамды, соның ішінде бала тәрбиесіне ата-ана мен мұғалім ролімен бірге, бүгінгі теледидар мен интернет ерекше орын алып отырғаны ақиқат. Ата-ана жұмыспен жүріп, отбасының матиeалдық болмысына көбірек назар аударып кеткендігі, ал, мұғалімнің мектеп қабырғасында жауып беріп, білімі мен тәрбиесіне мектеп аумағында жауап беретінін ескерсек, қалған бос уақытында бастауыш баласының теледидар мен интернетке тәуелді болып отырғаны көңіл қынжылтса да шындық екені белгілі. Баланың мінез құлқы мен өмірлік көзқарастары да соған байланысты өзгеріске ұшырауда. Ендеше, ата-ана балаға өзіндік қамқорлықпен қатар, адамгершілік, отбасылық қағидаттармен толыққан тәрбие бере білсе, мұғалім білім мен рухани-адамгершілік пен халықтық тәлім-тәрбие бере білсе, екеуара байланыс орнатылса, болмысы толық дамыған адам тәрбиелеріміз анық.

Ұлы ойшыл Абай өзінің отыз жетінші сөзінде: «Мен егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» [5]- деп, адам

мінезінің өзгеріске түсетіндігін айтып өткен болатын. Яғни, адамның өсіп жетілуіндегі тәрбиенің роліне ерекше назар аудара отырып, адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар-мінез арқылы озатындығын меңзеген. Онан басқа жолмен озамын демектің бәрі - ақымақтық дей келе, адамды тәрбиелеудегі қоғамдық ортаның ролінің ерекшелігін саралап көрсетіп берді. Адамның жақсы, жаман болуы, ақылды, ақылсыз болуы генетикалық негізге байланысты, ақсүйек тұқымынан шыққандар ақылды, алғыр болады дейтін теріс көзқарасқа қарама-қарсы Абай адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге байланысты екенін дәлелдеді.

Қорыта келе, мектептегі бастауыш сынып оқушыларына тәрбие беруде адамгершілік рухани білім беруде ұлттық құндылықтар мен ата-баба дәстүрін негізге ала отырып,

эстетикалық көзқарас қалыптастыруға жұмылдыра білгеніміз абзал. Негізгі педагогикалық ережелерді ғылыми пайдалану дәрежесін арттыру, педагогикалық қызметті игерудің сапасын жетілдіру де осы мақсатқа қызмет етуі қажет.

Жақсы педагог – бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанамырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп есептеледі. Осыған сәйкес, болашағында елім деп қызмет етер, отансүйгіш тұлға болмысын дамытуда бастауыш мектеп мұғалімдерінің еңбегі руханилыққа негізделуінде қажымас еңбегі қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Санат, 1995. –481б.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол
3. Аймауытов Ж. Психология. - Алматы: Рауан, 1987. - 305 б.
4. Сейсенбаева Ж.А. Ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі. Оқу құралы. Алматы 2011. – 158 б.
5. Құнанбаев А. Білімдіден шыққан сөз. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. - Алматы, 1977. - Т. 1.-115 б.

ӘОЖ 8.82.82-1/-9

М.С. Қамзаева

Абай атындағы ҚазҰПУ

*Филология институтының, «Қазақ тілі және әдебиет»
мамандығының 2 – курс студенті*

СОТТА АЙТЫЛАТЫН ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР

Мақалада бұрынғы билер сотының қоғамдағы орыны мен атқарған қызметтеріне қысқаша шолу жасалады. Сонымен бірге, бүгінгі сот жүйесінің тілдік ерекшеліктері айтылады. Сотта айтылатын шешендік сөздер қаншалықты деңгейде дамып жатқандығы зерттеу нысаны ретінде қарастырылады. Сот үрдісі тілінің кейбір кемшіліктеріне талдау жасалынады.

Түйін сөздер: би, билер соты, үрдіс, шешендік, құқықтық, прокурор, адвокат, айыптаушы, айыпталушы, үкім, қылмыскер

В статье дается краткий обзор на место в социуме и деятельность суда биев. А так же, рассматриваются лингвистические особенности системы суда. Объектом исследования является уровень развития риторики, которая употребляется в судебных делах. Делается анализ некоторых недостатков лингвистики судебных процессов.

Ключевые слова: би, суд биев, процесс, риторика, права, прокурор, адвокат, истец, подсудимый, решение, преступник

The article gives a brief overview of a place in society and the activities of the biy court. And also discusses the linguistic features of the court system. The object of study is the level of rhetoric, which is used in court cases. Done some analysis of the shortcomings of linguistics trials.

Keywords: bi, biy court process, rhetoric, law, prosecutor, lawyer, the plaintiff, the defendant, the decision, the perpetrator

Қазақтың билер соты өзінің шынайылығымен халыққа ең жақын құқықтық орган болған. Құқықтық құрылымы және сот ісін жүргізуде өзіндік қалыптасқан бай тарихы бар, әлемдік үлгідегі классикалық соттарға қай жағынан да үйлесе алатын бірегей сот жүйесі екеніне дүниежүзіндегі ғалымдар нақты көз жеткізді.

Би – бірінші кезекте халыққа сот төрелігін шынайы, әрі турашылдықпен жүзеге асыруда әділ билігімен танылған, соттық функцияны атқаратын мемлекеттік қызметші. Ол сот ісін жүргізгенде өзі қадағалайтын тәртіптілікті қатаң сақтай отырып, істің күрделілігі мен екі жақ тараптардың ықылас-мүдделеріне баса назар аударған. Сонымен бірге, іске қатысатын тараптардың өкілдері мен өзге де қатысушылардың мүмкіндігін шектемей, жариялықты қатаң сақтайтын

әділ төреші болған. Би соттың дәлелдеу қорытындысында екі тараптың бірі жеңіп, бірі жеңіліп емес екі жаққа да шындықты мойындата білген. Халық алдында өзінің шынайы шешімімен тараптарды татуластырса ғана әділ ісімен даңқы артқан. Ондай билердің атақ-абыройы бүкіл елге тарап, мыңдаған шақырымдардан даушылар іздеп келіп, жүгініске отырған. Сондықтан, Қазақ елінің билер соты барша жұрт алдында кәсіби жағынан әбден шыңдалған, тәуелсіз сот билігі ретінде сақталып келді. «Адал би – әділ би» деген принцип содан қалған. Қазақтың билер соты өзіне жүгінген тараптардың дауларын қарастыра отырып, тараптардың арасында, рудың арасындағы бітімгершілікке және бірлікке қол жеткізуге тырысатын. Билер сотының осы асқақ мұраттарының талабына жауап беру үшін

билер дала даналарының мектебінен өтуге, алдыңғы ұлы билердің сынынан сүрінбеуге тиіс болған[1].

Көшпелі қоғамда өмір сүрген Қазақ елінің арғы тегінде мемлекет басқару, оны жүйелеу, құқықтық қарым-қатынасты реттеу, сот ісіне билік айту туралы заңнамалық жазба мұралары болғаны ежелгі Скиф, Сак, Ғұн, Үйсін мемлекеттері туралы жазбаларда сақталған. Соларға бірден-бір мұрагері болып отырған бүгінгі Қазақ елі. Бізге тым әріден жақындығы бар көне елдердің бірі – ежелгі Шумерлер. Қадым заманнан-ақ қос өзен арасында мәдениеттің алтын бесігін тербеген Бабыл (Вавилон), оның ішінде Шумер мемлекетінің қалдырып кеткен мұралары ұшан-теңіз. Осы шумерліктер сақтармен, сақтар қазақтармен етене туыс екенін бүгінде тарихшылар, археолог ғалымдар дәлелдеу үстінде.[2] Қазіргі жыл санауымызға дейінгі он жеті мыңыншы жылда пайда болған, сол Шумерлер өмір сүрген Бабыл мемлекетінің Ата заңы – «Хаммураби» деп аталған. Кейбір мемлекеттік құқық тарихында бұл заң «Хаммурапи» деп бұрмаланып жазылған. Бірақ түпнұсқада жоғарыдағыдай «Хаммураби» деп аталғаны, осы құқықтық құжаттың толық нұсқасы жарияланған «Шет елдердің мемлекет және құқық тарихы жөніндегі христоматиялық» оқулықта айна-қатесіз көрсетілген. Онда: «Вавилон патшасы Хаммурабидің заң жинақтары (сот ісін жүргізу кодексі) жыл санаудағы біздің дәуірге дейінгі 1792-1750 жылдарда елге билік етудегі «ғұмырлы бақыт және мейрімді басқаруда» өзіндік мерейге қол жеткізген және сонымен бірге, келешектегі ел басқаратындардың жаза тағайындаудағы құқық қолдану саясаты мен заң шығару шығармашылығындағы негізгі принциптердің ұғымы жинақталған» деп көрсетілген. [3] Меніңше, 282 баптан тұратын осы заңды шығарған Вавилон патшасы Хаммураға «БИ» атауы тектен текке қосылмаған тәрізді!?

«Билердің сөзі — ақылдың көзі» деген халық даналығы осындай дәйекке сүйеніп ай-

тылғаны шүбәсіз. Сондықтан да ел билеуде, әсіресе қоғамдағы тәлім-тәрбие мен тәртіп-низамдарды және құқықтық дәстүр-салтты ел мүддесіне сай қалыптастырып, жетілдіруде билердің атқарған рөлі аса зор.

Билердің қалың бұқара халықтың арасындағы беделі мен атақ даңқын дүйім елге мәлім еткен тағы бір ерекше қасиеті – қара тілден май тамызған шешендік өнері. Елі мен жеріне бақ-береке, ынтымақ-ырыс бұйыртқан, ел қорғаны батыры мен бағланына Алладан тілеу тілеген даналық ойдың алтын кені — батагөй абыздығы.

Майқы бидің «түгел сөзі», Әз Жәнібек ханның «әдет-ғұрыптары», «Қасқа жолды Қасым ханның», «Тура жолды Тәуекел ханның», «Ескі жолды Есім ханның», одан кейінгі «Әз Тәукенің «Жеті Жарғысын» мемлекет атынан қолданылатын заң дәрежесіне жеткізіп, талқылаған, сөйтіп қоғамдық қарым-қатынасқа енуіне кепілдік берген сол заманның атақты билері болатын.

Бір сөзбен айтқанда, мыңдаған жылдар Қазақ елінің мемлекеттік құрылым жүйесіне, дәстүрлі құқығына өлшеусіз үлес қосқан билердің мемлекеттік билік саласында және әділ сот үшін атқарған қызметінің салмағын терең ұғыну – тарихтағы ажырамас бірегей танымдылық.

Қарым-қатынас құралы ретінде тіл қоғамдық-саяси, ресми іскерлік, ғылыми және мәдени өмірдің барлық салаларына қызмет етеді. Қазіргі кездегі шешендік сөздерді зерттеуші ғалым Г.З.Апресиан оны мазмұнына қарай жіктейді. Солардың бірі – сотта айтылатын шешендік. Сотта қолданылатын шешендіктің иелері прокурорлар, адвокаттар, қоғамдық айыптаушылар мен қорғанушылар, айыпкерлер болады. Сот үдерісіне (процесіне) қатысушы судья, айыптаушы мен қорғаушы күнделікті тұрмыс-тіршілігінде әрдайым адамдармен қарым-қатынас жасайды, көпшіліктің алдында, қалың ортасында жүреді. Сот мекемелерінде заң атынан сөйлеп, заң кодекстерінің баптарына сүйене отыра, тілдің көмегімен кінәліні иландырады, көндіреді, мойындатады,

қылмысына қарай үкім шығарады, не үкімді жеңілдетеді, не жазықсызды ақтап алады. Осылайша судья да, прокурор да, адвокат та қызмет бабымен сот төрінде көпшілік алдында сөйлеуге мәжбүр болады. Ал қызметтік міндетпен сот үдерісінде алқалы топтың алдында сөйлеу үшін оларға не айтуды ғана емес, қалай айтуды да білу шарт, яғни сөз сөйлеуде жұртқа ықпал етудің түрлі ерекшеліктерін дұрыс меңгерген жөн. Сотта қолданылатын шешендік сөздерді екіге бөліп қарастыру керек: феодалдық қоғам тұсындағы қазақтың әдет-ғұрып заңы бойынша жүргізілген дау-дамайларда орын алған шешендік сөздер және біздің дәуіріміздегі сот жұмысында айтылатын айыптаушылар мен қорғанушылардың сөздері. Бұрынғы билікте айыптаушының да, қарсыласушының да, айтушының да сөздеріне дәстүрлі модельдер мақал-мәтелдер, салыстырулар т.б. басты рөл атқаратын болса, қазіргі сотта айтылмақ ойдың логикалығы, күштілігі, пікірдің айқындылығы басты орынға шығады.

Сотта қолданылатын шешендік сөздер монолог түрінде де, диалог түрінде де жүзеге асады. Сотта қаралған, қаралуға тиіс қылмысты істердің бәрі шешендіктің тақырыбы бола алады. Қазіргі кездегі жүргізілетін сот жұмысындағы прокурордың да, адвокаттың да сөздеріне баға беру сипаты болады. Сонымен қатар сот ісі адам тағдыры шешілетін жер болғандықтан сол адамның өзін, іс-әрекетін (бұрынғы еңбегін, қазіргі қылмысын т.б.) сипаттау басым болады. Прокурор мен адвокат өзара бір-біріне қарама-қарсы тұрып сөз сайысына түспейді, екеуі де шындыққа жетуді, соттың әділ үкімі шығуын көздейді. Олар тек судьяларға тек арнап емес, жалпы көпшілікке де қарата, өзге де жұршылықтың сана-сезіміне әсер ететіндей етіп сөйлеуді ойластырады. Осы себептен де бұл сөздерде нақтылы айтылған пікірдің дәлелдемесі, қорытындысы болумен қатар тыңдаушыларға әсерлі болу мақсаты да қойылады. Осы тұрғыдан келгенде судья мен адвокаттың сөздері бір-бірінен сәл өзгешеленеді. Заңгердің тіл мәдениетіне мыналар

енеді: 1) нормативтілік немесе дұрыстылық, яғни әдеби тіл нормасына сәйкес жаргон, диалект және ауызекі тілдегі сөздерді (жазбаша тілде орфографиялық және пунктуациялық қателерсіз) қолданбай ойды дәлме дәл бере білу; 2) сөйлеу шеберлігі, яғни сөздің ұтымдылығы, қисындылығы және сөз байлығының болуы, мәнерлілік, сөз даралығы. Сот қайраткері сауатты, тапқыр, сенімді сөйлей білуі тиіс

Діттеген деңгейде сөйлей білу шеберлігін керек ететін сот үдерісі дауласқан екі жақтың жасындай жарқылдаған пікір-таластарынан, қисынды дәлелдерден, нақ та дәл, ұтымды да, ұтысты сөйлеуден тұратын кеңістік. Мұндағы төрелік айтар ділмарлықтың мазмұны мен түрлерінің негізгі өзегі - орын алған қылмыстық жағдайды тәпшітей анықтау, екі ұдай пікір туғызбайтын дәлелдер келтіру, ойды бейнелеп жеткізер амал-тәсілдерді қолдану арқылы белгілі бір ақиқатқа көз жеткізіп, көпшілікті иландыра алу секілді қисындардан тұрады.

Сот үдерісінде сөйленер сөздің мақсаты мен қисынын бажайлауға, ойын дәл, нақты етіп жеткізуге баулуға, көптің алдына шығып сөз сөйлер шешеннің өзіне тән ерекшелігін көрсете алу мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер біздің топырақта жоқтың қасы. Осы себептен де болар сот үрдісі тілінде көптеген кемшіліктер кетіп жатады.

Сөз арасындағы логикалық байланысты жоғалту түсініксіз, күлкілі жағдайларға әкеп соғады: Мысалы, *сот қайтыс болған адамның талабын қанағаттандыра алмайды. Немесе, сотталушы Милов қайтыс болған Милова екеуі ішімдікті тұтынуды жалғастырды.*

Дұрысы: *(Сот қайтыс болған адамның туыстарының талабын қанағаттандыра алмайды), (сотталушы Милов, Милова екеуі, қазіргі уақытта марқұм).* Сөздерді дұрыс таңдамау сөйлемде алогизмнің пайда болуына әкеп соғады. Алогизм дегеніміз - салыстырылмайтын түсініктерді салыстыру. Адам тағдыры таразыға салынар тұста мұндай қателіктерге жол берілмегені жөн.

Дей тұрғанмен, Судьялар мен қорғаушы тілінде де орынымен сәтті қолданыс тапқан сөз айшықтары да кездесіп жатады.

Бірнеше рет қылмыс жасаған А. деген айыпкердің сотында прокурордың сөзіне назар аударайық.

«Жолдас судьялар! 1970 жылы туған А. деген азамат бірнеше рет ұрлық жасағаны үшін айыпталатын сот алдында тұр. А. әрбір қылмыс әрекетін жасағанда арақ ішіп мас болған. Алдын ала тергеу үдерісінде анықталған және осы соттың үстінде толықтай тағылған айып оның мойына қойылып дәлелденді». Мұнда прокурор анықталған фактілерге айқын етіп баға береді, айыпкерге мінездеме береді, соттан қандай үкім шығаруды сұрайтынын білдіреді. Прокурордың бұл сөзінде шешендіктің тілдік аксессуарлары (мақал-мәтелдер, айшықты сөздер т.б.) жоққа тән, өйткені олардың бұл сәтте керегі жоқ. Бұл сөз функционалдық стильдің белгілерін дұрыс сақтаған.

Ал енді адвокаттың сөзіне келетін болсақ, мұнда адвокат *«Осы қылмыстық істің қозғалуына не себеп болған?»* деп сұрақ қойып алады да, соны ашып көрсетеді. Мысалы: *«Бірнеше күн бойы жүргізілген сот мәжілісі анықтағандай, қылмысты істі қозғауға себеп болған жан таппай жазылған арыз. Өздеріңе мәлім, арыз жүрген жерде ашу жүреді, сондықтан шындық, әділдік, объективтілік жағдайлар бола бермейді».*

Қазіргі адвокаттардан әрдайым мақалдатып-мәтелдетіп отыру немесе құлаққа жағымда тиетін ұйқасты-ырғақты сөйлемдерді, әңгіме тақырыбына жанаспайтын айшықты сөздерді (тенеу, эпитет, метафораларды) үнемі қолдану талап етілмейді. Ең негізгі керегі – сөздің жүйелілігі, логиканың дұрыстығы. Дегенмен осы дәлелді, логикалы сөзді қазақтың жатық тілімен, орайы келген тұста мақал-мәтелдерді, тапқыр сөздер, әсерлі эпитеттерді қолдана отырып жеткізсе артық болмайды. Мысалы: жоғарыдағы сөздерінде адвокат *«Арыз жүрген жерде ашу жүреді»*, деген мақалды орынды пайдаланған. Сол сияқты *«жан таппай жазылған арыз»* деген ұтымды фразаныда жақсы келтірген.

Мұнда тыңдаушының назарын аударатын *«Көріп отырсыздар, атап айтқанда, прокурор жолдас дұрыс айтты»* деген тәрізді қыстырма сөздер, *«Құрметті судья жолдас-тар!»* деген сияқты қаратпалар да бар. Бұлар қазіргі замандағы сотта қолданылатын шешендік сөздердің қажеттіліктері екендігі белгілі. Сот қайраткері сауатты, тапқыр, сенімді ретте сөйлей білуі тиіс. Егер заңгерлер іскер тілде ғана емес, сондай-ақ образды әрі экспрессивті тілде сөйлей білсе, біздің сотымыздың тәрбиелік маңызы ұлағая түседі.

Мен зерттеу жұмысымнан мынандай тұжырымдар жасағым келеді:

1. Бұрынғы билер сот төрелігін шынайы әрі турашылдықпен жүзеге асыруда әділ билік жүргізген;

2. Әділ төреші болған;

3. Екі тараптың бірі жеңіп, бірі жеңіліп емес екі жаққа да шындықты мойындата білген;

4. Билердің қалың бұқара халықтың арасындағы беделі мен атақ даңқын дүйім елге мәлім еткен тағы бір ерекше қасиеті — қара тілден май тамызған шешендік өнері.

5. Елі мен жеріне бақ-береке, ынтымақырыс бұйыртқан — батагөй абыздығы.

Ал қазіргі тәуелсіз еліміздегі сот ісі қаншалықты дамуда? Бұрынғы билер соты мен қазіргі сот ісі қаншалықты бір-бірімен сәйкеседі? Сот тіліндегі шешендікті дамыту үшін нақты қандай жұмыстар жасалуы керек?

1. Қазіргі сот ісінің де көздеген мақсаты кінәліні тауып, әділ үкімшығару. Айыптаушы мен айыпталушыны ортақ бітімге келтіру. Бұл жағынан бұрынғы билер жолынан адаспай келеміз деген сенімдемін.

2. Бұрынғы билер сөзге шешен болды десек, қазіргі таңда осы мәселеден ақсап тұрмыз. Сол себепті сот шешендігін дамытатын және сот мамандарын оқытатын ұйымдар, курстар ашылып, ЖОО-на пәндер енгізілсе.

3. Бұрынғы билер елдің ынтымағын арттырып отыратын батагөй абыз болды дедік. Осыған байланысты әр облыстарда, әр аудандарда, әр ауылдарда ақсақалдар алқасы құрылғаны жөн. Алқаның мүшесі болып елге

еңбегі сіңген, өмір тәжірибесі мол, көреген, ділмар, шешен ақсақалдар тағайындалса.

1. Ақсақалдар алқасына соттың үкіміне әсерін тигізе алатындай құзіреттілік берілсе деп ойлаймын. Осы аталғандардың барлығы ауыл арасындағы ағайынның арасы ашылмауына, береке-бірлікті, ынтымақты сақтауына өз септігін тигізер еді.

Прокурор көпшілік алдына шыққан кезде өзін заңның сақшысы, әділдіктің жаршысы, мәмілеге келе бермейтін тұлға, сөзі мен ісіне табанды жан екенін сезінуі қажет. Әйгілі адвокат А.Ф. Конидің: «Қорғау кезінде тасып

сөйлеуді кешіруге болады, ал айыптау ісінде таусыла сөйлеуді кешіруге әсте болмайды» дейтіні бар.

Таңдай қақтыра тамсандырар, тағдыр тәлкегінде сүйеуші, тіреуші болар сот үдерісінде сөз қадіріне иек артқан талай дарынды прокурорлар мен адвокаттардың мандайы мен талайы жарқырап шығар күні әлі алда. Сөз қасиетін бойына мол сіңірген бірегей таланттардың дүниеге келері хақ. Сондықтан соттағы шешендік өнер - өміршен деген байлам түйдік. Тек бабадан қалған дәстүр талабынан шығатын болайық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Зиманов С. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі. Алматы: Ата мұра, 2008.- 216 б
2. Бахти А. Шумерлер.Скифтер. Қазақтар. Алматы Көшпенділер, 2003. - 216 б
3. Хрестоматия по истории государство и права зарубежных стран. Том 1, Древний мир и Средние века, 12 стр. НОРМА, 2003 г.
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы 2006 жыл
5. «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» заңы. 25
6. «Судья этикасы жөніндегі комиссия туралы» Ереже 2008 ж.
7. «Судья этикасы» Кодекс. 1999 жылғы 19 желтоқсан. ҚР
8. Қазақстан Республикасының Президентінің 21.12.1995ж. «Прокуратура туралы» Жарлығы.
9. Қазақстан Республикасы Қылмыстық істер жүргізу кодексі. 2003 ж

ӘОЖ 8.82.82-1/-9

С.С.Анапияева

*Абай атындағы ҚазҰПУ.Филология институтының «Қазақ тілі және әдебиеті»
мамандығының 2-курс студенті*

ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ ШЕРТІЛЕ СЕРПЕР ШЕШЕНДЕРІ

«Қазіргі заманның шертіле серпер шешендері» мақаласында ертедегі айтыс пен қазіргі айтыстың айырмашылығы мен ұқсастықтары айтылған. Мақалада бүгінгі айтыс пен бұрынғы айтыстың арасындағы айырмашылық қандай? Қазіргі айтыстың артықшылығы неде, кемшілігі қайсы? деген мәселелерге жауап бере отырып, қазіргі айтыскерлеріміз қаншалықты дәрежеде айтысып жүргендігі жөнінде ой қозғалған.

Айтыскерлерге қойылатын талаптар мен айтысты дамыту жолдары айтылған. Айтысқа шоу айтыстың қажеттілігі бар ма? деген сауалға айтыскерлер пікірлері арқылы жауап алынып, өз ойы қорытындыланған. Айтысты дамытудағы негізгі проблемалар көрсетіліп сол проблемаларды шешілу жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: айтыс, шешен. термин, тәрбие, талант, дарын, ақын

В статье «Қазіргі заманның шертіле серпер шешендері» говорится о тождествах и различиях исторического и современного айтыса. Автор дает ответы на вопросы «В чем различие исторического и современного айтыса?» и «Каковы положительные и отрицательные стороны современного айтыса?», а так же оценивается уровень современных поэтов-импровизаторов. Рассмотрены требования к поэтам- импровизатором и пути развития айтыса. Дается ответ на вопрос «Нужен ли шоу айтыс для современного айтыса?» учитывая мнения и точки зрения поэтов- импровизаторов. Показаны основные проблемы при развитии айтыса и рассматриваются пути решения проблем.

Ключевые слова: айтыс, риторик,. термин, образование, талант, одоренный, поэт

«The impulse clicks of modern orators» of ancient and modern competition questions in the article referred to the differences and similarities. What is the difference between the current and previous competition questions in the article? What are the advantages of the current competition, the lack of what? aytyskerlerimiz answering the questions to reflect on how much is that arguing with excitement. In the left Aytyskerlerge requirements and development. Is there a need for a single show competition? aytyskerler the question summarized interrogated by the judgment of his thoughts. Shows the development of the left main problems are ways to solve these problems.

Keywords: aitys, speaker. term, education, talent, talent, poet

Шешендік өнер-шиырлы сөздің сынық қалдықтарының астарлы, азулы үні десек те болатын шығар. Шешен сөзінің түпкі төркініне мән берсек те астарлы ұғым сыры аңқып жатыр емес пе?! Сонау Грек, Рим заманынан бертін келе жатқан бұл өнердің кез келген адамның уысына түсіп, ойына келе бермейтін үлкен өнер екендігі айтпаса да ойға қонымды. Шешен тілдің серілеріне жататын ұлы дала өкілдерінен қазақтың ата-

бабаларының өзі бір үлкен әлемдей көрінеді. Майқы биден басталып, үш биіміздің өзі таң қаларлық тартысты суреттерді тілімен салды емес пе?! Жұмбақтап жеткізілген ойдың сырын ашып, сезіп қоюдың өзі аса ептілік пен байқампаздықтың белгісі. Сонда, шешеннің бойынан шебер сөйлеу қабілеті ғана емес, байқампаздық, ойшылдық, әлеуметтік өмірдің суретін ойша елестете сөзбен салу және өз бойына тән батылдығы да көрініп жатады.

Менің ойымша, шешен деген түбінің өзінде бір ой жатқан сияқты ол «шешім» немесе «шешу» тәрізді. Қарап отырсақ, қазақта да шешендер аз болмады орақты тілімен ойып түсірер қазағымыздың қанындағы бұл қасиет «қазақ» атауының өзінің қайтпас қайсарлығын аша түскен тәрізді. Расымен, ойланып қарасақ, қазақтың шешендері үлкен түйінді мәселені тарқатып отырды емес пе?! Жұмбақ дүниенің өзінің ішкі сырын түсініп қою мен суырып салмалылығы да тағы бар. Шешен сөзін халықаралық терминмен атасақ, «оратор» деген сөз. «Оратор» латынның «очаче» - «айту», «сөйлеу» деген сөзінен шыққан. Дальдің түсіндірмелі сөздігінде «оратор» вития (ділмар), краснослов (қызыл сөз), речистый человек (сөзшен адам), мастер говорить (сөйлеудің шебері). Осының бәрінде де шешен (оратор) әсерлі, әдемі, бейнелі, көркем, ойлы сөйлей алатын адам деген мағынаны білдіреді. «Шешен» сөзі қазақ тілінің этимологиялық сөздігінде былайша түсіндірілген: «Шечан» сәсән сөзі қырғыз, қарақалпақ, өзбек, башқұрт тілдерінде де қазақ тіліндегідей мағынада қолданылады. Түркі тілдерінің бұл тобында шешен сөзінен туған шешенсу, шешенсіну сөздері кездеседі. Өзбек тілінде чечан сөзінің «неге болса да ұста, шебер», тува тілінде (чечен) «әдемі, көркем» деген қосымша мағыналары бар. Моңғол, бурят-моңғол, қалмақ тілдерінде кәкән, сәсән, цэцэ сөзінің «данышпан, ақылғөй, дана, тапқыр» деген мағыналармен қатар «мерген», дәл тигізетін, дәл басатын деген де мағынасы бар. Чечен // сасан сөзінің бұл мағыналары алтай, якут, тува тілдерінде де кездеседі. Б.О.Оразбаева қырғыз тіліндегі чечерке сөзін талдай келіп, бұл форма моңғол тілдерінен ауысқан болу керек дейді. Шешен сөзі —шеш (чеч. сәс. цэс. цэц) түбірі менен қосымшасынан тұратын түрік, моңғол тілдеріне ортақ сөз болуы мүмкін» (Б.С.) («Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі». А. 1966, 222-6.)[1]. Ал қазіргі орыс тіл білімінде шешен деген сөз көпмағыналы: 1) шешендік өнермен айналысатын адам; 2) жиналыста т.б. көпші-

лік алдында сөйлейтін адам; 3) қызыл тілді меңгерген шешен сөйлеуге қабілетті адам. Осы себепті де бұл сөздің әр жақты түсініктемесі пайда болды. Тіпті орыс тіл білімінде «оратор» деген сөзге анықтама тіркеп айтуда бар: жақсы шешен, жаман шешен, талантты шешен, жалынды шешен т.б.

Шешендік сөз мынадай талаптарға жауап беруі керек.

- Белгілі бір әлеуметтік мәні бар тақырыпты қозғайтын және шаршы топ алдында ауызша айтылған сөз болу.

- Әңгіме өзегінің дәлелі (аргумент) болуға тиіс, соның арқасында тыңдаушыларға бір нәрсені әуелі түсіндіріп, содан соң ойлантип, ақырында белгілі бір харекетке ұмтылдыруды көздеуі қажет.

Тыңдаушыларға жақсы әсер етіп, құлақ құрышын қандыратын, сүйсіндіретін эстетикалық қасиеті болуы игі. Шешендік сөз дәстүрінің қажеттігі ауызша сөйлеудің аясы, кеңіген сайын арта түсуде. Жиналыс, мәжіліс, құрылтайларда, пікірсайыс жиындарда, семинар, симпозиумдарда шешендік өнер өте қажет. Сонда, шешеннің бойынан логика мықтылығы, сөз шеберлігі, жылдам жауап қату, қышыған жердің дәл үстінен басып қышуын қандыру немесе нысанаға дөп тигізіп көптің көңілінен шыға білулік те шешеннің бойынан табылатын қастерлі қасиет. Өзіміз ойлап қарасақ, сиырдан сүтті саумай-ақ ағызу, құстың қанатын қомдамай-ақ ұшыру, адамның тілін айтпай-ақ түсіну деген әр адамның бойынан табыла бермейтін қасиет. Шиырлы сөзді нақыл сөзге айналдырып артына мұра қылып қалдыратын, билеріміздей төрелігін төңіректегілердің ойына сәйкестендіріле айтатын қазіргі таңда шешендер бар ма? Олар кімдер? Деген сұраққа жауап берейік. Қазіргі таңда шешендер жоқ деп айта алмаймыз. Өскелең ұрпақты өзіне елітіп әкететін айтыскер ақындар тұрғанда шешендік өнердің сыры шертіле бермек. Тарихымызда айтыстың мәні қандай болды? Бүгінгі қазақ айтысының тәрбиелік мәні қандай? Бүгінгі айтыс қай бағытта ұйымдастырылған? Шешендік өнерге тигізетін

пайдасы неде? Шоу айтыс қажет пе? **Айтыс** — ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы. Айтыс — синкреттік жанр, ол тұрмыс-салт жырларынан бастау алып, келе-келе ақындар айтысына ұласқан. Ақындар айтысында «жаттама (трафарет) өлеңдер аз болады» (С.Мұқанов).. Әсет пен Ырысжан айтысында Ырысжан: Дау айтып күні бұрын көрсетпелік, Майданда озса жүйрікке есептелік. Орта жүз түгел білген Ырысжанмын Үш кессе қауқарым бар кесірткелік, —деп, Әсетті ықтыра сөз тастайды, ал Әсет оған: Айыр көмей, жез таңдай, қаусырма жақ, Алты арысқа білінген екен менмін [2], —деп, асқақ жауап қатады. Ақындардың бірден асқақ кетуі тек бірін-бірі ығыстырып үркіту, тұқырту ниетін көздемейді, олар сонымен қатар бір-бірінің аяқ алысына, сөз саптасына, өнерлілігіне барлау да жасау мақсатын көздеген.

Шаршы топтың алдында шашалмастан айтылатын ой-толғамдар мен саяси астарды жеткізер айтыскерлерге таң қалмасқа болмайды. Бір қайырымының өзінде әзіл немесе зіл жататындығын байқаймыз. Сыпайылығымен халықты баурап алатын Айнұр әпкеміз бен қалжыңы аралас айтысымен бар халықтың назарын өзіне аударатын Балғынбек ағамыздың интернет сайтынан айтысқан айтысына тоқталып өтсем:

Қалайша басыңнан сөз асырасың,
Толғайсың бойыңда жыр тасығасын.
Айтысу ғаламтормен саған жақсы,
Қауғадай сақалыңды жасырасың.
Журналист болып кейде қиналасың,
«Жетінші арна» жаққа жиналасың.
Эфирге бірақ сені шығармайды,

Дәу денең экранға сыймағасын,- деген
Айнұр әпкеміздің сөзінен кейін қандай жауап айтылады екен деген ой оралады.

Әдеттен түйреп сөйлер арылмапсың,
Дегенмен бұзылмайды көңіл нәпсім.
Жырымыз жетіп жатса болды емес пе,
Балпиған түрімізді не қылмақсың?
Сыйғыза алмады деп экраным,

Айнұр-ау қайда сенің оқығаның?
Қарға құрлы бойыңда қаның болса,
Көзімді көп алдында шоқымағын.
Экраннан айтысты аластаған,
Адамдарды айтсаңшы беті қалың.
Сақалды өсірсем де қауғадай ғып,
Қырамын басқа түкті айнадай ғып.
Өзіме өскен нәрсе өзіме тән,
Қайтесің жұрттың жүнін дау-дамай ғып.

Әпкеміз бен ағамыз шешен бе? [3] Әрине, бұрынғының жалғасы қазіргінің жаңасы десек те сыйымды тәрізді. Сезім, серпіліс, ішкі толғамдар тоғысып толымды дүние болып шығады. Ойланып жазуда қиындық келтіретін сөздердің айтылым барысында бірінен кейін бірінің ағытыла беруі үлкен энергия мен күштің айнасы шығар бәлкім?! Балғынбек ағамыздың сөзінде астарлы сын және әзіл әрі әлеуметтік мәселе де қозғалып өтуде. Бір қайырымының өзі үш түрлі мәселені қозғап отыр емес пе?! Айтыс мәселесі, қазіргі таңда экраннан көрсетіле бермейтін, халықтан алыстап отырған айтысты бір проблема ретінде алып көрсеткен. Әрине, бұл барлығымызды ойлантарлықтай мәселе. Соңғы кезде айтыстың төңірегінде әңгіме көбейіп кетті. Қазір миллиондап ақша беріп, көліктен көлік тігіп, ақындарымызды «бүлдірдік» дейтіндер бар. Айтыс ә деп басталған сексен-тоқсаныншы жылдардағы айтысты аңсайтындар да жоқ емес. Бүгінгі айтыс пен бұрынғы айтыстың арасындағы айырмашылық қандай? Қазіргі айтыстың артықшылығы неде, кемшілігі қайсы? Қарлыға Ибрагимованың сұхбаты төңірегінде осы мәселе жөнінде алдыңғы буындардың ойына құлақ түре кетсем: Қонысбай Әбіл: «Қазіргі айтыстың ең үлкен кемшілігі өткірлігін жоғалтып алды. Біздің кезімізде айтыста айтылмаған мәселе қалмайтын. Облыс-облыспен жарысып, команда болып та, айтысатынбыз. Оның бір жақсы жері айтыстың алдында қарсыластымыздың өңіріне арнайы барып, тұрмыстіршілігін барлап, жергілікті халықтың жағдайын зерттеп қайтатынбыз. Қазіргідей сырттай тұспалдамай, көзбен көріп,

нақты жағдайларды мінейтінбіз. Бүгінгі айтыста осы дәстүр жоқ. Бүгінгі күні айтылып жүрген «ақындарымыз ұсақталып барады» деген сөз негізсіз емес. Біздің кезіміздегі айтыста ірі-ірі, түйдек-түйдек мәселелер көтерілетін. Ал қазір жүлде таратамыз деп те ақындарымызды «бүлдіріп» алдық. «Дүние пейілді бұзады», – дейді. Біз кезінде дүние үшін айтысқан жоқпыз. Айтыстың мақтау қағазын алсақ та мәз болатынбыз. Республикалық айтыстың өзінде бірінші орынға магнитофон, екінші орынға транзистор, үшінші орынға шәйнек тігілетін. Соның өзін місе тұтатынбыз. Ал қазір автокөлік тігіп, оны сахнаға шығарып қоямыз. Дүние тұрған жерде сыйластық та, сахна мәдениеті де естен шығып кетпей ме? Бүгінгі айтыста сондай жағдайлар да орын алып жатады.» Әселхан Қалыбекова: «Қазіргі айтыстың көрермені жоқ. Теледидардан көрсетілмегеннен кейін ақындар айналдырған 2000-3000 мың адамға айтады да, кетеді. Біздің кезімізде айтыс мазмұнды болатын. Айтқандарымыздан Үкімет қорытынды шығаратын. Сөздері уытты, айтарын қадап айтатын, өлеңдерінің көркемдік дәрежесі жоғары Бекарыс, Сара, Мұхтар, Жандарбек сынды жақсы ақындар бар. Бірақ олар не айтып, не қойып жатыр теледидардан берілмейді. Ақындардың сөзі халыққа жетіп жатқан жоқ. Әрі қазіргі айтыста дайындық жоқ қой. Ақындар дайындалмай айтысады. Бір айтыста айтқанын, екінші айтыс та айтып отыра беретіндер бар. Келісіп айтысуды шығарыпты соңғы кезде. Мұның алдын алу үшін облыспен облыстың айтысын жасаймыз ба, білмеймін, бірнәрсе ойластыруымыз керек. Ақындарға миллиондап ақша беріп, көлік мінгізіп, жаман үйретіп алдық. Бір рет жүлде алған ақын аннан да мыннан да жүлде алады. Содан кейін әрине айтыстың қадірі болмайды. Дүние таратылғасын қазіргі айтыс қадірсіз болып кетті.» Иә, расымен де алдыңғы аға буындардың көтерген мәселесі дау туғызарлық та. Қазіргі таңда ұйымдастырыл жатқан шоу айтысы қазаққа керек пе? Оның айтысқа қосар үлесі қандай болмақ?

[4] Деген сауалға жауап алып көрелік: Әсия Беркенова: «Қазіргі ақындар «Бес ғасыр жырлайдыны» оқып алып, сондағы сұңғыла ойлардың «көйлегін» өзгертіп, құдды өзі жанынан шығарғандай айтып отыра беретін болды. Айтарын үйлерінде жазып алып, онысын құлағына қыстырып жүріп жаттап, сонысын сахнадан айтатын лек келді. Баспасөзде осы келісіп айтысу дегеннің бар екені туралы әңгіменің шеті шықты ғой. Мен өлеңді табан астында шығарып, өзінің тұлғасын, интеллектуалды деңгейін көрсететін ақындарды ұнатамын. Бұл жағынан Айбек Қалиев, Рүстем Қайыртаһұлы, Жандарбек Бұлғақовтардың айтыстары жақсы. Қазіргі ақындарды дүниеге қызығып кетті деп кінәлайтындар бар. Кез келген өнер бағалануы керек. Қазіргі нарықтық заманда ақындарға жүлде беріп, материалдық жағынан демеу әбден дұрыс. Аталы сөз айтқанға ат басындай алтын берсек, оның несі айып? [4] Мені айтысқа тігілген жүлде емес, соны саралайтын қазылар алқасының қаншалықты әділдігі алаңдатады. Айтыскерлердің арасында дүниеге құнығып кеткендер де бар. Бәйге үшін қарсыласының басынан аттап кетіп жатқандарды да көріп жатамыз. Бір күнде бес ақынмен айтысқан Оразалы Досбосынов айтыстан бір көлік мінбей-ақ кетті ғой. Ал қазір Ораздың тырнағына да татымайтын сөз айтып жүргендер машина мініп жатыр. Айтыс негізінде шоу болуы керек. Айтыс шоуға айналып, жұртты қызықтырмаса, есінететін айтысқа ешкім келмейді. Бізге айтыс өткізудің формасын жетілдіру керек.»

Менің ойымша, айтыстың даму қарқыны жаман емес. Жуырда Жамбыл атындағы Қазақ Мемлекеттік филармониясында өткізілген жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың туғанына 170 жыл толуына арналған І Республикалық студент ақындар айтысының жүргізушісі болдым. Студент ақындардың шешен тілдеріне іштей таңырқадым да. Оларға қарап қазақ айтыс өнерінің тамыры ұзаққа дейін тарайтынына көзім жетті. Астаналық ақын Нұрқанаттың мамандық

жөнінде тастаған әзіл сұрағына Алматылық Қанат Мырзахан өз мамандығын өмірмен байланыстыра жауап қатып, ситуациядан шыға білді:

Адам да компьютер секілді ғой
Менің айтқан сөзіме иланыңыз
Бірден көзге түсетін адамзаттың
Бет жүзін манитор деп ұйғарыңыз
Қос қолды пернаетақта деп ала бер
Себебі жазу жазып ширадыңыз
Барлық іс әрекетті басқаратын
Процессор емес пе миларыңыз
Антивирус емес пе иманымыз! [5]

Мамандығының ерекшелігін ескерте кетіп, сөз түйінін: «Әрқайсысы әр мамандық болғанымен, барлығы бір қазақтың болашағы» деп аяқтады. Балғынбектей ағамыз бен Айнұрдай әпкеміздің жалғасын айтыскер студент ақындардан көрдім.

Айтыстың формасына өзгеріс туып қазір шоу айтыс ретінде әнші немесе сықақшылармен айтыскерлер арасында айтыстар өтуде. Көп көрерменнің күлкісіне бөленіп, қошеметін алуда. Ұйымдастырылу жағындағы негізгі мақсат та айтыстың көрермендерін көбейту, халықты қызықтыру. Ол мақсат орындалып жатыр. «Керемет» деген жерде «Бірақ» деген сөздер де қатарласып жүреді емес пе?

Осы тұрғыда алдымызда бірнеше проблема бар:

1. Айтысты айтысушылар мен айтыстың маманы емес тұлғалардың арасында өткізу астарлы мәселені жоғалтып алады ма деген де ойым бар.

2. Асылында бір адамға шабытпен келіп шалқытса демеп алып кететін айтыскерлер бөгеліп қалмайды ма? Бірақ бұл да уақытша, нағыз айтысқа жол сілтеп аламан айтыс шоу айтыстың арқасында көрермендерін көбейте түседі деген үміттемін, дегенмен сылдыр сөзге көп мән беріліп кетуі де мүмкін.

3. Айтысты шоу қылып өткізетін жаңашылдық нағыз айтыстың дәмін кетіріп алмайды ма?

4. Көрерменді көбейту үшін, айтысты дамыту үшін не жасау қажет?

Шәкірттік ойымды саралап ортаға салып көрсем:

1. Айтысқа шоу айтыс емес, ескі қалпын жаңғырту керек. Ол үшін жұмбақ айтыстың рөлін арттырса жастарды, көрермендерді тарта түседі әрі логикаға жол ашылады;

2. Көрерменін көбейтіп, айтыскерлерді оның ішінде жас айтыскерлерді шыңдау үшін облысаралық айтыс жүргізілсе көкпар тәрізді тартысты болар еді;

3. Айтысты үзбей теледидардан көрсетіп отырса немесе «аламан айтыс» дегендей жаңа арналар көрсетілсе. Әнге берілген арналар тәрізді айтыс арналары да көбейе түссе жақсы болар еді. Әрі болашақ қазақы дәстүрді көріп өседі;

4. Айтыс формасы өзгертілмей айтыскерлер арасында кастинг жүргізілсе;


5. Айтыстың тағы бір тартысты өтуі үшін атакты, көпті көрген айтыскерлер өзіне үш немесе төрт шәкірттен тәрбиелеп солардың арасында жарыс өткізсе;

6. Айтысқа көреремен ретінде қарттармен қатар жастар көптеп кіргізілсе, алғашында айтыстың иісін білмейтін жас оған қызығып келесі айтысқа міндетті түрде жанына адам ертіп әкелері сөзсіз;

7. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, айтыс жанашырлары жиналып тың ойларын ортаға салып, айтысты дамыту мәселелері жөнінде конференциялар өткізіліп, баяндамалар қорғалса дамытпақшы ойдың қаймақтары іріктелер еді. Әрине, бұл қазіргіде қалған асыл сынық шешендігімізді дамытатын шығар деген өзіндік ойым. Үш жүз адамды үш адамдай ұйып тыңдату, бәріне ортақ тақырыпты білу саясатты білумен қатар келіп жатыр. Санадағы сансыз ойлардың сөлін қандыра жеткізу шешендік әрі шеберлік. Қазіргі заманның шертіле серпер шешендері көбейе берсін. Қазақтың айтысы, шешендігі дамыған жағдайда ұлттың тілі де дамып, ұлттық рухы да көтеріледі. Шешендік сырын, ағытып жырын, көбейе берсін ағалар, тасқынша ақсын даналар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сыздықова Р. Шешендік сөз // Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі. Алматы, 1987ж
2. Адамбаев Б. Шешендік сөздер Алматы, 1999ж
3. «Қазақ Энциклопедиясы»
4. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы — Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011ж
5. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005



Шешеннің тілі
Шебердің бізі.

Абай Құнанбайұлы

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А., Садыкова А.Е., Советканова Д.М.,	
Қдыралиева Ж.Б. «Мәңгілік ел»кұндылықтары – мәңгілік ел тұғыры!	6
Бөлеев Қ., Шамшиев А. Қазақ ағартушы-педагогтарының оқушыларға ұлттық тәрбие беру туралы ой-пікірлері	40
Сейсенбаева Ж.А., Бейсенбай С. Елбасы шығармаларындағы шешендік өнердің үлгілері	46
Сарыбекова Ж.Т., Мырзагельдиева М.А. Болашақ маманның рухани-адамгершілік болмысын дамытуда қазақ этнопедагогикасының рөлі	50
Есиркегенова Ж.Н. Үштілділікке көшуде кездесетін кедергілер мен одан шығу жолдары	54
Жаркымбекова М.Б Бастауыш мектеп оқушыларына адамгершілік тәрбие берудің ерекшелігі	58
Қамзаева М.С. Сотта айтылатын шешендік сөздер	62
Анапияева С.С. Қазіргі заманның шертіле серпер шешендері	67

Мақалаларды журналға басып шығарудағы талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесімен кез келген электронды таратушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифттің өлшемі № 12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5-беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті – 2 см, асты – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында үш тілде түйін беріледі. Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет. Мақала мазмұнына автор өзі жауап береді.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің кассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 1500 теңге.

Бір жылға жазылу бағасы 2404 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді.

Индекс 74310

Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді.

Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақсыз жарияланатын болады.

Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль – 12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее – 2 см, нижнее – 2 см, слева – 3 см, справа – 1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на трех языках. Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора. Автор сам отвечает за содержание статьи.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанному требованию, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 1500 тенге.

Подписная цена за год 2404 тенге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта».

Индекс 74310

*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ
ИИН KZ17856000000086696
БИН 031 240 004 969
РНН 600900529562
АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»
МФО 190501719, код 16
Свидетельство о постановке на учет по НДС:
Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.

Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 24 каб. Тел: 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13

Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды

Отпечатано в типографии издательство «Ұлағат»

КазНПУ имени Абая

Жауапты редактор/Ответственный редактор – Жанар Сейсенбаева

Беттеген/Верстка – Жанат Жанбаева

Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі 25 үй,

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ, каб. 24.

Тел/факс: 8(727) 291-88-83, 8775 22 00 196,

электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 26.05.2016 ж. Пішімі 60x84 ¹/₈.

Қағаз - сықтықкар. Басылым – офсет. Көлемі 9 б.т.

Таралымы 200. Тапсырыс №81